



**ҚСЗИ**

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Қазақстан стратегиялық  
зерттеулер институты

# Қоғам & Дәуір

[www.kaziss.kz](http://www.kaziss.kz)

3/2020

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Әлемдік ориенталистикадағы  
Алтын Орда тарихы: қысқаша сипаттама

Мұрат Лаумулин

«Табақат» әдебиетіндегі Әбу  
Насыр әл-Фараби бейнесі

Өмір Тұяқбаев

Ұлы Отан соғысы туралы  
тарихи жадыны сақтаудағы  
музейлердің рөлі

Дінмұхамед Абдраханов

Павлодар уездік Алаш  
қайраткерлерінің рухани-мәдени мұрасы

Күаныш Абдигалимов

Ерлер денсаулығы –  
Ұлт болашағы

Маулен Мугалов,  
Қарлығаш Нұрмұхамет

Ағылшын тілі мұғалімдерінің Қазақстандағы  
білім берудің жаңартылған мазмұны  
аясында критериалды бағалауды қабылдауы

Әйгерім Оразбекова

Орта азиядағы мемлекетаралық су  
ынтымақтастығы  
Мәселелері және оның шешімдері

Догдурбек Чонтоев

ISSN 2414-5696



9 772414 569169

Нұр-Сұлтан

# Қоғам & Дәуір



**ҚСЗИ**

Қазақстан Республикасының  
Президентінің ағалық  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап  
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор  
**Алуа Жолдыбалына,**  
ҚР Президенті жанындағы  
ҚСЗИ-дің бөлім басшысы

Шығаруға жауапты:  
А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:  
Қазақстан Республикасы,  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Бейбітшілік көшесі, 4  
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20  
Факс (7172) 75-20-21  
E-mail: office@kisi.kz  
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде 2003 ж.  
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы  
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды  
көшіріп басқан, микрофильмдеген  
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы  
міндетті. Жарияланған мақала  
авторларының пікірі редакция  
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«Надежда 2050» ЖШС баспасынан  
басылып шығарылды  
Көкшетау қ., Баймұқанов, 3.

Таралымы: 500 дана.

**Қоғам &  
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## МАЗМҰНЫ

<b>Мұрат Лаумулин</b> Әлемдік ориенталистикадағы Алтын Орда тарихы: қысқаша сипаттама .....	6
<b>Өмір Тұяқбаев</b> «Табақат» әдебиетіндегі Әбу Насыр әл-Фараби бейнесі .....	29
<b>Дінмұхамед Абдраханов</b> Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадыны сақтаудағы музейлердің рөлі .....	60
<b>Қуаныш Абдигалимов</b> Павлодар уездік Алаш қайраткерлерінің рухани-мәдени мұрасы .....	70
<b>Маулен Мугалов, Қарлығаш Нұрмұхамет</b> Ерлер денсаулығы – Ұлт болашағы .....	84
<b>Әйгерім Оразбекова</b> Ағылшын тілі мұғалімдерінің Қазақстандағы білім берудің жаңартылған мазмұны аясында критериялды бағалауды қабылдауы .....	94
<b>Догдурбек Чонтоев</b> Орта Азиядағы мемлекетаралық су ынтымақтастығы мәселелері және оның шешімдері .....	111

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Мурат Лаумулин</b> История Золотой Орды в мировой ориенталистике: краткий очерк .....	6
<b>Омир Туякбаев</b> Образ Абу Насира аль-Фараби в литературе «Табақат» .....	29
<b>Динмухамед Абдраханов</b> Роль музеев в сохранении памяти о Великой Отече- ственной войне .....	60
<b>Қуаныш Абдигалимов</b> Духовное-культурное наследие алашских деятелей Павлодарской области .....	70
<b>Маулен Мугалов, Карлығаш Нурмухамет</b> Здоровье мужчин - будущее нации .....	84
<b>Айгерим Уразбекова</b> Восприятие учителями английского языка критериаль- ного оценивания в рамках обновленного содержания образования в Казахстане .....	94
<b>Догдурбек Чонтоев</b> Проблемы межгосударственного водного сотрудничества в Центральной Азии и пути их решения .....	111

**Қоғам &  
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының  
Президентінің жанындағы  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

## CONTENTS

### **Murat Laumulin**

The History of the Golden Horde  
in Orientalism: A Brief Outline ..... 6

### **Omir Tuyakbayev**

The Image of Abu Nasir al-Farabi in the Literature  
«Ғабақат» ..... 29

### **Dinmukhamed Abdrakhanov**

The Role of Museums in Preserving the Memory  
of the Great Patriotic War ..... 60

### **Kuanysb Abdigalimov**

Spiritual And Cultural Heritage  
Of Alash Workers Of The Pavlodar Region ..... 70

### **Maulen Mugalov, Karlygash Nyrmuhamet**

Mer's Health is the Future of the Nation ..... 84

### **Aigerim Urazbekova**

English Language Teachers' Perceptions Towards Criteria-  
based Assessment in the Framework of the Updated  
Educational Programme in Kazakhstan ..... 94

### **Dogdurbek Chontayev**

Problems of Interstate Water Cooperation  
in Central Asia and Ways of Their Solution ..... 111

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – Редакциялық кеңестің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, Ph.D
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистрі
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Бүркітбай АЯҒАН** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Қазбек ИСАЕВ** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты
- Мейрам ҚАЗЫКЕН** – Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталықтың басшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы

---

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, помощник Президента Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, руководитель Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – редактор, ведущий научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – заместитель директора института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Мейрам КАЖЫКЕН** – директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

## THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, Aide to the President of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Chief Editor, Head of the Department of Social and Political Studies of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D
- Almas ARZIKULOV** – Editor, Leading research fellow of the Department of Social and Economic Research, KazISS under President of Kazakhstan, Master of History
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Burkitbai AYAGAN** – Deputy Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
- Kazbek ISSAYEV** – Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
- Meiram KAZHIKEN** – Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
- Botagoz RAKISHEVA** – Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

**Мұрат Лаумулин**

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

## **ӘЛЕМДІК ОРИЕНТАЛИСТИКАДАҒЫ АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫ: ҚЫСҚАША СИПАТТАМА \***

**Аңдатпа.** Мақалада Алтын Орданы, Орталық Азия мен Ішкі Еуразияны зерттеу контексіндегі шығыстану мектептерінің қалыптасуы мен дамуы мәселелері қарастырылады. Осы моңғолдық құрылымның тарихын зерттеудегі негізгі бағыттар зерделенген. Оларға номадизм ұғымы мен көшпенділік мәдениеті, түркітану, алтайтану және тіл білімі, Орданың ерте және ортағасырлық тарихындағы қыпшақтану сияқты бағыттары жатады. Қазақтардың тарихы мен этнографиясын, негізінен Батыстық шығыстану ғылымында зерттелуіне ерекше көңіл бөлінеді. Мақалада, сонымен қатар, Алтын Орда мен Орталық Азияны зерттеу контексіндегі шығыстану мен саясаттанудың сабақтастығы мен өзара байланысы көрсетілген.

**Түйін сөздер:** *Алтын Орда, қазақтар, Қазақстан, Орта Азия, шығыстану, түркітану, саясаттану, куманология, қыпшақтану, моңғолистика, моңғолтану*

---

## **Мурат Лаумулин ИСТОРИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В МИРОВОЙ ОРИЕНТАЛИСТИКЕ: КРАТКИЙ ОЧЕРК**

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы становления и развития востоковедных школ в контексте изучения Золотой Орды, Центральной Азии и Внутренней Евразии. Изучаются основные направления в исследовании истории этого монгольского

---

\* Мақаланың жалғасы, бірінші бөлігі «Қоғам және Дәуір» журналының 2020 жылдың 2 нөмірінде жарияланған.

образования. К ним относятся такие направления, как концепции номадизма и культурологии кочевничества, тюркология, алтаистика и языкознание, кипчаковедение о ранней и средневековой истории Орды. Особое внимание уделяется изучению истории и этнографии казахов, преимущественно в западном востоковедении. Статья показывает помимо прочего, преемственность и взаимосвязь востоковедения и политологии в контексте изучения Золотой Орды и Центральной Азии.

**Ключевые слова:** *Золотая Орда, казахи, Казахстан, Центральная Азия, востоковедение, тюркология, политология, куманология, кипчаковедение, монголистика, монголоведение.*

---

**Murat Laumulin**

**THE HISTORY OF THE GOLDEN HORDE IN ORIENTALISM:  
A BRIEF OUTLINE**

**Abstract.** This article considers the formation and development of schools of Oriental studies in the context of examination of the Golden Horde, Central Asia and Inner Eurasia. The key areas in the study of the history of this Mongol formation are being explored. They include the nomadism concept, nomadic life culture, Turcology, Altaic studies and linguistics, as well as Kipchak studies related to early and medieval history of the Golden Horde. Particular emphasis is placed on the history and ethnography of Kazakh people, specifically within Oriental studies in the West. Furthermore, this article demonstrates continuity and correlation between Oriental studies and political science in the context of examination of the Golden Horde and Central Asia.

**Key words:** *Golden Horde, Mongol studies, Kazakhs, Kazakhstan, Central Asia, Oriental Studies, Turcology, Political Studies.*

---

Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойы – бұл қызу пікірталастар тудырған оқиға болды. Алтын Ордаға жаңа көзқарасты жақтаушылар бүгінде бұқаралық ақпарат құралдар мен ғылыми басылымдарда өз пікірлерін белсенді түрде танытып отыр. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Алтын Орда сол дәуірдегі ең дамыған өркениет болған. Орыс князьдіктеріне келетін болсақ, олар бір-бірін жойып отырған, ал Алтын Орда болса оларға өзара қақтығысты тоқтатуға және ақырында бірігуге көмектесті. Басқалардың пікірінше, Орта



---

ғасырлар тарихында Алтын Орданың өмір сүруінің нәтижесі – Еуразия масштабындағы алғашқы жаһандану.

### **Алтын Орданың классикалық тарихнамасы**

Бұған дейін аталып өткендей, әлемдік ғылымда «дала империялары» мәселесін жоғары академиялық деңгейде көрнекті француз зерттеушісі Рене Груссе көтерген болатын. Ғалымның «дамыған тарихи өркениеттер аймағына ұлы варварлық кенеттен басып кірді және бірнеше айдың ішінде Рим, Иран немесе Қытай әлемін қираған үйіндіге айналдырды» деген ұстанымы болды [1].

Груссенің пайымдауынша, даланың ішкі тарихы түркі-моңғолдардың ордалары арасындағы қолайлы жайылымдар үшін қақтығыстан, сондай-ақ табындардың қажеттілігіне қатысты жайылымнан жайылымға шексіз қоныс аударудан тұрды. Адамзат тарихындағы ең басты фактор – бұл көшпелілердің оңтүстіктің өркениетті империяларына жасаған қысымдары, бұл империяларды басып алынғанға дейін үнемі қайталанып тұратын қысым болатын. Көшпелілердің шығу тегі туған далаларында қалыптасқан жағдайларға байланысты болды.

Осылайша, Р.Груссе көшпелі империялар құбылысын ашуда табиғи-климаттық факторды бірінші орынға қойды. Алайда, оның еңбегін мұқият оқып шығу барысында оның жетілдірілмеген тәсіл болатындығын байқаймыз [2].

Моңғолдардың өз түпкілікті ордасы Моңғолиядан тыс жерлердегі алғашқы жаулап алулары, Оңтүстік және Батыс Сібір, Қазақстан және Шығыс Түркістандағы түркі халықтарын мәжбүрлі түрде өзіне қосуы «киіз туырлықты халықтарды» біріктіру ұранымен, яғни Орталық Азиядағы барлық көшпенділердің қияли бірлігін насихаттаумен сипатталды. Алтын Орда мен Шағатай ұлысында түріктер маңызды рөл атқарды, өткені моңғолдар саны аз болатын, олардың таңдаған қоныстары да шектеулі болды. Шыңғыс ханның кең империясының батыс шетіндегі моңғолдар Алтын Орда мен Шағатай ұлыстарының құрамына кіріп, жергілікті түркі көшпелі халқы – негізінен қыпшақтармен араласып, олардың әдет-ғұрпы мен тілін қабылдады.

Бұл жерде моңғолдар өздерінің дәстүрлері, тілі, салт-дәстүрлері сақталатын халықтың ықшам тобын қалыптастырған жоқ. Шығыс Еуропаның, Қазақстан мен Орта Азияның кең байтақ жерлерінде таралған Шыңғыс ұрпақтарынан шыққан билеушілер және олардың моңғол ақсүйектерінен құралған тобы тез арада өздерінің этникалық

ерекшеліктерін жоғалтты, бұл туралы XIV ғасырдағы араб авторы әл-Омари жазбасынан білеміз. Қанша түріктеніп кетсе де, ең жоғары ақсүйектер, ханның үйі, патшалық құрушы отбасы мүшелері, ірі көшпелі феодалдар өздерінің моңғолдық шығу тегі туралы ұмытпады және мақтан тұтты. Олар Алтын Орда мен Шағатай ұлыстарының аз ғана пайызын құрады.

Моңғол жаулап алулар тарихының тұжырымдамалық дамуын ағылшын ғалымы Ю. Филипп өзінің «Патша ордалары: даланың көшпелі халықтары» кітабында, әсіресе «Моңғолдар» монографиясында ұсынды. Филлипс моңғол империясының тарихын төрт кезеңге бөлді, олардың әрқайсысына өз кітабының бір бөлімін арнаған. Бірінші бөлімде автор XII ғасырдың басындағы моңғолдар мен моңғол қоғамын даланың көшпелі дәстүрінің өкілдері ретінде қарастырады. Кітаптың екінші бөлімі Шыңғыс ханның жаулап алулар тарихына, оның өмір жолына және біртұтас моңғол мемлекетінің құрылуына арналған.

Үшінші бөлімде Филлипс Шыңғыс ханның ең жақын мұрагерлері – Үгедей, Күйік және Мөңке кезеңіндегі моңғол мемлекетіндегі жағдайды қарастырады. Соңғы бөлігі Моңғол империясының мұрагер мемлекеттерінің – Қытайлық Юань, Илхандар қарамағындағы Иранның, Шағатайлар мен Алтын Орданың қол астындағы Орта Азияның дамуына арналған.

Абу Саидтың (1316-1335 жж.) тұсында ильхандар мемлекеті ішкі тартыстарға толы болды. Мұны Алтын Орданың ханы Жәнібек (1342-1357) пайдаланып, өз билігін Кавказдың оңтүстігіне дейін кеңейтті. 1357 жылы ол Тебризді басып алды, бірақ, көп ұзамай қайтыс болды, оған Орта және Таяу Шығыста таралып, енді Еуропаға қарай ойысқан оба себеп болуы мүмкін. Б.Брентъес пен Л.Альбаум Моңғол империясының өмір сүруін тоқтатуының ресми мерзімі ретінде 1368 жылды, яғни Қытайдағы моңғолдардың билігінің құлап, орнына Мин әулетінің келуін қарастыруды ұсынады [3].

XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда Шығыс Еуропадағы өз үстемдігінен айрылды. Мәскеудің күшеюіне қарсы тұру үшін Алтын Орда Литвамен одақ құруға мәжбүр болды, алайда Ұлы князь Дмитрий Донской 1380 жылы 8 қыркүйекте Куликово алаңындағы Мамай әскерін талқандап, Ягайломен күш біріктіруге кедергі жасады. Алтын Орда біраз уақыт Тоқтамыс ханның кезінде өз билігін қалпына келтіре алды, бірақ бұдан кейінгі жеңіліс одан бетер қорқынышты болды [4]. Бұл автор Тоқтамыс Алтын Орданың

---

ұлы билеушісі бола алатын еді деп санайды; оның саяси көкжиегі Балтық теңізінен Мысыр мен Иранға дейін созылды. Ол Польша және Литвамен достық қарым-қатынас орнатты, Мысырдағы мамлюк билігімен одақ құруға және Темірдің қол астына өткен Түркістан (Самарқанд) және Ираннан Ордаға төнетін стратегиялық қауіпті жоюға ұмтылды. Бұл бағыттағы алғашқы қадам – Сырдарияның төменгі ағасындағы Ақ Орданы бағындыру болды.

1382 жылы ол Мәскеуге билігін қайта орнатты. Алайда, оның стратегиялық қателігі – Кавказ үшін жанжалға түскен Темірланды (Ақсақ Темірді) қолдауы болды. 1395 жылы Тоқтамыс жеңіліп, Орда билігінен айрылды, оның орнына билікке өзінің қамқоршысы Ақсақ Темір сияқты шыңғыс ұрпағы емес Едіге келді. Бұрынғы моңғол державасының батыс ұлысының осы нақты билеушісінің 1419 жылы қайтыс болуымен Алтын Орданың құлдырауы басталды. Бату хан құрған мемлекеттің қирандыларынан Қырым, Қазан және Астрахан хандықтары пайда болды. Менги-Гирейдің тұсында Қырым генуялықтардың ықпалынан құтылып, 1502 жылы Алтын Орданың бұрынғы астанасы Сарайды өзіне қосып алды.

Бұл сәт Алтын Орда тарихының ресми аяқталуы болды, бұған дейін одан Қазан хандығы бөлініп кеткен еді, ал 1438 жылы Ұлы Орда құрылды. Қырым билеушілері өздерін Алтын Орданың заңды мұрагерлері және Ресейге қатысты оның құқық иелері деп санады. Қырым хандығының тарихи рөлін бағалай отырып, Синор ол екі ғасырдан астам уақыт бойы Шығыс Еуропадағы халықаралық қатынастарда ерекше рөл атқарды деген қорытындыға келді. Қырым атты әскерін Түркия мен Польша, Ресейге, Швецияға, Германия мемлекеттеріне және Венгрияға қарсы кеңінен және тиімді қолданды. Сонымен қатар Қырым хандары тек сарбаздардың билеушілері ғана емес, сонымен бірге ғылым мен өнердің қолдаушысы да болды.

Қазан хандығы XV ғасырдың ортасында Алтын Орданың ішіндегі өзара қақтығыстар нәтижесінде пайда болды. Қазанның институционализациясының ресми мерзімі ретінде 1445 жылды санауға болады. Синордың пікірінше, Алтын Орданың мұрагерлері болған бұл мемлекеттердің өмір сүру мүмкіндігі аз болатын. Астраханның соңғы билеушісі Дервиш Али шын мәнінде номиналды билеуші, «орыс патшасының қолындағы қуыршақ» болатын.

Моңғол дәуірі белгілі ғалым, натуралист, Йель университетінің профессоры Г.Вернадскийдің еуразиялық теориясының іргетасы болды. Бұл тұжырымдаманы өзінің «Ресей тарихы» атты еңбегіндегі татар-моңғол кезеңіне (XIII-XV) арналған томында

тұжырымдаған. Революцияға дейінгі орыс, кеңестік және батыс дереккөздері мен әдебиетін керемет біле отырып жазылған бұл іргелі еңбекте автор моңғол немесе моңғол-түрік билігінің орыс мемлекетінің қалыптасуына әсерін айрықша түсіндіреді. Вернадский тұжырымдамасының мәні моңғолдардың еуразиялық тарихи қоғамдастық құрудағы басымдығын мойындауында жатыр. Автор моңғолдардың мемлекеттілікке, экономикаға, әлеуметтік қатынастарға және жаулап алынған орыс княздіктерінің мәдениетіне әсер етуінің негізгі аспектілерін тұжырымдады.

Г.Вернадский моңғол шапқыншылығы дәуірінде Киев кезеңінде өркендеген Шығыс Ресейдің қалалық демократиялық институттарының талқандалғанын айтады. Моңғолдар мен князьдердің қалалардағы саяси институт – вечеге қарсы ынтымақтастығы, Вернадскийдің пікірінше, Ресейде мемлекеттіліктің Ордалық түріне сәйкес келетін жаңа, анағұрлым авторитарлық және деспоттық басқару үлгісінің құрылуына әкелді. Алайда, Орда, кез-келген князьдіктің нығаюына мүлдем қарсы тұрды, тек ерекше жағдайлар Тоқтамысты, содан кейін оның ізбасарларын Мәскеу княздігінің территориялық жағынан ұлғаюына келісуге мәжбүр етті деп санайды.

Автордың пікірінше, орыс мемлекеттілігін нығайтудың тағы бір маңызды қадамы бір билеуші әулет қағидасына сәйкес моңғолдардың орыс князьдарының әулеттік құқықтарын мойындауы (Рурикович Гедиминович және т.б.). Ол ханның марапатымен (жарлығымен) бекітілді, және орыстардың моңғол жоғарғы билігін мойындауына жеңілдетті. Сонымен қатар, хандар орыс княздігіне қатысты жоғарғы сот билігіне ие болды; ханның жарлығымен орыс православие шіркеуінің құқықтары мен артықшылықтарына қол сұғушылықтан қорғалды. Орда мен Ресейдің саяси өмірінің осы элементтерінің бәрі біртіндеп Вернадскийдің «еуразиялық қауымдастық» деп атайтын іргетасқа айналды. Орданың әлсіреуінен кейін орыс жерлерінің автономиялық дамуы заңды болатын, бірақ орыс князьдері моңғолдардың басқару жүйесін өзіне ыңғайлы деп санады және оны өзгеріссіз қалдырды. Моңғол принциптеріне сүйене отырып, XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басында салық салу және армияны ұйымдастырудың ұлыкнязьдық жүйесі қалыптасты [5].

Ю.Филлипс өзінің кітабында Алтын Ордаға арнайы тарау арнайды. Бату, әкесі Жошының орнына қыпшақ ханы атанып, Арал теңізінен бастап Шығыс Еуропаға дейін созылып жатқан көптеген иеліктерге билеуші болды. Ол қайтыс болу кезеңінде барлық

---

әскери жорықтардың нәтижесіндегі батыс шекара Дунай сағасынан солтүстікке қарай Карпатия арқылы Холмға (Польшадағы қазіргі Хельм) және Люблинге, содан кейін солтүстік-шығысқа қарай Финляндия шығанағы мен Ладога көлі арқылы өтетін. Обь өзенінің жоғарғы сағасын қосып алғанға дейін ормандар жиегімен өтетін шекара белгіленбеген еді. Шығыс шекара Обь өзенінен оңтүстікке қарай Ертіс арқылы Амудария мен Сырдарияның төменгі ағысына дейін созылды. Оңтүстік шекара Амудариядан батысқа қарай Каспий теңізінің Қара-Богаз-Гол шығанағына, ал Каспий теңізінің батыс жағалауынан Теректен оңтүстікке, содан кейін солтүстігіне қарай Қара теңізге дейін созылды.

Екі көрнекті кеңес тарихшылары – академиктер Б.Д. Греков (1882-1953) және А.Ю. Якубовскийдің «Алтын Орда және оның құлауы» (1950) атты кітабы классикалық еңбек болып саналады. Кітап алғаш рет 1950 жылы басылып шыққан және сол кездегі идеологиялық көзқарастар тұрғысынан жазылғанына қарамастан, бұл жұмыстың көптеген тараулары осы күнге дейін өзекті болып қала береді [6]. Зерттеушілер Дешті-Қыпшақ пен онымен көрші бірқатар аймақтарға жасаған моңғол жорықтарының нәтижесінде шығыс дереккөздерінде Жошы ұлысы немесе Көк Орда деп аталатын үлкен мемлекет құрылды деген қорытындыға келді. Орыс шежірелерінде бұл мемлекет Алтын Орда деп аталады, дегенмен бұл атаудың қалай және неге пайда болғандығы әлі белгісіз.

Мұсылман дереккөздерінде (араб, парсы, түркі тілдерінде) үш термин бар – «Жошы ұлысы», «Көк-Орда» және «Ақ Орда» – әрқайсысы Алтын Ордаға сәйкес келеді немесе оның құрамына кіреді немесе одан үлкен. Жошы ұлысының нақты шекарасын, әсіресе Ұлыс территориясының ауқымды бөлігін алып жатқан далалық аймақтар бөлігінде анықтау өте қиын. Алтын Орданың құрамына солтүстік-шығыста Булғарияның бөлігі болды, солтүстігінде орыс князьдіктері, оңтүстігінде Қырымның жағалауындағы қалалар, екінші жағында – Кавказдан Дербендке дейінгі, кейде Баку да кірді, Ургенч қаласымен бірге солтүстік Хорезм, батысында – Днестр даласы және әрі қарай, ал шығыста – Батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі жерлер кірді.

Жаңа моңғол мемлекетінің негізін қалаушы Батудан бастап Алтын Орда барлық хандары жаулап алушы және жаңа мемлекеттің ұйымдастырушысы ретінде өздерін экономикалық жағынан Еуропаның оңтүстік-шығысы ретінде сезінді. Бату моңғолдардың (татарлардың) барлық негізгі әскери жорықтарына қатысып, өз

қосындарын негізгі әскерге қосып отырды, әрине, және ол олжадан өз үлесін алуға үміттенді. Бату хан жаулап алған жерлердің барлығында бұрынғы сауда өмірін қалпына келтіру үшін көп жұмыс жасады. Осының бәрінде Бату шеберлік пен парасаттылық көрсетті. Батудың тұсында Алтын Орда мен моңғол империясының орталығымен байланыс жоғарғы деңгейде болды.

Шыңғыс ханның әскерлерін ұйымдастырудың үлгісіне сүйене отырып, Алтын Орда хандарының жеке әскері де негізінен феодалдық ақсүйектер тобынан (негізінен жастар) құрылып, кешік деп аталды. Дешті-Қыпшақтың феодалдық тәуелді көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарынан тұратын әскердегі басшылық орындарды қолдарында ұстаған Жошы ұлысының феодалдары іс жүзінде өздерін мемлекеттің қожайыны сияқты сезінді, ханның саясаты мүдделеріне сәйкес келмеген жағдайда оған өз талаптарын қоя алды. Осындай әскери күшке байланысты олар бүкіл Алтын Орда мемлекетіне әскери-феодалдық сипат беруі заңды еді. Бұл Алтын Орданың көршілеріне, тіпті кейбір өз нояндары мен әмірлеріне қарсы үздіксіз әскери шаралар жүргізуі, мысалы XIII ғасырдың екінші жартысындағы Алтын Орда хандарының атақты түменбасы Ноғайға қарсы күресі сияқты жағдайларда өте қолайлы еді.

Алтын Ордада хан билігі шаруалармен бірге көптеген жер телімдері таратылды, ал кейбір жағдайларда сыйлық жарлықтар тархан жарлықтарымен бірге жүрді, яғни бұл жердің халқын мемлекет пайдасына түсетін барлық немесе көп міндеттерден босатылды, сол арқылы феодал пайдасына тікелей өндірушінің артық өнімінің көп бөлігі қалдырылды. Алтын Орданың әскери жағынан күшейген кезеңі Өзбек ханның тұсында болды (1312-1342). Оның беделі Орданың ауқымды территориясының барлық аумағында бірдей болды. Алғашқы құлдырау белгілері Жәнібек ханның (1342-1357) кезінде пайда болды. Ақ Орда, яғни әскери тұрғыдан Жошы ұлысының әскерлерінің сол қанаты орыс деректерінде Көк Орда деп аталады. Ақ Орданың шекараларын нақты белгілеу қиын. Дешті Қыпшақта, оның ішінде Ақ Орда даласында, көшпелі халықтың көп бөлігі қыпшақ тайпалары болды. Моңғолдар қыпшақтардың этникалық құрамына түбегейлі өзгерістер енгізген жоқ, керісінше моңғолдардың өздері түркіленді; оған моңғолдың екі үлкен тайпалары қоңыраттар мен маңғыттардың түркіленуі, кейін ноғай деп аталуы мысал болады. Алтын Орданың құлауын ғалымдар Тимур жорықтарымен байланыстырады.

«Исламның кембридждік тарихының» 1-ші томы халықаралық

---

авторлар ұжымының, соның ішінде Б.Шпулер, А.Н.Курат, А.Беннигсен, С.Лемерсье-Келкежей, С.Ламбтон, Б.Льюис және басқалардың күшімен құрылды. Орта Азияның тарихымен байланысты бөлімдердің құрылымын ұсынған неміс шығыстанушысы Б.Шпулер Алтын Орда мен Орта Азияның ислам өркениеттерін өзіндік құнды құбылыс, ал көшпелілерді аймақ тарихындағы тұрақсыздандырушы элемент ретінде қарастырды. Исламның түркі әлеміндегі өркениетті рөлі туралы бұл тұжырымдама оның әріптестері тарапынан үлкен қолдауға ие болды [7].

«Остфоршер» ретінде танымал Бертольд Шпулер (яғни, КСРО мен социалистік елдерді зерттеудің ғылыми-зерттеу бағдарламасына қатысушы), XX ғасырдағы неміс шығыстануындағы ірі тұлғалардың бірі болып қала береді. 1939 жылы Шпулер моңғолтану бойынша «Ирандағы моңғолдар» монографиясын жариялады, еңбекте Ирандағы Илхандардың бір жарым ғасырлық тарихы көрсетілді. Бірақ біз үшін, ең алдымен, Б.Шпулердің басқа бір көрнекті еңбегі – «Алтын Орда: Ресейдегі моңғолдар 1223-1502 жж.» маңызды [8].

Шпулер шын мәнінде «татар-моңғол езгісі» деген аңызды зерттеудің нақты ғылыми тұжырымдамасын жасады. Шпулер Ресейдің XIII-XV ғасырлардағы тарихын көшпелілер мен олардың басты қарсыластары – Шығыс Еуропаның отырықшы тұрғындарының саяси, экономикалық, мәдени және генетикалық синтезіне негізделген Алтын Орда тарихының ажырамас бөлігі ретінде қарастырды. Кейіннен Шпулердің көшпелі және отырықшы қоғамдардың симбиозы туралы идеялары оның моңғол дәуіріне де, орта ғасырлардағы Орталық Азия тарихына арналған көптеген еңбектерінде де қолданылды. «Алтын Орда» туралы алғашқы және кейінгі басылымдарының негізгі артықшылықтарының бірі – алтынордалық хандардың егжей-тегжейлі шежіресі. Шпулердің моңғолтануға арналған басқа маңызды еңбектерінің қатарына «Тарихтағы моңғолдар» (1961 ж.), «XIII-XIV ғғ. шығыс және еуропа деректердегі моңғолдар тарихы» (1968 ж.) кітаптары мен 1975 жылы XIV Халықаралық тарихшылар конгресінде жасаған «Отырықшы қоғамдағы моңғол номадизмі: Алтын Орда» атты баяндамасын жатқызуға болады.

Ағылшын медиевист ғалымы Чарльз И. Гальпериннің «Ресей және Алтын Орда: моңғолдардың ортағасырлық орыс тарихына қосқан үлесі» (1987) кітабы ортағасырлық тарих мамандары арасында да, өткен заман туралы әдебиеттерді оқуды ұнататын оқырмандар арасында да әр түрлі пікірлер тудырды. Біріншіден,

қызығушылық Еуразия кеңістігінде моңғолдық мемлекет үлгісінің үш жүз жылдық үстемдігі туралы ескі идеяларды жоққа шығаруға бағытталған төтенше көзқараспен байланысты болды. Автор бастапқы параметрлер мен империялық жаулап алу себептері бойынша әлемді қайта құрудың ең ұзақ кезеңдерінің бірін, сондай-ақ одан әрі даму тұрғысынан олардың салдары туралы түсініктен бас тартты. «Патриоттық сынның азаптарынан» тәуелсіз зерттеуші ретінде Гальперин бірқатар ежелгі орыс әдебиетінің дереккөздерін, Алтын Орда дәуіріндегі шығыстанушылар шығармаларының моңғол державасының нығаюуы мен оның провинцияларының әлеуметтік-саяси эволюциясы арасындағы байланыс тұрғысынан салыстыра талдап, «көшпелі варварларға» қатысты расисттік тұжырымдамаға қарсы шығады. Компаративтік сәйкестендіру әдісін және лингвистикалық талдауды қолдана отырып, Гальперин ортағасырлық шежірешілер қолданатын «үндемей қалу идеологиясының» функционалды мүмкіндіктері туралы толыққанды көрініс береді.

Гальперин моңғол билігінің «орыс теориясын» былайша тұжырымдайды. Ол моңғолдардың жаулап алуы және одан кейінгі қуғын-сүргін жылдары Ресейдегі христиандық авторлар мен зиялы қауым үшін өте маңызды мәселе тудырды деп жазады. Ресейдің жек көретін діни дұшпандарымен мемлекет аралық және жиі іскерлік қатынастарының қалыптан тыс болуы бұған дейін де, көптеген ғасырлар бойы далалық әріптестерімен сауда жасап, неке және одақ құрып келген шығыс славяндарға айтарлықтай қиындықтар тудырып отырды. Орыс шежірешілері ұзақ уақыт бойы үндемей қалу идеологиясын қолдана отырып, жағдайға қатысты қауіпті тұжырымдарды айналып өтуді үйренді, христиан және мұсылман ғалымдары ортағасырлық этно-діни шекаралардың периметрі бойынша осындай шаралар жасаған. Моңғол жаулап алуы нәтижесінде орыстар өз мәдениеттерінің діни және интеллектуалды негіздеріне жаңа және одан да үлкен қауіп-қатерге тап болды: олар, жеңілмейтін құдайдың қолдаушылары мен өкілдері тез арада және қиындықсыз пұтқа табынатын орда бағынышты болды, олардың күші өте зор болып көрінді. Бұл екінші зияткерлік мәселені ресейліктер тарапынан шешу бірінші мәселені шешудегі тәсілдерден туындайды [9].

Алтын Орданың құрамындағы Ресейдің екіталай мәртебесі, моңғол әскерлерінің тұрақты орналасу режимінің болмауы, сонымен қатар Киев кезеңінен бастап дала көшпенділерімен қарым-қатынас мұрасы, мұның бәрі орыстарға терең ойланудан және Ресей мен



---

моңғолдар арасындағы қарым-қатынастардың кеңінен сипатталуына жол бермеуге мүмкіндік жасады. Бұған екі жайт ықпал етті: Руське оның шекарасынан тыс жерден билік жүргізу, сонымен қатар Киевтің идеологиялық дәстүрі [10]. Ағылшын ғалымы Дж.Э.Бойль (Кембридж) Алтын Орданың негізін қалаушы Бату ханның атағын зерттеді [11]. Ол Батудың кең тараған «Сайын хан» эпитеті «жақсы» немесе «ақылды» дегенді білдірмейді, жай «қайтыс болған» дегенді ұқтырады деген тұжырымға келді.

Алтын Орда мұрагерлерінің қатарына Астрахан хандығын қосуға болады. Астраханьдағы мемлекет тарихын арнайы зерттеуші ретінде алғашқы болып Х.Ховорс (Хоуорт) бет бұрды. «Алтын Орданың бөлшектерінің ішінде Астрахан хандығында оның ежелгі күшінің заңды мұрагері деп санауға толық негіз болды. Шындығында бұл аумағы едәуір қысқарған, қазіргі (Ховорс заманы) Астрахан және Кавказ губернаторларымен шектелген Алтын Орда еді, бірақ ол сол бұрынғы әулеттің князьдері қолында болды және әрине, Каспий сауда-сын бақылайтын. Кіші (Кучук) Мұхаммедтің өлімінен кейін оның екі ұлы Махмұд хан мен Ахмед Хан қандай-да бір жолмен Орданы екіге бөлді, ал Еділдің төменгі ағысы Махмұд ханның иелігіне кірді» [12]. Астрахан хандығына қатысты барлық кейінгі (және ғылыми емес) әдебиеттер іс жүзінде британдық шығыстанушының осы ұстанымын дамыту (немесе қайталау) болды.

Қазан, Астрахан және Қырым хандықтарымен бірге Алтын Орданың мұрагерлерінің бірі – Ноғай Ордасы болды. Кенестік / орыс зерттеушісі В.Трепавлов пікірінше [13, 762], Еуразияның кейбір халықтарының тарихында ноғайлық деп аталатын кезең болған. Еуразиядағы түркі халықтарында (ноғайлар, татарлар, башқұрттар, қазақтар, қарақалпақтар т.б.) Едіге және оның ұрпақтары туралы баяндайтын ноғай циклы деп аталатын батырлық эпос бар. Манғыт билерінің түпатасы Едіге қазақтар мен қарақалпақтар үшін қасиетті адам болған, оны жылқы малының пірі ретінде құрметтеген.

Ұзақ жылдар бойы көшпелі халықтарды зерттеген еуропалық және американдық ғалымдар Ноғай Ордасына назар аудармады. Орда туралы мәліметтер, әдетте, компилятивті жұмыстарда, батыс тілдеріне аударылған кітаптар, мақалалар және дереккөздер аудармалары ретінде жарияланды. Бұл жинақтардың ішіндегі ең ірісі – алғаш рет 1876-1927 жылдары жарық көрген Х. Ховорстың «Моңғолдардың тарихы» атты еңбегі болды [12]. Шығыс тілдерін білмейтін автор тиісті бөлімде Н.М.Карамзиннен, Й.Хаммер-Пургшталдан, басқа тарихшылардан, еуропалық аудармалар және

мұсылман жазбаларынан алынған барлық мәліметтерді жинақтап, өзі мүлдем білмейтін ноғайлар тарихын жазып шыққан. Алайда Х. Ховорстың кітабы ұзақ уақыт бойы еуропалық оқырмандар үшін Дешті Қыпшақ тарихы туралы негізгі оқу құралдарының бірі болды.

Сонымен бірге осы кезеңде Батыста біздің тақырыбымызға қатысты шығыс дереккөздерінің аудармалары мен жарияланымдары бойынша жұмыс жүргізілді. Поляк тарихшыларының Қырымның жазба ескерткіштері бойынша жұмысын атап өтеміз [14]. XV-XVI ғасырлардағы түркі ордаларын зерттеу үшін А.Беннигсен, оның шәкірттері мен әріптестері түрік мұрағаттарында көптеген жылдар бойы ізденістер жасады. Олардың бірқатар жарияланымдары сұлтанның кеңсесінің құжаттарына қолжетімдігі жоқ немесе түрік тілін білмейтін зерттеушілерге көмектесті.

Түрік тарихнамасына келетін болсақ, ол Шығыс Еуропаның оңтүстігінде, Солтүстік Қара теңіз аймағындағы Осман империясының саясатымен байланысты бірқатар еңбектермен белгілі. Ғалымдардың бірнеше ұрпақтарының күш-жігерінің арқасында Ноғай Ордасының тарихын талдауға және зерттеуге қажет үлкен материалдар жинақталды. Сонымен қатар, тек кейбір монографиялық жұмыстарда ғана ноғайлар зерттеудің негізгі объектісі ретінде қарастырылады. Көптеген авторлар үшін олар негізгі тақырып – Ресейдің, Қазанның немесе Қырым хандығының, Түркияның тарихымен байланысты ұлыс ретінде зерттелген.

### **Заманауи моңғолтанудағы Алтын Орданың тарихы**

Соңғы кездерде Орталық Еуразияның ортағасырлық тарихына деген қызығушылық артты, атап айтқанда – моңғол империясы мен оның мұрагерлерінің пайда болуы, территориялық кеңеюі және құлдырауына қатысты ізденістер көбейді. Қазіргі таңдағы моңғолтану ғылымы жана дереккөздермен түбегейлі қайта қарастырылып, кеңейтіліп, жаңартылған классикалық шығармалардың қайта басылуымен, зерттеу әдістемелерінің және ғылыми құралдардың кеңейтумен сипатталады. Моңғолистика мен түркологияның дамуына бұрын бізбен бірге бірыңғай кеңестік ғылыми мектепке құрамында болған ресейлік ғалымдар айтарлықтай үлес қосты.

Дүниежүзілік шығыстану ғылымының моңғол дәуіріне тарихи және географиялық құбылыс ретінде соңғы уақыттағы қызығушылығына да назар аудару қажет. Қазіргі моңғолтану ғылымының негіздері, әрине, XX ғасырда қаланды; қазіргі заманғы ғылым бұл құбылысты әр түрлі тұрғыдан зерттеуге тырысады.

---

Мұның бәрі моңғол жаулап алуларының, Моңғол империясының және оның мұрагерлері – Алтын Орданың, Илхандық Иранның, Тимур империясының, Юаньдық Қытайдың және басқа да эпигон құрылымдардың Еуразия құрлығының және оны мекендеген халықтардың тарихына бірнеше ғасырлар бойғы әсері тұрғысынан түсіндіріледі.

Кез келген тарихи зерттеудің негізі – деректану. Моңғол дәуірін түсіну үшін мұндай маңызды дереккөз ретінде жақсы зерттелген, бірақ жазылу тарихы белгісіз апокрифтік аңыз «Моңғолдардың құпия тарихын» қарастырамыз. 2005 жылы Батыста ол моңғол ғалымы О.Ургунгтің зерттеушілік пікірлерімен жарияланды. Аңыз орыс тілінде 2018 жылы қайта басылды. Басылым мәтіннің қазіргі заманғы аудармасына (В.Минорский және Г.Вернадский) негізделген, заңдардың (Ясадан алынған) үзінділерімен және Шыңғыс ханның мәлімдемелерімен (биліктермен) толықтырылған. Қосымшада түркі (Абул-Әбілғазы), парсы (Рашид ад-Дин), қытай және еуропалық дерекнамалардан (Дж. Карпини мен Г.де Рубрук) алынған үзінділер бар. Қазіргі уақытта бұл моңғол тақырыбына қызығушылық танытқандардың барлығына ұсынылатын әйгілі дереккөздің орыс тіліндегі ең толық және түбегейлі дайындалған басылымы [15].

КСРО ыдырағаннан кейінгі отыз жылдан соң бұрынғы біртұтас кеңестік ғылым және оның идеологиясы да өзгеріске ұшырап, әр түрлі посткеңестік республикалардағы тарихи мектептердің жолдары да әр түрлі бағытта дамып келеді. Ұлтшылдық идеологияның бөлігі ретінде, әрине, марксизмнің орнын алады, олардың орнында ұлттық мемлекеттердің пайда болуына жұмыс істейді. Бұл жағдайда орыс және қазақ тарихнамасы да осы жолмен дамуы заңды құбылыс.

Осыған байланысты еуразиялық идеяның тағдыры қызығушылық тудырады. Егер бұл қазіргі Ресейде Еуразия бірлігі туралы тұжырымдамын құрудың іргетасы қызметін атқарып, оған негіз ретінде Ресей империясы (ол өзінің қиын тарихында этникалық және діни толеранттылықтың үлгісі болған-мыс) және, тіпті жалған және қасақана болса да идеологияның негізі интернационализм болған КСРО-ны алынса, Қазақстанда еуразияшылдық Ұлы дала ұғымына, түркі (түркі-моңғол) әлемінің біртұтастығына және көшпелі еуразиялық өркениеттің әлемдік тарихқа қосқан үлесіне жүгінеді.

Әрине, мұндай үрдістерге сәйкес моңғолтану саласы (оның құрамдас бөліктері мен эпигон мұрагерлерінің тарихын қоса алғанда)

назардан тыс қалмады. Алайда, Ресейде, Қазақстанда және бұрынғы КСРО-ның бірқатар басқа республикаларында әлі де кеңестік дәуірде қалыптасқан және сол кездегі дүниетаныммен, ұстанымдары және тәжірибесі негізіндегі парадигмада жұмыс істеуді жалғастыратын ардагер ғалымдар тобы сақталып қалды. Осындай тарихшылардың қатарына, сөз жоқ, Вадим Винцерович Трепавловты – қыпшақтар (половцы), моңғолдар, түркі және басқа да көшпелі халықтардың тарихы туралы, сондай-ақ Еуразияның ұлы дала империяларының тарихы туралы көптеген монографиялардың авторын жатқызамыз.

2018 жылы оның «Еуразияның дала империялары: моңғолдар мен татарлар» атты монографиясы қайта басылып шықты. Монографияны басып шығарудың тарихы да қызықты: оған әр жылдары жарық көрген үш туынды кіреді. Бұл зерттеу Моңғол империясының мемлекеттік жүйесі туралы, татар-моңғол дәуіріндегі (жарияланбаған) орыс князьдігінің тарихы мен Куликово шайқасы және «татарлар тарихы» (Алтын Орда мен Ұлы Орда тарихы бойынша жұмыстарды қосқанда) туралы [ 12, 368].

Өзінің жаңа жұмысында көрнекті кеңестік тарихшы көшпелі Еуразия тарихы туралы қалыптасқан бірқатар идеяларды толықтырады және қайта қарастырады. Сондықтан, атап айтқанда, ол Мәңгілік Ел мәселесін қарастырады (әулеттердің өзгеруі, бірақ тұрғылықты халық емес), моңғолдарға дейінгі дәуірдегі түріктердің толық үстемдігіне күмән келтіреді және Моңғол империясындағы парсы тілді тайпалардың (алан-астар, Ширин тайпасы) рөлін көтеріп, найман құбылысын (моңғол және түркінің синтезі) мысалға келтіреді. Ғалым көшпелі әлемнің саяси мағынада бірігуге деген ұдайы үрдісін және бөлшектенген ұсақ көшпелі шаруашылық топтар институтының болуы туралы тезисін бірінші кезекке қояды. В.Трепавлов дала державаларының пайда болуы мен жойылып кетуінің арасындағы кезеңде біршама маужырау жағдайында болатын көшпенділер үшін дәстүрлі ұлыс ұйымында оны қолайлы жағдайда көшпелі империяға айналдыруға қажет әлеует әрқашан болады деген қорытындыға келді.

В. Трепавлов Моңғол империясы ұлы көшпелі державалардың тарихын аяқтап, сол кезге дейін мыңдаған жылдар бойы жүйелі түрде іске қосылып келген көшпелілерді біріктіру тетігін жетілдіргеніне сенімді. Оның пікірінше, Моңғол империясының құрылуы кезінде «имриофилия» феномені көрінді, ол әдетте жас империялардың құрылуымен бірге жүрді, яғни қатал мемлекеттік тәртіптің болуы және дәстүрлі қарсыластардан әскери қорғану мүмкіндігі, сондай-

---

ақ жаулап алынған территориялардың ауқымды ресурстарына қол жеткізу. Оның айтуынша, «монголофилия» феномені Оңтүстік Сібір мен Шығыс Түркістандағы түркі халықтарының ерікті түрде кіруінің алғашқы жорықтары кезінде айқын көрінді.

Моңғол империясынан кейін Даланың бірігу тенденциясы саяси және әскери күш ретінде көшпеліліктің әлемдік тарихи аренадан кетуімен бірге сейіле бастады. Өз кітабында автор қазақстандық тарихшылардың түс белгілеуі мен Жошы ұлысының тәуелсіз аймақ-қанаттары – Ақ Орда мен Көк-Орданың өзара орналасуы, бұл бөлу тек Ұлыстың шығыс бөлігіне (яғни, сол қанат) ғана қатысты деген ойларына сыни көзқараспен қарайды. Оның пікірінше, ұлыстың дамуы кезінде қанаттарға бөліну абстракцияға немесе тайпалар мен олардың жетекшілерінің дәрежесін қарапайым белгілеу дәстүріне айналды.

В. Трепавлов монографиясының екінші бөлімі Алтын Ордаға арналған, оны автор тарихи құбылыс ретінде сипаттайды. Автор мәтінін талдауға сүйенсек, бұл мемлекет құрылысының бірегейлігі, ең алдымен, бір мемлекеттің қол астында екі өркениеттің – көшпелі, түркі-моңғол және одан әрі – мұсылмандық және отырықшы – орыс-славян және православиеліктің қатар өмір сүруінде болды. Кітап үшінші бөліммен аяқталып, онда Ұлы Орда (Тахт Эли) деп аталатын Алтын Орданың түрлі хандықтар, ордалар мен жұрттарға бөлінгенінен кейінгі Шығыс Еуропаның оңтүстігіндегі соңғы элементі (негізінен Еділ мен Днепрдің арасы) ретіндегі тарихи орындар туралы айтылды. В. Трепавлов мемлекеттілікті, экономиканы, аумақты, этникалық құрамды, саяси тарихты және осы жергілікті уақытша тарихи құбылыстың халықаралық жағдайын зерттейді.

Осы тақырыптағы танымал ғылыми жарияланымдардың қатарына М.Бурганнның «Моңғолдар империясы» атты еңбегі жатады (2009). Автор тандаған тұжырымдамалық схема өте қарапайым: Шыңғысхан Кореядан бастап Шығыс Еуропаға дейінгі аймақта Еуразия мен бүкіл адамзат тарихында бір ғана отбасы бақылайтын үлкен бірлестік құрды. Моңғол державасы тарихының негізгі мазмұны көшпелілік пен отырықшы өркениеттер арасындағы күрес болды. Моңғолдар біріктірген еуразиялық держава халықаралық сауданың тұрақты режимін қамтамасыз етті, байланыстың жаңа түрлерін жасады және діни төзімділікті көрсетті. Әскери тактика мен стратегияның, сонымен қатар билік құрылымының сабақтастығы тұрғысынан автор Шыңғыс хан мен Хубилайдан бастап Темірланға және орыс патшаларына дейінгі байланысты көрсетті [16].

Питер Джексонның зерттеуі де осы сарында жазылды. 2005 жылы оның «Моңғолдар және Батыс: 1221-1410 жж.» (яғни, моңғол әскерінің Еуропаға жақындағаннан бастап Танненберг шайқасына дейін) атты кітабы басылып шықты. П.Джексон жұмысының негізгі идеясы христиан әлемі үшін моңғолдар кейде одақтас та болды (Қасиетті жерде франк принципаттарын, христиан елшіліктері мен қажылық етушілерді арабтар мен мамлюктердің жойылуынан құтқарған). Аталған ғалымның «Моңғолдар және ислам әлемі: жаулап алудан түрленуге дейін» (2017) монографиясы осы тақырыпты жалғастырды. Түрлену (конверсия) ретінде автор жаулап алушылардың өркениеттері дамыған елдермен ассимиляциясын, бұл жағдайда исламдық өркениетке өтуін түсіндірген. Бірақ батыстық ғалым моңғол жаулап алуларының ислам әлемінің әртүрлі аймақтарына, соның ішінде Иран, Ирак (Халифатқа), Түркия, Ауғанстан, Орта Азия (Хорезм) және Шығыс Еуропаның бір бөлігіне тигізген зиянын көбірек қарастырады. Алайда, егер моңғолдар саяси үстемдік орната алса, онда керісінше мәдени тұрғыда болды: исламды қабылдау және өркениет-лингвистикалық алмасу орын алды [17].

Бұдан бұрын (2003 ж.) Дж. Лейн өзінің «XIII ғасырдағы Ирандағы моңғол билігі және парсы жандануы» атты еңбегінде осы тақырыпты қозғады. Автор Иранның қайта өрлеуі ұзақ процесс болды, оның басталуы моңғолдарға дейінгі кезеңдегі парсы аймағының түркі әлемімен мәдени, саяси және тілдік байланыстарының күшеюі кезеңінде қалыптасты. Дж.Лейн моңғол тақырыбын «Моңғол империясының күнделікті өмірі» монографиясында жалғастырды (2006). Ғалым дәстүрлі фольклорды, олардың тамағын (ет негізіндегі), алкогольдің орны, күнделікті киімдері және діни сенімдерін талдау негізінде киіз үйдегі көшпенділердің әдеттегі өмір салтын сипаттайды. Моңғолдардың өзіндік дамыған жазуы мен тарихи мәдениеті болмаған жағдайдағы өте аз деректерге сүйене отырып жасалынған этнографиямен байланысты тарих-хронологиялық тұрғыдан соншама алыс сюжеттер тарих ғылымында өте сирек кездесетіндігін айта кету керек [18].

Бруно де Никола мен Чарльз Мелвилл (Кембридж, Ұлыбритания) өңдеумен шыққан «Моңғолдық Орта Шығыс» атты ұжымдық еңбек моңғол жаулап алушыларының Иранды жаулап алудағы өзгеріске түсуін және өз кезегінде Моңғол Илхандарының тұсында аймақтың да саяси және экономикалық өзгерістерге ұшырауы тақырыбын жалғастырды. Тарихи жинақ 1258-1335 жж. қамтыды, кітап төрт

---

бөлімнен тұрады, сәйкесінше Илхан үкіметінің құрылуы, ішкі және сыртқы саясат және Иран тарихындағы осы кезеңнің аяқталуы. Сонымен бірге жекелеген тараулар жалпы моңғол факторының Орта және Таяу Шығыстағы рөліне, және кеңірек деңгейде ортағасырлық Еуразия мен Қытаймен қатынастарға арналған [ 19].

Александр Широкоградтың «Русь және Орда» зерттеуі (Дүниежүзілік тарих сериясында жарияланған) тарих пен өзекті саясаттану синтезінің типтік мысалы болып табылады. Автор әскери тарихшы ретінде өзінің кітабының барлық 26 тарауын бұрынғы және кейінгі кезеңде өткен әскери жорықтарға арнаған. Русьті татар-моңғолдардың жаулап алуы туралы егжей-тегжейлі баяндалады, князь А.Невскийдің рөлі және жаулап алынған орыс жерлерінің Ордамен байланысы талданады. Бірақ біртіндеп зерттеу бағыты Қырым проблемаларына ауысады [20].

Қайта басылған классикалық туындылардың ішінде ең алдымен еуразиялық теорияның негізін қалаушылардың бірі, князь Н.Трубецкойдың «Шыңғыс хан мұрасы» кітабына жатқызу керек (мақала негізінде: - Берлин, 1925. - 60 бет.). Автордың тезисі Шыңғысхан соншалықты жаулаушы емес, ең алдымен керемет ұйымдастырушы болғандығына негізделді. Еуразиялық философияның негізгі идеясы «Әлемді билеуші» континенттің едәуір бөлігін мемлекеттікке біріктірудің үлкен тарихи міндетін орындауымен байланысты. Ол мұны Даланы, содан кейін осы аумақтық-мемлекеттік және әскери-материалдық негізде – бүкіл ішкі Евразияны біріктіру арқылы жасады [21].

Тағы бір қайта басылған еңбек – баршаға танымал Мурад Аджидің (Мурад Эскендерович Аджиев - 1944-2018 жж.) «Ұлы дала туралы дастаны» кітабы, ол автордың сенсациялық «Мәңгі көк аспансыз» жарияланамына негізделген [22]. Өзінің алдындағы басқа еуразияшылдардан айырмашылығы, М.Аджи Еуразияның тарихы мен мәдениетіне моңғолдардың емес, түріктердің қосқан үлесіне назар аударады. Бұл идея өзінің әйгілі шығармалары – «Қыпшақ даласының жусаны», «Еуропа. Түріктер. Ұлы дала», «Қыпшақтар. Түріктер мен Ұлы Даланың ежелгі тарихы Қыпшақтар. Оғыздар», «Түріктер және әлем: құпия әңгіме» және т.б. еңбектеріне арқау болған. Зерттеулерде түріктердің халық ретінде Алтайда қалыптасуы және олардың Еуразияға қоныстануы туралы гипотезасы, халықтың өмірі мен тұрмысы, рухани мәдениеті туралы, Ұлы қоныс аударудың Үндістан мен Персиядағы, Кавказ және Оралдағы, Византия мен Римде, Еуропадағы белгілері болуы туралы ойлары келтірілген.

Автор қоныстану және жаңа жерлерді игеру нәтижесінде Дешті-Қыпшақ елі қалай құрылғанын, оның аумағы 1-мыңжылдықта Байкалдан Атлантикаға дейін созылып, қазіргі Ресей территориясының едәуір бөлігін қамтығанын көрсетуге тырысты. Аджиев өз зерттеулерінің нәтижелерін 1994 жылы «Қыпшақ даласының жусаны» кітабында ұсынды. Аджиевтің айтуынша, болгарлар, венгрлер, корейлер, сербтер, орыстар, казактар, украиндар, британдықтар, француздар және басқалар сияқты көптеген еуропалық және азиялық халықтар – бұл басқа халықтар арасында ыдырап, тамырларын ұмытып кеткен түркі-далалықтардың ұрпақтары. Далалықтардың мемлекеті – Дешті Қыпшақ XVIII ғасырға дейін өмір сүріп, еркін казак жерлерін жаулап алған I Петрдің жорықтарынан кейін жойылды.

КАӨ (ЖЗЛ) сериясы аясында А.Карповтың «Бату» (2011) атты тарихи өмірбаяны тағы бір рет жарық көрді, кітап моңғолдарға қарсы және басты кейіпкерді жек көрінішті көрсету сипатында болды. Автордың пікірі бойынша Батудың тұлғасы тіпті басқа қанішер жаулап алушылар арасында да ерекше орын алады, өйткені XIII ғасырдың 30-жылдарының аяғында Руське жасалған моңғол шапқыншылығы оның есімімен байланысты. Орыс тарихындағы қиратушылық әсері жағынан оған тең келетін мысал жоқ. Бұл шапқыншылық көптеген адамдардың өмірін қиды, жүздеген, мыңдаған қалалар мен ауылдарды жойып жіберді, елдің экономикасын толығымен тоқырауға ұшыратты, барлық қолөнер салаларын жойды, баға жетпес мәдени ескерткіштерді қиратты, Ресейді екі ғасыр бойы тізе бүктірді және орыс мемлекеттілігін де жойып жібере жаздады [23].

Тағы бір қайта басылған кітап – Р.Рахманалиевтің «Түріктер империясы. Ұлы өркениеттің тарихы» (2009). Кітапта «империя» терминін белгілі бір дәрежеде қолдануға болатын ірі мемлекеттік құрылымдардың тарихы баяндалады. Түркі әлемінің тарихын автор келесі хронологиямен сипаттайды: б.з.д. X ғасыр мен б.з. . V ғасыры аралығындағы түркі халықтары; Еділ (Атилла) империясы; Ұлы түрік қағанаты; Ұйғыр қағанаты; Мұсылман әлеміндегі түріктер; Шыңғыс хан империясы; Әмір Темір империясы; Осман империясы [24].

Әскери және тарихи әдебиеттер кітапханасы сериясы бойынша Шыңғыс хан дәуіріне қатысты материалдар, соның ішінде «Ясы» және «Билик» (Шыңғыс ханның сөздері) мәтіндерінен үзінділер жарық көрді. Сондай-ақ, қытай барлаушы-елшілері мен еуропалық миссионерлердің арасынан жаулап алушының замандастарының



---

куәліктері келтірілген. Жинақта моңғолдардың әскери өнері, олардың тактикасы мен стратегиясы және моңғол армиясының ұйымдастырушылық құрылымы, «біртұтас шексіз билік» әскери доктринасының мақсаттары туралы көптеген ақпараттар таба аласыз [25].

Майкл Поптың (Йонси университеті) «Моңғол империясы мен Ильханның басқаруындағы Ирандағы саясат және дәстүрлер» зерттеуі – ерте моңғол державасы ұлысының 1258 жылдан кейін илхандар ұлысы деген атпен белгілі бүкіл Таяу Шығыстағы ең сәтті мұсылман мемлекетіне айналуына себеп болған үдерістің түсіндірмесі. Автор Шыңғыс тұқымының саяси мәдениетінің екі негізгі тасымалдаушыларының арасындағы айырмашылықтардың пайда болуы мен мәнін егжей-тегжейлі зерттейді. Оның пікірінше, Илхан билігінің моңғол доменінен бөлінуіне саяси қайшылықтардан қисынды туындайтын идеологиялық шиеленістіктер болған. Идеологиялық алшақтық Иранның моңғол билеушілерінің исламды қабылдауымен және оның шиіттік бағытта болуы негізінде одан әрі күшейе түсті, өйткені бұл ислам дінінің сүннит бағытын қабылдаған басқа ұлыстармен, ең алдымен Алтын Ордамен болған қарама-қайшылықта көрініс тапты [26].

2018 жылы Франческа Фьячетти (Иерусалимдегі Еврей университеті) Пол Бьюэлдің (тәуелсіз зерттеуші, Сиэтл) «Әлемдік Моңғол державасының тарихи сөздігі» классикалық туындысын (2003) қайта басуды қолға алды. Бұл сөздікте империяға дейінгі кезеңдегі моңғолдардың, моңғол империясының тарихы және державаның бірлігі жоғалғаннан кейінгі Шыңғыс хан мұрагерлерінің дәуірінің терминологиясы қамтылды. Екінші басылым тарихи материалдарды айтарлықтай кеңейтіп, терминологиялық түсіндірме аясынан әлдеқайда кең болды. Жинаққа хронологиялық бөлім, криптология бойынша әртүрлі кестелер, глоссарий, өмірбаяндық анықтамалар, Моңғол империясының экономикасы, саясаты, діні, сыртқы саясаты және мәдениетіне арналған эсселер кіреді (барлығы 900). Осылайша, П.Буэллдің кеңейтілген еңбегінің қайта басылуы әлемдік моңғолизмді байытып қана қоймай, сонымен қатар моңғол дәуіріне қатысы бар барлық зерттеушілер үшін бірінші дәрежелі дереккөзге айналды [27].

Ресей ғылым академиясының Шығыстану институтының бұл шығарылымында халықаралық авторлар тобы дайындаған және көшпелілердің өзекті мәселелеріне арналған мақалалар жинақталған. Кітапта ежелгі және орта ғасырлық көшпелілердің

отырықшы өркениеттер мәдениетіне қосқан үлесі қарастырылады, түркі көшпенділерінің көрші халықтармен байланысы талданады, олардың этногенезі, археологиясы, антропологиясы, идеологиясы және әскери істерінің бірқатар мәселелері айтылады. Жинақ материалдары Хунну дәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңді қамтиды және Шығыс Еуропа, Батыс, Орта және Орталық Азия туралы мәліметтерді қамтиды [28].

Атақты орыс шығыстанушылары Д.М.Тимохин мен В.В.Тишиннің (Ресей ғылым академиясының шығыстану институты) монографиясы Хорезмшах-Ануштегинидтер мемлекеті мен Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының XI–XIII ғасырлардағы өзара әрекеттестігінің өзекті мәселелеріне арналған алғашқы арнайы зерттеу. Жұмыстың тақырыбы Хорезмшахтар-Ануштегинидтер мемлекетінің далалық аймақпен қарым-қатынасы тарихына қатысты толыққанды монографиялық зерттеудің болмауына байланысты (сирек жағдайларды қоспағанда) барынша өзекті саналады [29]. Ресей ғылым академиясының шығыстану институтының қызметкері Ю.И.Дробышевтің монографиясы Орталық Азияның көшпелі халықтарының өмірі мен саяси тарихындағы климаттық фактордың рөліне арналған, жоғары биліктің қасиетті табиғаты тұжырымдамасымен тығыз байланысты болуы бұл жұмысты осыған ұқсас көптеген басқа зерттеулерден бөлек етеді. Кітаптың орталық идеясы климат пен әскери істердің өзара байланысы мәселесі. Кітапта ауа-райының әскери қақтығыстарға қалай ықпал еткені көрсетілген [30].

Дорис Беренс-Абусейфтің «Мамлюк сұлтанатындағы практикалық дипломатия» атты зерттеуі мұсылман әлемінің ортағасырлық тарихының осы кезеңіне мамлюктердің сұлтандық билікте болғандығымен ғана емес, негізінен ұлы Еуразия даласынан, қыпшақ түріктері өкілдерінің болуымен назар аударады. Мамлюк ордасына берілген дипломатиялық сыйлықтар номенклатурасын егжей-тегжейлі зерттеу негізінде автор бұл аймақ (Египет, Левант, Палестина, Сирия) Орталық Азиямен мәдени және өркениеттік байланысқан Жібек жолының ажырамас бөлігі болғанына сенімді [31]. Эрика Монаханның «Сібір саудагерлері» кітабында Жібек жолының ежелгі сауда жолдарының бұрынғы маңыздылығын қайта қалпына келтіру әрекеті қарастырылған, бірақ бұл жолы керісінше – Батыстан (Ресейден) Шығысқа қарай. Бұл жағдайда XV ғасырдың аяғынан бастап Мәскеу, содан кейін Ресей мемлекетінің орасан зор Сібір кеңістігін жаулап алуы түрткі болды. Зерттеудің негізінен Ресей архивтері негізінде жасалғандығы да түсінікті. Зерттеу пәні ретінде

---

Алтын Орданың, Сібір мен Қазақ хандықтарының, Шыңжаң мен Орта Азияның фрагменттері түріндегі моңғолдан кейінгі дәуірдегі түркі әлемінің тарихы алынған [32].

Питер Франкопанның (Оксфорд университетінің Византиялық зерттеулер орталығының директоры) Еуразия, Жерорта теңізі және Африка тарихындағы орасан зор кезеңді және жалпы адамзат тарихының 2000 жылға жуық кезеңін қамтитын «Жібек жолы» еңбегі фундаменталды зерттеуге жатады. Алайда, кітаптың негізгі бағыты ішкі Евразияның тарихи рөліне және оның ежелгі және орта ғасырлардағы сауда-экономикалық жолдарын, тіпті кеңірек – континенттің ұлы діндері мен өркениеттерін қалыптастырудағы рөліне арналған [33].

Дж.Лидің «Қазақылық, немесе өршіл тонау және қазақтардың қалыптасуы: постмоңғолдық Еуразиядағы мемлекет және бірегейлік» атты зерттеуі біз үшін өте маңызды. Автор «қазақылық» терминін моңғолдан кейінгі дәуірдегі Еуразияға тән қаңғыбастық тонауды синонимі ретінде қолданады. Зерттеуші Қара теңіз даласына дейінгі жерлердегі славян-түркі аралас халықтары арасында тараған бұл құбылысты саяси мағынада түсіндіреді. Автордың сөзімен айтсақ, «саяси қаңғыбастықтың» нәтижесінде, қазақ ұлты өзбек ұлысының бөлшегі емес, ерекше құбылыс ретінде пайда болды. Автордың пайымдауынша, қазақтардың пайда болуы (басқа да көптеген халықтар мен Еуразия мемлекеттері сияқты) және Алтын Орданың саяси мұрагері ретінде танылуы моңғолдық биліктің қатаң орталықтандырылған және иерархиялық жүйесінің құлдырауынсыз мүмкін емес еді [34].

\* \* \*

Осылайша, моңғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы, басқа да елдердегі сияқты, басқыншыларға табынды қарсылық көрсеткен көшпелі халықтың – наймандардың, керейттердің, қыпшақтардың және қаңлылардың жаппай қырылуымен қатар жүрді. Жаулап алу қауіпіне байланысты моңғолдарға қарсылықсыз мойынсұнған қарлұқтар, онгуттар, ұйғырлар және қыпшақтар, қаңлылар, наймандар және керейлердің бір бөлігі де адами және экономикалық ресурстарын толық жұмылдыру нәтижесінде үлкен шығындарға ұшырады. Алтын Орда мен Шағатай ұлыстарына келетін болсақ, моңғол билеушінің азшылығы шаруашылық құрылымы жағынан жақын түркі көшпелі халықтарына біртіндеп

сініп, түкіленіп кетті. Осылайша, моңғол жаулап алушылары барлық жерде көп ұлтты әкімшілік аппаратын құрды.

Алтын Ордада моңғолдарды жергілікті түркі халықпен араласып кетті, ал Бату державасы болса Алтын Орданың құлағаннан кейін Ноғай Ордасы, Қазан, Астрахань, Қазақ және Қырым хандықтары сияқты түркі мемлекеттерінің құрылуының қайнар көзі болды. Дегенмен, тарих куәландыратындай, түріктер моңғол билігі кезеңінде Қытайдың, Орта Азияның және Шығыс Еуропаның саяси және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарды.

Осылайша, Алтын Орданың тарихы есте қалған ескі кезең, бірақ ол әлі күнге дейін дау тудырады. Ал зерттеушілер болса, өзінің этникалық (түркілік немесе славяндық) белгісіне қарамастан, халықтардың бөлінуі үшін емес, олардың өзара түсіністігін арттыру үшін жұмыс жасауы қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Груссе Р. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века). Учебное пособие. – Алматы: Санат, 2003. – С. 7-10.
2. Grousset R. Conqueror of the World. – New York: The Orion Press, 1966. Grousset R. Die Steppenvölker. – München, 1970.
3. Brentjes B., Albaum L.I. Herren der Steppe. Zur Geschichte und Kultur mittelasiatischer Völker in islamischer Zeit. – Berlin: Deutscher Verlag der Wissenschaft, 1986. – 192 S.
4. Sinor D. Inner Asia: History, Civilization, Languages. A Syllabus. – Bloomington: Indiana University Press, 1969 (third reprinting - 1987).- XXII + 261 pp. (Uralic and Altaic Series - 96).
5. Vernadsky G. The Mongols and Russia. - Yale. Yale University Press, 1953. - 473 p.
6. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.: Богородский печатник, 1998. - 368 с.
7. Wolsley H. (Sir) The Cambridge History of India. Vol.III: Turks and Afghans. – Cambridge, 1928.
8. Spuler B. Die Goldene Horde: die Mongolen in Russland. 1223-1502. – Leipzig, 1943. Spuler B. The Muslim World. A Historical Survey. Trans by F.R.C. Bagley. – Leiden: Brill, 1960. Pt.I – 138 p.; Pt.II – 125 p. Spuler B. Geschichte Mittelasiens // Geschichte Asiens. Hrsg. von E.Waldschmidt. – München, 1950. Spuler B. Mittelasiens seit dem Auftreten der Türken // Handbuch der Orientalistik. 1966. Vol.5. Pt.5, S.123-310. Spuler B. Gemeinsamkeiten der (west-) innerasiatischen Entwicklung seit 1600 // Ural-Altäische Jahrbücher. 1996. Bd.33, S.180-186.
9. Halperin Ch.J. Russia and the Golden Horde: The Mongol Impact on Medieval Russian History. – London, 1987.
10. Тюркологический сборник-2001: Золотая Орда и ее наследие. Т. 98. Редкол.: С.Г. Кляшторный (пред.) и др. — М.: Вост. лит., 2002. — 302 с.
11. Boyle J. A. The Posthumous Title of Batu Khan // Proceedings of the IXth Meeting of the Permanent International Altaistic Conference. - Naples, 1970, pp. 67-70.

12. Howorth H.H. History of the Mongols: From the 9th to the 19th Century. Pt 1. - N. Y., 1965. - 771 p.; Pt 2. - N. Y., 1965. - 1121 p.
13. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М.: Восточная литература, 2001. – 752 с.
14. Zajaczkowsky A. La chronique des steppes kiptchak. Ed. crit avec la trad. française du XVIIIe siècle. – Warszawa, 1966 – 180 s.
15. Onon Urgunge. The Secret History of the Mongols. The Life and Times of Chingghis Khan. - London & New York: Routledge Curzon Press, 2005. — VI+300 pp. Чингисхан. Сокровенное сказание. – М.: Издательство «Э», 2018. – 480 с.
16. Burgan M. Empire of the Mongols. – Chelsea: Chelsea House Publications, 2009. - 160 p.
17. Jackson P. The Mongols and the West, 1221–1410. – London, New York: Routledge, 2005. – XXXIV+414 pp. Jackson P. The Mongols and the Islamic World: From Conquest to Conversion. – Ceredigion (Wales, UK) – Llandysul: Gomer Press, 2017. – XX+614 pp.
18. Lane G.E. Early Mongol Rule in Thirteenth-Century Iran: A Persian Renaissance. – Leiden: Brill, 2003. – XXIV+330 pp. Lane G. Daily Life in the Mongol Empire. – Greenwood: Greenwood Publishing Group, 2006. – 240 p.
19. Nicola B., Melville Ch. (eds.) The Mongols' Middle East: Continuity and Transformation in Ilkhanid Iran. – Leiden: Brill, 2016. – 346 p.
20. Широкопад А.Б. Русь и Орда. – М.: Вече, 2018. – 480 с.
21. Трубецкой Н.С. Наследие Чингисхана. – М.: Издательство «Э», 2017. – 576 с.
22. Аджи М. Сага о великой степи. – М.: АСТ, 2016. – 601 с.
23. Карпов А.Ю. Батый. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Молодая гвардия, 2017. – 348 с.
24. Рахманалиев Р. Империя тюрков. История великой цивилизации. – М.: РИПОЛ, 2018. – 704 с.
25. Мелехин А.В. (автор сост.). Чингисхан. Пер. с монг. А.В.Мелехина и Г.Б.Ярославцева. – М.: АСТ, 2018. – 320 с.
26. Hope M. Power, Politics and Tradition in the Mongol Empire and the Ilkhanate of Iran. – Oxford: Oxford University Press, 2016. – X+238 pp.
27. Buell P., Fiaschetti F. Historical Dictionary of the Mongol World Empire. 2nd Ed. – Lexington (KY): Rowman and Littlefield, 2018. – 420 p. Buell P.D. Historical Dictionary of the Mongol World Empire. - Lanham, Maryland, and Oxford: The Scarecrow Press, 2003. – XLIV+335 pp.
28. Тюркские кочевники в Азии и Европе: цивилизационные аспекты истории и культуры. Отв. ред.: Васильев Д.Д. Составители: Васильев Д.Д., Дробышев Ю.И., Зимоньи И. Труды Института востоковедения РАН, Выпуск 7. – Москва: ИВ РАН, 2018. – 268 с.
29. Тимохин Д.М., Тишин В.В. Очерки истории Хорезма и Восточного Дешт-и Кыпчака в XI – начале XIII вв. – Москва: ИВ РАН, 2018. – 380 с.
30. Дробышев Ю.И. Климат и ханы: Роль климатического фактора в политической истории Центральной Азии. – Москва: Институт востоковедения РАН, 2018. – 264 с.
31. Behrens-Abouseif Doris. Practising Diplomacy in the Mamluk Sultanate: Gifts and Material Culture in the Medieval Islamic World. - London; New York: I.B. Tauris, 2016. - XXII + 242 pp.
32. Monahan Erika. The Merchants of Siberia: Trade in Early Modern Eurasia. – Ithaca and London: Cornell University Press, 2016. – XIV + 410 pp.
33. Франкопан П. Шелковый путь. – М.: Эксмо, 2018. – 688 с. (Frankopan P. The Silk Roads: a New History of the World. – Bloomsbury: Knopf Doubleday, 2015.
34. Lee J. Qazaqlik, or ambitious Brigandage, and the Formation of the Qazaqs: State and Identity in Post-Mongol Eurasia. – Boston: Brill, 2016. – XIV+238 pp.

ҒТАХР  
12.09.09,  
02.91.91

**Өмір Тұяқбаев**

*Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі  
«Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінің  
ғылыми қызметкері  
(Алматы, Қазақстан)*

### **«ТАБАҚАТ» ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ БЕЙНЕСІ**

**Аңдатпа.** Мақалада көрнекті ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің ортағасырлық тарихи-биографиялық «табақат» жанрындағы әдебиеттердегі бейнесіне шолу жасалады. Көне әдебиет беттеріндегі құнды мәліметтер өзара салыстырылып, олардың маңызы, бүгінгі ғылыми еңбектердегі қолданылу аясы, т.б. мәселелері көтеріледі. Көне деректердің мәліметі бойынша көп қырлы ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің мұқым мұсылман жұртының жадында сақталған адамгершілік, ғалымдық, тұлғалық бейнесі қорытындыланады.

**Түйін сөздер:** *Әбу Насыр әл-Фараби, араб әдебиеті, табақат жанры, Бәйт әл-Хикма, Араб халифаты, Фараб қаласы*

**Омир Туякбаев**

### **ОБРАЗ АБУ НАСИРА АЛЬ-ФАРАБИ В ЛИТЕРАТУРЕ «ТАБАКАТ»**

**Аннотация.** В статье рассматривается образ выдающегося ученого Абу Насра аль-Фараби в литературе средневекового историко-биографического жанра «табакат». Ценные сведения на страницах античной литературы сравниваются между собой, их значение, область применения в современных научных работах и т.п. Согласно средневековым источникам, суммируется моральный, научный и личный образ многогранного ученого Абу Насра аль-Фараби, сохранный в памяти стойкого мусульманского народа.

**Ключевые слова:** *Абу Наср аль-Фараби, арабская литература, жанр табакат, Арабский халифат, Бәйт әл-Хикма, город Фараб*

---

**Omir Tuyakbayev**  
**THE IMAGE OF ABU NASIR AL-FARABI IN THE LITERATURE «ṬABAQĀT»**

**Abstract.** The article discusses the image of the outstanding scientist Abu Nasr al- Fārābī in the medieval historical and biographical ṭabaqāt literature. Valuable information on the pages of ancient literature is compared with each other, their significance, scope in modern scientific works, etc. According to medieval sources, the moral, scientific and personal image of the multifaceted scientist Abu Nasr al-Fārābī is summarized in the memory of the persistent Muslim people.

**Keywords:** *Abu Nasr al- Fārābī, Arabic literature, Ṭabaqāt literature, Arabic caliphate, Bait al-Hikmah, Fārāb city*

---

### **Кіріспе**

Араб әдебиеті тарихында VIII екін. жартысы – IX ғ. басында «тарджама» (تراجمة), «табақат» (تأقبط), «тазқира» (تأكذت) деп аталатын жаңа тарихи-биографиялық шығармалар дүниеге келе бастады. Ислам дінінің таралу ауқымы ұлғайған сайын, ауызша түрде тараған Мұхаммед пайғамбардың сөздері – хадистерін жаңсақ, жалған, кірме сөздерден сақтап қалудың маңыздылығы артты. Осы ретте пайғамбар хадисін жинақтау ісі басталып, сонымен қатар хадис айтушылар мен жеткізушілердің өмірі, мінезі, қасиеттері, діндарлығы, сауаттылығы, ортасы т.с.с. жеке бастарына қатысты мәліметтерді де жинақтау қолға алынды. Осы мақсатта жазылған Уасыл ибн ‘Атā’ның (131/749-750 ж.қ.б.) «Китāб табақāt әһли әл-‘илм уа әл-джахл» («Ғылым адамдары мен жәһіл жұрттың тізбегі кітабы»), Му’афа ибн ‘Имрāн әл-Маусилйдің (184/800 ж.қ.б.) «Китāб табақāt әл-мухаддисйн» («Хадис айтушылар қатарының кітабы»), Мухаммад Ибн Са’д әл-Бағдādйдің (230/845 ж.қ.б.) «Китāб ат-табақāt әл-кабйр» (немесе «Ṭабақāt ас-Сахаба») еңбектері араб жазба әдебиетіндегі жаңа тарихи-биографиялық «табақат» әдебиетін қалыптастырған алғашқы шығармалар болды. Басында Мұхаммед пайғамбардың хадисін жеткізушілер, кейін факих ғалымдарының есімдері мен мәліметтері жинақталған «табақат» ілкі басында-ақ тұрақты тәртіппен, қатаң критерилермен құрылатын, нақты бір мақсатпен жазылатын, өзіне тән биографиялық жанр ерекшелігі бар әдебиет

ретінде өз сүрлеуін табады.<sup>1</sup> Ортағасырлық хадистанушы ғалым Ибн ас-Салах (1181–1245) табақат шығармалары бір-біріне жақын, замандас, өзара ұқсас адамдар (نوهبشتم لا موقلا) хронологиялық тәртіппен топтастырылатынын жазып кеткен-ді [1; 306 б.]. Бұндай шығармалар Пайғамбар хадистерінің басым көпшілігі ауызша тарағандықтан, оны айтушылар мен кейінгіге жеткізушілер арасындағы сабақтастықты анықтау, хадис мәтіннің сенімділігін, яғни хадистің кірме, қағыс айтылған сөздерден аمانдығын нақтылау, т.б. хадис ғылымының негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жазылып жатты және ол шығармалар хадис, фикх ғылымының дамуына көп септігін тигізді. Көп ұзамай, табақат шығармалары Ибн Салам әл-Джумахи (231/846 ж.к.б.), Халіф ибн Хайāt<sup>2</sup> (240/854 ж.к.б.), Абу Хасан әз-Зиādй (242/856 ж.к.б.), Ибн ән-Надйм (376/987 ж.к.б.) т.б. белгілі биографтардың қаламынан туындаған еңбектерде тақырыптық, мазмұндық жағынан кеңейе түсіп, кейінгі табақат шығармалары факих, қари, хафиз, сопы шейхтарымен қатар, ақындар, патшалар, уәзірлер, дәрігерлер, философтар, филологтар, т.с.с. белгілі бір ғылым саласындағы беделді тұлғалар биографиясына да арналып жазыла бастады. Бұл ретте ортағасырлық ақындар мен әдебиетшілерге арналған Ибн Му‘тазаның (296/909 ж.к.б.) «Ғабақāt аш-Шу‘арā» («Ақындар тізбегі»), Әбу Фарадж әл-Исфahāндің (356/967 ж.к.б.) «Китāб әл-Ағāнй» («Өлеңдер кітабы»), тіл ғылымы бойынша Абу Са‘йд әл-Марзабāн ас-Сайрафйдің (368/979 ж.к.б.) «Ахбār ан-нахуйн ал-Басрйн» (Басрлық тілшілер ахбары), Мухаммад аз-Зубайдйдің (378/989 ж.к.б.) «Ғабақāt ән-нахуйн уа әл-луғауйн» («Тілшілер мен грамматик-ғалымдар тізбегі») және философ, математик, дәрігерлер, астрономдар тізбегін құрған Ибн әл-Адамйдің (338/949 ж.к.б.) «Зидж ал-Кабйр» («Үлкен жұлдыз»), Абу Дауд Сулаймāн

<sup>1</sup> «Табақат» жанрының қалыптасуы, дамуы жайлы қараңыз: Gilliot, CL., «Ғабақāt» *The Ecylopedia of Islam*. Third Edition. Edited by P.J. Bearman, Th. Bianquis, C.E. Bosworth, E. van Donzel, and W.P. Heinrichs. - Leiden: Brill, 2000, vol. 10, pp. 7–10.; Al-Qāḍī, Wadā, «Biographical Dictionaries: Inner Structure and Cultural Significance» In *The Book in the Islamic World*. Edited by George N. Atiyeh. - Albany: State University of New York Press, 1995, pp. 93–122; Loth, O., «Ursprung und Bedeutung des Ғабақāt vornehmlich des der Ibn Sa’d» In *ZDMG*, vol. XXIII, pp. 593–614, 1869; Hafsi, I., «Recherches sur le genre des ғабақāt dans la littérature Arabe» In *Arabica*, 1976. vol. XXIII, pp. 227–65; Фильштинский И.М. История арабской литературы X–XVIII вв. - М., «Наука», 1991.

<sup>2</sup> Әбу ‘Абдалла Мухаммад бин Салам әл-Джумахи әл-Басрй. Табақат аш-шу‘арā’ әл-джāхилийн уа әл-исламийн. - Каир, әл-Матба‘а әл-махмудйа эт-тиджарāа әл-кубра, 1987; Халифа ибн Хайāt әл-‘Усфурй. «Китāб эт-табақāt» / Редак., түсін.: Акрам әл-‘Амри. – Бағдад, Матба‘а әл-‘āни, 1967.



ал-Андалұсидің (384/994 ж.к.б.), «Ғабакāt ал-атиббā’ уа әл-хукамā’» («Шипагерлер мен хәкімдер қатары»), Ибн әл-Қифтідің (634/1237 ж.к.б.) «Та’рїх әл-Хукамā’» («Хәкімдер тарихы»), Ибн Абу ‘Усайби’аның (668/1270 ж.к.б.) «Ғабакāt ал-атиббā’» («Шипагерлер тізбегі») атты шығармаларын атауға болады. Бұл Араб Халифатындағы түрлі өркениеттер мен мәдениеттер тоғысынан туындаған қоғамдық-әлеуметтік сұраныс нәтижесі екені сөзсіз. Араб әдебиетіндегі «табақат» шығармаларында тек араб қауымының өкілдері ғана емес, өзге ұлттар мен қауымдардан шыққан ірі тұлғалар да тізбектелді. «Тарджама» (تمجرت), «табақат» (تاقبط), «тазкира» (تركذت) жанрындағы биографиялық шығармалар Абу ‘Абд ар-Рахмāн ас-Суламйдің (411/1021 ж.к.б.) «Ғабакāt ас-суфйа» («Сопылар қатары») еңбегінен кейін парсы, түрік тілдерінде де жазыла бастады.<sup>3</sup>

Даңқты ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын зерттеу тым ерте басталған-ды. Оның өмір жолы, ұстаздары, араласқан ортасы, жазған еңбектері жайындағы мәліметтер осы табақат шығармалары арқылы белгілі болды. Ортағасырлық биографтардың жазып қалдырғандары фарабитанушылар үшін таптырмас қазына саналады. Мақаламызда көтерген Әбу Насыр әл-Фарабидің ортағасыр араб әдебиетіндегі бейнесін сомдайтын негізгі дерек осы тарихи-биографиялық табақат шығармалары. Сондықтан, мақалада арқа сүйеген маңызды дерек ретінде төмендегідей авторлар шығармаларына арнайы тоқталуды жөн көрдік:

- Ибн ән-Надйм (380/990 ж.к.б.) «Китāб әл-Фихрист» (987-988 жж. жазылды);
- Абу Қасим Сā’ид бин Ахмад ал-Қуртубй (462/1070 ж.к.б.) «Ғабакāt ал-Умам» («Үмбет қатары»);
- Джамāl ад-дйн әл-Қифтй (646/1248 ж.к.б.) «Ихбār әл-‘уламā’ уа ахбār әл-хукамā’» («Ғұламалардың хабарын беру және хәкімдер ахбары»);
- Ибн Абу Усайби’а (668/1270 ж.к.б.) «Ғабакāt ал-атиббā’» (Шипагерлер тізбегі).

<sup>3</sup> Парсы әдебиетіндегі «Табақат» жанры туралы қараңыз: Jawid A. Mojaddedi. The Biographical Tradition in Sufism: The Tabaqāt Genre from al-Sulamī to Jāmī. - Richmond, Surrey: Curzon Press, 2001. 230 p.; Iqtidar H. Siddiqi. Indo-Persian Historiography up to the Thirteenth Century. - Delhi: Primus Books, 2010. 198p.; Tabakat-i Nasiri. A General History of the Muhammadan Dynasties of Asia, including Hindustan; from A.H. 194 (810 A.D.) to A.H. 658 (1260 A.D.) and the Irruption of the Infidel Mughals into Islam / Transl. by H. G. Raverty. V. 1–2. Calcutta–London, 1881–1899.

Сондай-ақ, табақат әдебиетінде қалам тартқан белгілі араб жылнамашылары Әбу әл-Хасан әл-Байһақй (1106–1169) мен Ибн Халликәнның (XIII ғ.) еңбектеріне де ғалымның тегі, ортасы, ұстаздары жайлы және ғалым бейнесін суреттейтін ел аузындағы әпсаналар, хикаялар, естеліктер қалдырғандықтан маңызды мән берілді. Араб жылнамаларындағы әл-Фараби өмірін зерттеген көрнекті ғалым Ә. Дербісәлі Европа елдеріндегі әл-Фараби туралы зерттеулердің көпшілігі осы Әбу Хасан әл-Байһақй, Ибн Сә’ид әл-Қифтй, Ибн Халликән, Ибн Абу Усайби’а жазбаларына негізделгенін жазады. [2; 23 б.] Мақалада Ибн Саб’йн (1217–1269), Ибн әл-‘Ибрй (1226–1286), Ибн ал-‘Имәд (1623–1679) сынды ғылыми ортада аз зерттелген аттары көпшілік қауымға мәлім емес жылнамашылар деректерін де қамтуға тырыстық.

Бұл авторлардың мәліметтері қаншалықты құнды екеніне баға бермес бұрын жоғарыда аталған табақат әдебиеттеріне жеке-жеке қысқа шолып өтсек:

#### **Ибн ән-Надйім (380/990 ж.қ.б.) «Китәб әл-Фиһрист»**

Ибн ән-Надйім лақаб есімімен танылған Әбу әл-Фардж Мухаммад ибн Исхәқ бин Мухаммад әл-Уаррәқ әл-Бағдәдй – Бағдад қаласының белгілі кітап сатушысы, араб библиографы. Оның 987–988 жж. жазған «тарджама» жанрындағы «Китәб әл-Фиһрист» еңбегінің толық атауы – «әл-Фиһрист фй әл-ахбәр әл-‘уламә’ әл-мусаннафйн мин әл-қудамә’ уа әл-мухаддисйн уа ‘әсмә’ кутубиһим» («Көнеден қазіргіге дейінгі шығармашыл ғалымдар ақпары мен кітаптарының көрсеткіші»). Кітапта автор хиджра жыл санауының IV-ғасырына (X ғ.) дейінгі араб әдебиетімен қатар, басқа да қауымнан шыққан авторлардың кітаптары жайлы мол мәліметтер берген. Іргелі ғылыми зерттеу еңбектерінде «Китәб әл-Фиһрист» тек қана араб әдебиеті ғана емес, мұқым ислам әдебиеті мен кітап өнерінің тарихы үшін таптырмас дерек деп бағаланады [3; 51 б.].

Ұзын саны 2238 автордың 8360 аталымдағы кітап тізімделген ортағасырлық шығармалардың ірі көрсеткіші саналатын «әл-Фиһрист» төмендегідей он тараудан тұрады:

- Қасиетті кітаптар мен тілдері және Құран ғылымы;
- Филология және грамматикалық кітаптар;
- Тарих және шежіре кітаптары;
- Поэзия туралы кітаптар;
- Қалам ғылымы туралы еңбектер;
- Шарифат (фикһ) және хадис кітаптары;

- Философия кітаптары;
- Есімдер мен аңыздар;
- Наным-сенімдер кітабы;
- әл-Химия және кәсіптер туралы кітаптар.

Шығармаға қатысты К. Броккельман, А. Кристенсен, Г. Эте, Г. Флюгель, Х. Д. Френ, И. Хеттингер, Дж. Дармстетер, И. Ю. Крачковский, И. Фильштинский, Д.В. Фролов, Е.Э. Бертельс, Ш. Зайф, Ханна ал-Фахури, С. Нафиси, Дж. Хумаи, М. Мухаммади, Т. Мардони, Н. Зохидов, т.б. ғылыми зерттеулерінде авторлар арасында 120 араб нәсілінен екені қалғаны грек, парсы, түрік, үнді т.б. қауымдардан, соның ішінде 12 әйел автор болғаны анықталды. Жоғарыда айтылған тақырыптардан тыс әскер өнері жайлы 12 шығарма, әтір жасау бойынша 9, аспаздық туралы 11, аңшылық жайлы 6, ветеринария бойынша 9 кітап көрсетілген. Ибн ән-Надйімнің еңбегін өз заманының (X ғ.) кітап құмарлары мен оқырмандары, кітап өнері, кітап мәдениетінің тарихы мен жазба тілі туралы жан-жақты мағлұмат беретін теңдесі жоқ көрсеткіш деп бағалауға әбден болады. Автор бұл еңбегіне дейін «әл-Аусәф уа әт-ташбиһәт» («Сипаттар және ұқсастықтар») және «әл-Масәлиб» («Айыптар») атты бүгінге жетпеген екі шығарма жазған, демек, «әл-Фихрист» автордың ұзақ жылғы ізденісінің жемісі екені анық. Фихристтегі материалдың географиялық кең ауқымда қамтылуы ғылыми еңбектерде автордың өмірінің көп бөлігін Аббасидтер халифатының астанасы – Бағдадта өткізгені және оның кітап нарығымен тығыз байланысты болғандығымен байланыстырылады. Ибн ән-Надйімнің жұмысы араб және парсы тілдеріндегі биобиблиографиялық әдебиеттің тұтас жанрының негізін қалады деп бағаланады.<sup>4</sup>

Ибн ән-Надйім – әуелі Әбу Насыр әл-Фарабидің замандасы. Оның шығармасы мақалада қарастыратын әдебиеттер ішіндегі ең көнесі және кейінгі шығармаларға арқау болған негізгі дерек көздердің бірі. Автор әл-Фарабидің өмірі жайлы біз қанағаттанарлық толық мағлұмат бермесе де, шығармашылығы жайлы қалдырған мәліметтері аса құнды.

<sup>4</sup> «әл-Фихристтің» зерттелуі жайлы қараңыз: The Fihrist of al-Nadim, a tenth century survey of Muslim culture. Editor and translator B. Dodge. Vols. 1-2. N.-Y. - L., 1970; Рахмонов, М.А. Исследование «Аль-Фихриста» в Европе // Вестник ТНУ. Серия филология. 2014 г. 4/5 (143) стр. 134-138.; Полосин В.В. «Фихрист» Ибн ан-Надима как историко-культурный памятник X века / дисс. на соискание учен. степени к.и.н. 07.00.09. - Л., 1984. - 204 с.

**Абу Қасим Сә'ид бин Ахмад ибн Сә'ид әл-Қуртүбй немесе ал-Андалүсй (462/1070 ж.к.б.) «Ғабақат ал-Умам»**

Әбу әл-Фардж Ибн ән-Надймнің «әл-Фирристен» кейінгі оратағасырлық ғалымдар мен шығармаларының ірі көрсеткіші – «Ғабақат ал-Умам». Ибн ал-‘Ибрй, Ибн Халликән, сияқты тарихшылар, ал-Хадж Халйфа секілді ортағасырлық ірі библиографтар еңбектеріне дерек болған бұл шығарма Ислам әлеміне автордың атын тез танымалы етті. Андалусияның ірі мәдени, ғылыми орталықтарының бірі болған Кордовада фикх, Құран ғылымы, хадис, араб тілі және философияны меңгерген Ибн Сә'ид ал-Қуртүбй 1046 ж. 18 жасында Толедо қаласына қоныс аударып, онда Абу Исхәк ибн Идрйс ат-Туджибйден (454/1062 ж.к.б.) математика, астрономия пәндері бойынша дәріс алады. Ол астрономия мен философияға, тарихқа ерекше қызығушылық танытады. Астрономия бойынша «Харакат ан-нуджұм уа ал-кауәкиб» («Жұлдыздар мен пленаталар қозғалысы»), Андалусия тарихы, ғалымдары мен қайраткерлері жайында «Та'рйх әл-Андалүс», «Джауәми' әл-ахбәр әл-‘араб уа әл-‘аджам» («Арабтар мен басқа қауым хабарының жиынтығы») атты бірнеше кітап жазады. Андалусия әмірлері Иахйә ал-Ма'мүн (429-467/1038-1075), Ихайә әл-Қәдир (467-478/1075-1085) билік құрған жылдары жан-жақты ғалым Ибн Сә'ид ал-Қуртүбйді Толедо (ар. طليطلة Талайтила) қаласының Қазийі етіп тағайындайды.

Ғалымның көп кітаптарының ішінде бүгінге Толедода 460/1068 ж. 40 жасында жазған «Ғабақат ал-Умам» шығармасы ғана толық мәтінінде жеткен. Ибн Хәзим аз-Зәхирй ұстазының Андалустың белгілі тұлғаларының өмірбаяны жинағын толықтыру мақсатында қолға алған автор бұл шығармасында тек Андалус өңірімен шектелмей, Рим, Египет, Парсы, Үнді, Түрік елдерінен шыққан ғалымдар есімдерін де қамтуға тырысады. Кітабының кіріспесін: *«Біліңдер, Жер шарының бастысындағы мен шығысындағы, оң түстігі мен сол түстігіндегі барлық адамдар бір қауым болып біріксе де, үш нәрседе ерекшеленеді: мінез-құлық, түр және тілде»* [4; 5 б.] - деп бастаған ол, ғылым тарихын көне өркениеттен бері түгендеп, өз заманындағы ғалымдарға дейін сабақтайды. Тарихи шолу жасау арқылы ол екі сұраққа жауап беруге тырысады: біріншісі – ғылымның даму жолы, екіншісі – эволюция эпизодтарының арасындағы байланыс. Хронологиялық кең ауқымды қамтуға тырысқан автор, ғылым дамуын жеке тұлғалардың қызметі арқылы көрсетіп, өзара ықпалын антикалық заман хәкімдері мен мұсылман

ғалымдар арасындағы сабақтастық арқылы береді. Ибн Сә'ид әл-Құртүбй бұл шығармасында Ибн ән-Надйм, Абу ал-Хасан ал-Мас'удй, Ибн ал-Адамй, Ибн Джулджул, Абу Маш'ар ал-Балхй, т.б. өзінен бұрынғы авторлардың кітаптарын қолданады. Сондай-ақ, Аристотел, Платон шығармалары тізбегін жасау, сипаттау кезінде Әбу Насыр әл-Фарабидің (338/950 ж.қ.б.) «Фй м̄а ианба'и ән иукаддима қабла ән та'аллума ал-фалāсифа» («Фэлсафа оқымас бұрын нені қылу керектігі туралы») трактатына да арқа сүйейді [4; 147 б.].

**Джамāl ад-дйн әл-Қифтй** (646/1248 ж.қ.б.) «Ихбār әл-'улама' уа ахбār әл-хукамā'»

Джамāl ад-дйн Абу Хасан 'Али бин Иусуф әл-Қифтй – белгілі дәрігер, Мысыр тарихшысы, араб жылнамашысы, мамлюктер мемлекетінің уәзірі. Ол «Та'рйх әл-Иаман» («Йемен тарихы»), «Та'рйх Ḍали Салджұк» («Селжұқтар әулетінің тарихы») және алты томдық көлемді «Ахбār Миср» («Мысыр тарихы») атты бірнеше тарихи шығармалар мен «Китāб ал-Мухаммадйн мин аш-шу'арā'» (Мұхаммедтік ақындар кітабы), «Ахбār ал-мусаннифйна уа м̄а саннафуһу» («Авторлар хабары мен олардың шығармалары») атты библиографиялық еңбектер жазған қаламгер. Сондай-ақ, Джамāl ад-дйн әл-Қифтй Әбу Насыр әл-Фарабидің жерлесі, тіпті, араб зерттеушілерінің арасында немере інісі деп те саналатын белгілі отырарлық грамматик ғалым Әбу Насыр Исма'йл бин Хаммад әл-Джауһарй әл-Фārāбидің (393/1003 ж.қ.б.) «Тадж ал-луғат уа сихāх ал-'арабйа» («Тіл тәжі және араб тілінің сөздігі», қысқаша «ас-Сихāх») <sup>5</sup> атты еңбегіне «Ислāх халал ас-Сихāх» («әс-Сихāх» кемшіліктерін толықтыру) атты және басқа да араб тілі грамматикасы бойынша түсіндірме еңбек жазған грамматик, әрі бәйіт құраған ақындығы бар әдебиетші ғалым. Египет пен Шам елін (1260–1277 жж.) басқарған мамлюктердің 4-сұлтаны – Зāхир ад-дйн Байбарыс әл-Бундуктарй (1223–1277) әл-Қифтйді Халаб қаласының қазий етіп тағайындайды, кейін ол уәзір деңгейіне дейін көтеріледі. Әділдігімен, ғалымдылығымен танылып, ел арасында «Қадй әл-'акрам» («Қадірлі қазий») деген атпен мәшһүр болады. Араб жылнамашылары оның кітапқұмарлығын жиі жазады. Ол дүние-мүлік жинамайды, барған

<sup>5</sup> Әл-Джауһаридің ас-Сихах еңбегі ф.ғ.д., Каир Университетінің проф. Ахмад Мухтар Омардың монографиясында (224 б.) тілші ғалымдардың қызықтырған еңбек ретінде жақсы талқыланады, қараңыз: ص: 383. رمع اتخ دم حأ. دنع يوغللأ شحبلا. رثاتلأو ريثاتلأ قضيضؤل قس ارد عم برعلا 1988, ببلكلأ لءاع: قرهاقلا.

жерінде үнемі кітап сатып алып жүреді. Дүниеден озғанда артында қалған кітапханасы 50 000 динарға бағаланады [5; 55 б.]. Ұзын саны 30 аса кітап жазған Джамāl ад-дйн әл-Қифтй аталған табақат жанрындағы «Ихбār ал-‘уламā’ уа ахбār ал-хукамā» кітабында антик заманынан өзінің уақытына дейінгі белгілі, беделді ғалымдардың өмірбаяны мен шығармашылығын баяндайды. Ибн ән-Надйм, Ибн Сā’ид, Ибн ‘Асāкир, т.с.с. библиографтар мен жылнамашылардың еңбегіне сүйене отырып құраған бұл еңбегінде автор ауызша тараған естеліктер мен хикаяларды да қоса отырып, әлемнің түкпір-түкпіріндегі 414 ойшыл хәкімнің ғұмырнамасын жасайды.

### **Ибн Абу Усайби‘а (1203-1270) «Табакāt ал-атиббā’»**

Автордың толық аты – Муаффақ ад-дйн Абу ал-‘Аббās ибн ал-Қāsим ибн Халйфа ибн Йўнўс ал-Хазраджй. Әкесі Дамаск қаласында көз дәрігері болған, Ибн Абу Усайби‘а да әке жолымен шипагерлікті кәсіп қылады. Туған қаласында сауатын ашқан Ибн Абу Усайби‘а Каир қаласына білім іздеп кетеді. 1234 жылы ол Каирде көз дәрігері болып жұмыс істеп, елге танылады. Көп ұзамай, 1236 ж. Шамдағы Сархард қаласының әмірі ‘Изз ад-дйн ибн ‘Алй жеке дәрігері болуға Каирден шақыртып алдырады. Ибн Абу Усайби‘а өмірінің соңына дейін (1270 ж.) сонда дәрігер қызметін атқарады<sup>6</sup>. Оның 642/1245 ж. жазған жалғыз еңбегі – «‘Уйун әл-анба’ фи табакāt әл-атиббā’» («Дәрігерлер шоқтығы жайлы хабарлардың қайнар көзі») атты биографиялық еңбегі медицина ғылымы тарихы үшін таптырмас дереккөз саналады. Автор көне антика дәуірінен бастап, өзі өмір сүрген кезеңіне дейінгі әр өңірде өмір сүрген танымал дәрігерлер мен хәкімдердің (философтар) мәліметтерін он бес бабта баяндайды. Автор бұл еңбегін жазғанда дәрігерлер мен философтар биографиясын хаттаған алғашқы табақат жанрындағы әдебиеттің бірі – Ибн Джулджул есімімен танылған Абу Даўд Сулаймāн бин Хайāн ал-Ғарнатйдің (Х ғ.) «Табакāt ал-атиббā’ уа ал-хукамā» (388/987 ж. жазылған) шығармасына арқа сүйейді. Ғалым Ә. Дербісәлі: «Әл-Фараби жайлы күллі араб тарихшыларының ішінен белгілі ғалым, машһүр дәрігер Ибн Әби Усайбиғаның (1203-1270) «‘Уйун әл-анба’ фй ат-табакāt әл-атиббā’» атты дәрігерлер хақында баяндайтын библиографиялық еңбегі үлкен орын алады»

<sup>6</sup> Ибн Абу Усайби‘аның өмірі мен еңбегі жайлы неміс шығыстанушысы К.Броккелман еңбегін қараңыз: Brockelmann С. Geschichte der Arabischen Litteratur. Suppl. Bd. I. Leiden: E.J. Brill, 1937. - P. 560

деп бағалайды [2; 21 б.]. Сириялық дәрігер Ибн Абу Усайби'аның ортағасырлық медицинаның тарихын жеке тұлғалардың, нақтырақ 432 дәрігердің өмірі мен қызметі арқылы баяндайды. Шығарманың ерекшелігі сол, автор әр тұлғаның мінез-кұлқын, тұрмысын, шығармаларының тізімдерін, ол жайлы ел аузындағы әңгімелер мен өлеңдерін де қамтуға тырысады. Өзінен бұрынғы Исхәк бин Хунайн (298/911 ж.қ.б.), Ибн Джулджул (388/987 ж. кейін қ.б.) т.б. дәрігерлер биографиясын жазған авторлар еңбектерінен аталған шығарма жан-жақтылығымен, мәліметтерінің толықтығымен ерекшеленеді.

## Араб әдебиеттеріндегі әл-Фарабидің өмірі

### *әл-Фарабидің ныспысы мен туған жылы*

Ислам өркениеті мен ғылымының дамуына өлшеусіз із қалдырған Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі көпке мәлім болса да, араб тарихшылары мен биографтардың еңбектерінде әртүрлі кездеседі: ол – Әбу Насыр Мухаммад бин Мухаммад ибн Мухаммад бин Тархан [6; 263 б.] енді бірде керісінше, ол – Мухаммад бин Мухаммад Әбу Насыр [5; 182 б.; 7; 295 б.]. Сондай-ақ, ол – Мухаммад ибн Мухаммад ибн Тархан [8; 153 б.], енді бірде Әбу Насыр Мухаммад бин Мухаммад бин Узлағ [9; 134] және ол – Мухаммад бин Мухаммад бин Насыр [4; 53 б.]. Әбу Насырдың есімі бұлайша түрлі жазылуына пайымдауымызша төмендегідей себептер болуы мүмкін:

– жылнамашылар мен әдебиетшілердің әкесінің атын (Мухаммад), атасының атын (Тархан) және бабасының атын (Узлағ) жиі шатастыруынан;

– лақаб (Әбу Насыр – Насырдың әкесі) және насаб атымен (әл-Фараби – Фарабилік) танылғандықтан азан айтып қойған атының ұмытылуы;

– жазба деректерде кісі атын нақты білмегенде Мухаммад пайғамбар атын құрметпен қосу дәстүрінің жиі орын алуы.

Әсіресе, Ибн ән-Надйім Әбу Насырдың әкесі мен атасы атын нақты білмегендіктен болар Мухаммад ибн Мухаммад ибн Мухаммад деп көрсете берген. Ғалымның жоғарыда аталған аттардың бәрінде Мухаммад есімі көрсетіледі. Оның азан шақырып қойған атында ол есім болған-болмағанын шығармалары арқылы да нақтылауға болады. Әл-Фарабидің бүгінге жеткен еңбектерінің арасында 11-Раджаб 321/ 19-шілде 933 ж. өз қолымен жазған «ал-Хиәл аруханйа уа асрәр ат-таби'йа фи дақә'йқ ал-ашкәл ал-хандасийа»

(«Геометриялық пішін дәлдіктеріндегі табиғат сыры мен руханиат күші») атты қолжазбасы<sup>7</sup> жеткен. Ондағы шығарманың соңында көрсеткен аты – Мухаммад Әбу Насыр бин Мухаммад бин Узлағ бин Тархан әл-Фараби.

Даңқты хәкімнің бұ дүниеге нақты қай жылы келгенінен еш дерек жоқ. Десе де, бұ дүниеден өткен жылы араб тарихшылары мен әдебиетшілері еңбектерінде бір датамен – 339/950 жыл деп көрсетіледі [7, 295 б.; 4, 54 б.; 5, 183 б.; 9, 135 б.]. Солардың ішінде Усайби‘а Рашйд ад-дйн Абу әл-Хасан ‘Али бин әл-Халифа естелігін негізге ала отырып: «әл-Фараби 339 жылы Раджаб айында, яғни 950 жылдың желтоқсан айында Сайф ад-Даула бин Хамданның қолында дүниен өтті» деп жазады [9, 135 б.]. Кейінгі авторлар да осы мәліметті қайталайды. Әсіресе, жылнамашы Ибн Халликән «Табакāt әл-Умам» авторы Ибн Сә’идтің деректеріне сүйене отырып, ғалымның 80 жасты алқымдағанда (قنس نينامث زهان دقو) Дамаск қаласында қаза болғанын және қалаға кіретін 7 есігінің бірі - Баб ас-Сағир сыртындағы мазарда үлкен құрметпен жерленгенін хабарлайды [8, 156 б.]. Осы дерек негізінде бүгінде зерттеушілер әл-Фарабидің туған жылын григориан жыл есебімен 870 ж., енді бірі 259/872 ж., енді бірі хижра жылының соңғы санын домлақтап 260 ж. яғни 874 ж. деп топшылап көрсетеді.

### *әл-Фарабидің тегі мен туған жері*

әл-Фарабидің тегі мен шыққан жері Халифат астанасы Бағдаттан тым шалғайда жатқандықтан ба, әлде «Шешеннің сөзі ортақ, ғалымның хаты ортақ» дегендей, биографтар мен тарихшылардың тегінен көрі, ғалымдығына баса назар аударғандығынан ба, көне деректерде де, кейінгі ғылыми зерттеулерде де екі көзқарас орныққан. Жоғарыда аталған авторлардың бір қатары ғалымның тегін шыққан жеріне қарай парсы десе, енді бірі түрік деп көрсетеді. Табақат әдебиетінің авторлары Инб ән-Надйм, Қадй Ибн Сә’ид, Ибн Әби Усайби‘а Әбу Насырдың тегін хорасандық парсы деп білсе, мамлюк тарихшылары Ибн әл-Қифтй (646/1248 ж.қ.б.) мен тегі түрік Салах ад-дйн ас-Сафадй (764/1363 ж.қ.б.), белгілі араб тарихшысы Ибн Халликән (681/1282 ж.қ.б.) мен оның замандасы, жылнамашы-эпископ (тегі еврей) Ибн әл-‘Ибрй (685/1286 ж.қ.б.) ғалымды түрік

<sup>7</sup> Қолжазба Швециядағы Уппсала Университетінің кітапханасында (Uppsala University, Tornberg, инв.№324) жалғыз нұсқада сақталған. Бұл қолжазбаның фотокошірмесі Орталық Ғылыми кітапханасына 1968 ж. арнайы Халықаралық кітап алмасу арқылы әкелінген. Қордағы инв. № М-1183.



деп біледі. Солардың ішінде Ибн Әби Усайби<sup>8</sup> а Әбу Насырдың Түрік еліндегі Фараб қаласынан екенін көрсетсе де, «әкесі әскер басы болды, тегі парсы еді» деп жазады (دالاب نم قني دم ي هو باراف قني دم). Ал ғалым есіміндегі Тархан, Узлағ түркі есімдерін ашықтап, әр әрпін жіктеп жазған тегі бармакилік парсы Ибн Халликән: «دم حم رصن وبأ» «ат-Туркй» деп тегін білдіретін *насаб*<sup>8</sup> атпен толықтырады. Көп авторлар Хәкімнің түрік екенін шыққан жеріне қатысты топшылап қана жазса, Ибн Халликән шығармасында «اهب أشنو و دلب ي ف دلو اي كرت ال جر ن الكو» - «Ол түрік еді, өз елінде туып, сонда ер жетті» деп тегін батыл түрде көрсетеді. Оның мәліметінше, әл-Фараби өз елінен Бағдатқа жеткенше бірнеше елге саяхат шеккен. Ол кезде ол түркі және басқа да бірнеше тілді білген. Бағдатқа келгенен кейін араб тілін меңгеріп, кейін осы тілдің нағыз білгірі болған. Тарихшы: «Әбу Насыр бір күні Сайф ад-Дауланың<sup>9</sup> барлық игі жақсылармен бас қосып отырған мәжілісіне түркі киімімен кіріп келді, ол сол киімін үнемі киіп жүретін. Оған Сайф ад-Даула: «Отыр!» - деді. Әбу Насыр «Өз жөнiммен отырайын ба, әлде сiздiң [жосыныңызбен] отырайын ба?» - деп сұрады. Әмiр «өзiң бiлген жөнмен отыр» - дедi. Әбу Насыр төрге өтті де, Сайф ад-Дауланың қасына барып жайғасады. Ол қысылып қалып, орнынан ығысады. Әмiрдiң құлдары болатын, олармен өзге бiр тiлде сөйлесетiн. Оларға Әмiр: «Мына ақсақалдың әдептен асқанын бiреу бiлдiрсiн, мен қазiр оның алдында бiрнеше мәселе көтерем, егер ол қанағаттанарлық жауап айта алмаса, орнын қуып жiберiңдер!» деп бұйырады. Әбу Насыр сол тiлде «Әмiр, сабыр ет, әр iс ақырымен деген» дедi мақалдап. Сайф ад-Даула таң қалып: «Сен бұл тiлдi жақсы бiлесiң бе?» - деп сұрады. Ол: «Иә, мен жетпiстен артық тiлдi меңгергенмiн» - дедi. Отырғандардың бәрi басын шайқасты. Әмiрдiң жүзi жылып, Әбу Насыр мәжiлiсте отырған ғұламалар сұхбатына қосылды. Ғылымның әр саласында сөз жарысқан ғұламалардан оның сөзi жоғары шығып отырды. Мәжiлiс соңында бiр өзi ғана сөйледi, бәрi әл-Фарабидiң сөзiне ұйып, оның әр сөзiн жазып ала бастады».

<sup>8</sup> Араб тілінде кісі есіміндегі насаб ат үш мағынада қолданылады: 1) нәсілін, тегін, шыққан жерін білдіреді, Мыс.: Бухари, Фарси, Соғди, Туси, т.т.; 2) кәсібін, нақты бір істе асқан шеберлігін білдіреді, мыс.: Кадиауи (Қазы), Тиджари (саудагер), Сағати (сағатшы), Диуани (диуаншы), Халладж (жүн түтуші) т.т.; 3) түр түсін, табиғи ерекшелігін, кемшілігін, мінезін көрсетеді, мысалы, Захаби (алтындай), Хаиауи (тірі), Алауи (биік), Нурани (нұрлы), Мутанабби (өзін пайғамбар сезінуші) т.т.

<sup>9</sup> Сайф ад-Даула 'Али (906–1004) Шамда билік құрған Хамдан ибн Хамдунның (шама. 868–895) хамданид ұрпақтарының бірі, 333–356/944–967 жж. аралығында Халиб (Алеппо) қаласының әмірі болған.

عيمي ج يف ءالضفلا عم ج م سلجم نالكو ؤلودلا فيس ىلع درو امل رصن ابأ نأ هل لاقف فقوف .امئاد هيز لكل ذنالكو كارتالآ يزب وهو هيلع لخداف فراعمل ا يطختف ,تنأ ثيح لاقف ,تنأ ثيح م انأ ثيح :لاقف .دعقا :ؤلودلا فيس .منع هجرأ ىتح هيف ممحازو ؤلودلا فيس دنسم ىلإ ىهتنا ىتح سانلا باقر نأ لق مبراسي صاخ ناسل م هم عم ولو كئيلامم ؤلودلا فيس سار ىلع نالكو هلئسم ينإو بدالآ ءاسأ دق خيشللا اذه نإ:» :ناسللا لكل ذب مهل لاقف دحأ مفرعي اهيا :ناسللا لكل ذب رصن وبأ هل لاقف ,«هب اوقرخاف اهب فوي مل نإ ءايشأ نأ ن سحتأ هل لاقو .منع ؤلودلا فيس بج عف اهب ق او عب رومال انب ربصا ري ماللا ملكتي ذخأ مئ هنع مظعف اناسل ني عبس نم رثكأ ن سحأ م عن لاقف ناسللا اذه مهمالكو ولعي ممالك لزي مل ف ن ف لك يف سلجملا يف نيرضاحلا ءامل علا عم - (ملوقي ام نوبتكي او ذخأ مئ مدحو ملكتي يقبو لكللا تمص ىتح لفس ي - деп оның түркі киімімен ғана емес, жүріс-тұрысымен, мінезімен деп түркі болғанын осындай қызықты оқиғалармен баяндайды<sup>10</sup> [8, 153-155 бб.]. Басқа деректерде де ғалым шау тартып қартайған шағына дейін туған елінен қанша жыл жырақта жүрсе де, түркі бейнесін сақтап қалғаны көрінеді. Кейінгі Ибн ал-‘Имәд ал-Ханбалі<sup>11</sup> (1089/1679 ж.ж.б.) сынды араб тарихшылары да әл-Фарабиді түрік деп білді [10, 205 б.].

Әбу Насырдың Фараб (кейінен Отырар аталған) қаласында дүниеге келгені жайлы Ибн ән-Надйім мен әл-Байһақиден басқасынан бәрінің мәліметтері бір жерден шығады. Алдыңғы екеуінің көрсетуі бойынша ғалымның шыққан жері – Хорасан өңіріндегі Фариаб (فاریاب) қаласы [6, 263 б.], ал, қалған авторлар Фараб қаласының тумасы болғанынан қысқа ғана мәлімет береді [5, 182 б.; 7, 295 б.]. Қызығы, белгілі ортағасырлық тарихшы Әбу әл-Хасан әл-Байһақ (1099-1170) Фариаб қаласын Түркістанда деп білсе, Усайби‘а, Түрік еліндегі Фараб Хорасан жерінде (كترتال دالب نم يهو باراف هتنيدم) деп жазады [9, 134 б.]. Бұл жерде де тағы Ибн Халлиқан Фараб қаласы жайлы мәліметтерді нақты мәліметтермен толықтырады: «فلأل دعبو فلأ امهنيبو ءارلأو ءافلأ حتفب يبارافلأو» :مضب رارطأ نامزلأ اذه يف ىمس تو باراف ىلإ ؤبس نلأ هذو ددحو م ءاب ؤي نائلأ اذه اهيلع بل غ دقو ؤنكاس فلأ ني ءارلأ ني بو ؤلمهل ءاطلأ نو كسو ؤزمهل ىلع اهلأه عيم جو نو عاسالب ؤنيدم نم ؤب يرق شائلأ قوف ؤنيدم يهو مسالال لاقوي كترتال ندم دعاقو نم ددعاق يهو منع مللأ يضر ي عفاشلأ ماملأ بهذم - «سراف دالب فارطأ يف يهو ؤجراخلأ باراف مهلو ؤل خادلأ باراف اهل

<sup>10</sup> Ибн Халликанның естеліктерін көрнекті ғалым Ә. Дербісәлінің «Қазақ даласының жұлдыздары» атты тарихи-филологиялық зерттеу (Алматы, 1995) еңбегінің 23-26 бб. оқи аласыздар

<sup>11</sup> толық аты – ‘Абд ал-Хайй бин Ахмад бин Мухаммад бин ал-‘Имәд ал-‘Акрй ал-Ханбалі, ол жылнамашылығымен қатар факих, әдебиетші, шайыр ретінде де танылған. Дамаскте дүниеге келіп, Меккеде дүниеден озған. Ұзақ жыл Каирде тұрған.

Фараби – Фараб қаласына байланысты қойылған насаб аты. Бұл заманда Фараб Отырар (‘Утрār - Алиф дамталы, «та» әрпі сукунді, екі «ра» арасындағы алиф сукунді) деп аталады және сол аты жиі қолданылады, ол Шаш қаласынан жоғары, Баласағұн қаласына жақын. Қаланың барлық тұрғындары Шафиғи мазхабын ұстанады. Қала түріктердің басты қорғандарының бірі. Оның Ішкі Фараб және Сыртқы Фараб деп аталатыны бар, Сыртқы Фараб деп жергілікті халық парсы жұрты жағындағы аймақты атайды» [8, 158 б.].

Белгілі жиһанкез араб географтары, әл-Фарабидің замандастары Мухаммад Ибн Хауқал (367/977 ж.к.б.) мен Шамс ад-дйн әл-Мақдисй (380/990 ж.к.б.) Фарабты Мауереннахрдағы Исфиджаб, Баласағұн қаласы маңындағы аумағы салт жүріспен бір күндік болатын аймақ (قصبصق) атауы ретінде суреттейді. Ибн Хауқал ғалымның туған жері – Бараб аймағына қарасты қалалардың бірі – Уасидж қаласы деп нақтылайды: «وبان مو باراب ندم نم اضيأ جي سوو» «ي بارافل رصن» [8, 510 б.]. Көгалды, егістікке қолайлы болған Фараб аймағының астанасы – Кедерден (Құйрықтөбе) екі фарсах (9,6 км.) қашықтықта орналасқан Уасидж қаласы аумағын араб географы Әбу әл-Фадā’ (1273-1331): «دم امضرعو حف املوطو جي سوو باراف ندم نمو» - Фараб қалаларының бірі Уасидждің ұзындығы – «фа», «ха», ені – «мим», «дәл», яғни ұзындығы: 8+80=88 (312,5 м.), ені: 4+40=44 (156,2 м.) қусба<sup>12</sup> деп шамалап көрсетеді [11, 493 б.]. Көлеміне қарап Уасидждің шағын қала болғанын аңғаруға болады.

Мұхаммед Әбу Насырдың дүниеге келген Фараб өңірінде ортағасырларда түрлі өркениет пен мәдениетті тоғыстырған «Жібек жолы» өткені және археологиялық мәліметтерге қарағанда 20 жуық ірілі-кішілі сауда қалалары шоғырланғаны мәлім. Кешенді археологиялық экспедиция, қазба жұмыстары нәтижесінде Отырар көгалды аймағындағы Кедер<sup>13</sup>, Отырар, Борық қалалары VIII–XII ғғ. кәдімгі қалалық орталықтар қатарында болғаны анықталады [27, 88-89 бб.]. Өңірдің тұрғылықты халықтары жайлы араб географтары мен түркі жазба деректеріне үңілсек, жоғарыда аталған табақат шығармаларының авторлары неге екі түрлі мәлімет беретін себебін түсінуге болатындай. Ортағасырлық энциклопедист-ғалым Махмұт Қашқари (XI ғ.) «Диуāн-и луғат ат-турк» (1072–1074 жж. жазылған) еңбегінде Тараз, Баласағұн аймақтарын Бұхара мен Самарқанд

<sup>12</sup> 1 қусба – 3,55 метрге тең, қараңыз: بيتالكملل فيرکفالدئاوفلا: يرفكف اشاب مللا دبب: قالوبب فيريمالا يربكفلا عبطملا فراقلا - فيرصلل 1310 (1893). 15бет.

<sup>13</sup> Белгілі ғалым К.М. Байпақов Кедер қаласын ал-Истахрй мен ал-Мақдисйдің деректеріне сүйене отырып - Құйрықтөбе қаласы деп тұжырымдайды, қараңыз: Байпақов К.М. По следам древних городов Казахстана. – Алматы: «Наука», 1990.

арасын жайлаған соғдылар көшіп келіп мекендегенін және түрік тайпаларымен қоян-қолтық араласып, әбден түріктенгендерін жазса, араб тарихшысы Мухаммад ибн Джарйр ат-Табарй (310/923 ж.к.б.) соғдылар өңірге х.ж.с. 103 ж., яғни 721-722 жж. Карзандж есімді әмірлері бастап ауып келген хабарлайды [12, 84 б.]. Шығыс жазба деректердің бәрінде Фараб өңірінде IX ғ. соңы – XI ғ. ортасында саяси бірлестік құрған оғыз бен 766 – 940 жж. Шығыста Тарым, Батыста Ферғанадан асып, Тохарстанға дейін үстемдік жүргізген қарлұқ тайпалары мекен еткені айтылады. Жетісуда билікке келген (756 ж.) қарлұқтармен күрес жүргізген оғыз тайпалары Батысқа Сырдарияға қарай қоныс аударды. Бұл кезде Сырдарияның орта, төменгі ағыстары мен Арал теңізі аралығында араб деректеріндегі Сырдарияның Кангар атауымен аталған кангар, кейін печенег деп аталған жартылай отырықшы түркі тайпалары мекендеген еді. Жетісудан ығысқан көшпелі оғыз тайпалары VIII ғ. 2-жартысында печенег-кангарлармен кездесіп Сырдария алқабы үшін күрес жүргізеді. Бұл күрестер оғыздардың саяси топтасуына себепші болады. Саяси-әскери күшке айналған оғыз тайпалары печенег - кангарларды талқандап Сырдарияның орта, төменгі ағыстарын Арал өңірін тұтастай иеленді [13, 357 б.]. География ғылымы негізін қалаушы, әлем картасын сызған танымал географ Әбу 'Абд Алла Мухаммад әл-Идрисидің (559/1166 ж.к.б.) «Нузхат әл-муштәк фй ихтирәк әл-әфәк» («Көкжиекті ашуға құштар жанның қызығушылығы») еңбегі мен «Худұд әл-‘алам» («Әлем шекарасы», 372/982 ж. жазылған) авторы беймәлім шығармада олардың ержүрек болғаны, үнемі қару асынып жүретіндері және соғыс десе дендері қозатындары, мұсылман жұртына беймезгіл шабуылдап тыныштық бермейтіндері айтылады: نورشبتستسيو ةعاجشو تال او حالس ووذ مو او شاع انم اولصو امثيحو .مالسإل دالب وزغل امئاد نوتأي مو .برحلاب مهالاب ىلإ ني عرس م اوداعو اوبنو [14; 15, 109 б.].

Бұл кезде Аббасидтер Халифатына қараған Хорасан, Хорезм, Мауреннахрда парсы тілді тахирид, сафарид және саманид әулеттері де саяси бірлестіктерін күшейе бастаған болатын. Түркі тайпаларымен күрес жүргізген саманидтертің саяси бірлестігі IX басында күшейіп, Бұхара өңірінде қауатты мемлекетке айналады. Дамуының шыңында олар территориясын кеңейтіп, 869 ж. бастап Батысындағы Фараб, Тараз, Суяб аймақтарындағы қалаларды иеліктеріне алады. Осылайша, Фараб өңіріндегі қалаларда IX ғ. көшпенді және жартылай көшпенді кангар, печенег, оғыз, қарлұқ, қимақ түрік тайпалары мен отырықшы соғдылар қатар-қабат өмір

сүріп, X ғ. екінші жартысына дейін қарахандықтар мен саманидтер алма-кезек билеп жатты. Отырардағы қазба жұмыстарынан табылған археологиялық және этнографиялық материалдар да өңірде көшпенді және отырықшы халықтардың өзара тығыз араласқан зонасы, түркі, араб, парсы мәдениеті тоғысқан ірі орталық болғанын көрсетті.

Әскери басшының отбасында дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фарабидің де X ғ. басында<sup>14</sup> Шам жаққа сапар шегуіне ғылымға деген қызығушылығы ғана емес, елдегі саяси-мәдени жағдай да айтарлықтай себеп болса керек. Аббасидтер халифатының астанасы – Бағдатта Халиф әл-Ма’мұнның (813-833) тұсында түріктер әскери қызметке алына бастайды. Аббасидтер халифы әл-Ма’мұн мен тарихта Халиф ал-Му’тасим Билла есімімен танылған ағасы Абу Исхәк ибн Хәрүн (833-842 жж. билік құрды) Мауреннахр қалалары үшін үнемі түріктермен соғыс жүргізген және сонымен араб әлемінде танымал болған Саманид мемлекетінің Самарқандтағы билеушісі Нұх бин Асадқа (819-842) түрік жауынгерлерін жіберіп отыруды тапсырған. Араб тарихшысы Әбу Джа’фар Мухаммад ибн Джарйр ат-Табарйдің (923 ж.к.б.) хабарлауынша, хижра жыл санауымен 205 жылы, яғни 820-821 жж. Усрушанда болған үлкен шайқаста тоғыз оғыз түркілері қолға түсіп, әскер басшысы Тулун (884 ж.к.б.) бастаған түркі тұтқындарын саманид Нұх бин Асад Халиф әл-Ма’мұнның сарайына аттандырады [16, 1044 б.; 17, 211 б.]. Жыл сайын түрік тұтқындарды бірде сатып, бірде сый ретінде қабылдап отырған Халифат сарайында ал-Му’тасим билігі тұсында әскерге тартылған түріктердің (ғуламдар) жалпы саны 3000 жуықтаған. [18, 255 б.] Мәшһүр араб географы, жылнамашысы, Мауреннахрдің бірнеше қалаларында болып, сол кездің тарихи оқиғаларына куәгер болған Ибн әл-Факйх әл-Хамадәни (IX ғ. соңы – X ғ. басы) саманид Исма’йл бин Ахмад (849-907) билік құрған жылдары (892-907 жж.) түркілермен 892-903 жж. аралығында бірнеше шайқастар жүргізіп, Исфиджаб (Сайрам) пен Талас арасындағы Мауреннахр қалаларына иелік еткенін жаза келіп, Фараб қаласында мұсылман әскерінің гарнизоны болғанын және онда қарлұқ түркі тайпалары да бекініп отырғанын жазады [19, 31-33 бб.]. Бірде бейбіт, бірде толассыз шайқастар аймағына айналып отырған Фарабтағы тұрақсыз жағдай және өңірден әскери істерге тартылған түріктердің

<sup>14</sup> Араб зерттеушілері әл-Фараби Бағдатқа шамамен х.ж. 310-шы, яғни 920-жылдары келген деп болжайды, қараңыз: Фараби өмірі, қызметі, мұрасы ... 32 б.

Халифат территориясында әкімшілік биліктерге де ие болғаны<sup>15</sup> Әбу Насырдың біржола Батысқа қоныс аударуына белгілі бір деңгейде ықпал еткен сияқты.

## Табақат шығармаларындағы Әл-Фарабидің бейнесі

### *әл-Фарабидің мінезі мен кісілік қасиеті*

Табақат авторлары әл-Фарабидің мінезін «ақ көңіл, салиқалы, ойлы, дүниенің уақ-түйек күйбеңіне беріле бермейтін, азға қанағат, барға тәуба қылған дана-тын» - деп сипаттайды [9, 136 б.]. Ибн Халлиқан да алдыңғы авторлардың жазбаларына сай оның өте қарапайым жан екенін, отбасы, үйі болмағанын, қаншама патшаның алдында жүрсе де, өз қамын жасамағанын, жұпыны өмірді қанағат тұтқанын жазады. Шамдағы Халед шаһарының әмірі Сайф ад-Даула оған қазынадан арнайы қаражат бөліп тұруды бұйырған, әл-Фараби қалауынша қажет қаржыны алуға пәрмен болса да, күнделікті тұрмысына 4 күміс дирхам бөлінуі жеткілікті деп тапқан [8, 156 б.].

Жазба деректерде әл-Фараби жайшылықта біртоға, момын, көп үндемейтін адам көрінгенімен, ғылымға келгенде бірбеткей, жігерлі, алғанынан қайтпайтын табанды жан болғаны жайлы хикаяларды да кездестіреміз. Әбу Насыр ғылымның қай саласы болмасын, толық игеріп, жоғары мәртебеге ие болмайынша тынымсыз айналыса берген. Ол жайлы Усайби'а: «ол науқастанып жүрсе де түні бойы күзетшілердің қиндил (шам) жарығымен кітап оқитын, таң атқанша жазатын» дейді [9, 134 б.]. Философия, метафизика, логика, геометрия, логика, космология, этика, т.б. салалары бойынша бір-бірі кітаппен қана шектелмей, бірнеше кітап жазуы ғалымның табандылығының, іздемпаздығының айқын көрінісі болса керек. Бір ғана Аристотельдің философиялық ойларын қорғап әл-Фараби бірнеше трактат жазғаны белгілі: «ар-Радд 'ала Иахйā' эн-нахауї фймā радда биһи 'ала Аристү Тәліс» («Тілші Иахия эн-Нахауидің Аристотелге жазған сындарына жауап»); «Китāб ар-Радд 'ала Джалиәнүс фймā та'аууалаһу мин калām Аристү Тәліс 'ала ғайри ма'нāһу» («Аристотельдің сөздерін дұрыс мағынасында түсіндірмеген Галенге жауап кітап»), «әл-Джам' бәйна арайї әл-хакимәйн» («Екі хәкімнің ойлары арасын жақындастыру»). Аристотельді толық түсіну үшін оның «Метафизикасын» қырық

<sup>15</sup> Нух бин Асад тұтқындап, Халиф сарайына аттандырған Тулунның ұлы Ахмад бин Тулун (835-884) Аббасидтер халифы тарапынан үлкен билікке ие болып, Египет пен Сирияда 868-905 жж. тулунидтер билігін құрды. Аббасидтер халифатындағы Трансоксаниялық басқа да элиталар жайлы қараңыз: Etienne, 2007.

мәрте, «Жан туралы» еңбегін жүз рет, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан. Ибн Халликән Әбу Насыр әл-Фараби өз қолымен: «Мен бұл кітапты жүз рет оқып шықтым» деп Аристотельдің «Жан туралы» кітабына жазыпты» дүр [2, 14 б.; 8,156 б.]. Табақат авторларының бір кітапты бірнеше мәрте оқығаны жайлы мәліметтері асыра сілтеулік деп бағаласақ та, оның табандылығын, ғылым сүйгіштігін осылай суреттеуінен ел жадындағы ғалымның жарқын бейнесі осындай естеліктермен қалғанын көруге болады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірінен ең көп мәлімет берген табақат авторы Ибн Усайби‘а жазбаларынан ғалымның араб жеріндегі бірнеше жылы Дамаскте өткенін, онда ол әуелде бақша фонтанын қараушы болып, білімімен танылып ұстаздық қылады, кейін даналығымен, шығармаларымен хан сарайы деңгейінде сый-құрметке ие болғанын көреміз. Әбу Насырдың «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекет билеушісінің нақыл сөздері» атты еңбектеріндегі мемлекеттік жүйе туралы ойларынан, билеуші мен халық арасындағы қатынас, әмірлердің қасиеті, қала тұрғындарының мәдениеті жайлы әлеуметтік-этикалық тұшымды пайымдарынан кейін Халеб қаласының әмірі Сайф ад-Даула сарайына шақыртады. Десе де, араб тарихшыларының жазбаларынан отырарлық ғалым өмірінің соңында сопылық өмірге жақын болғанын және хан сарайынан кетіп, жұпыны өмірге ден қойғаны көрінеді.<sup>16</sup> Ортағасырлық ислам ойшылдары сияқты әл-Фарабидің де дүниетанымында сопылық таным-түсініктің маңызды орын алғаны «Китāб ал-Милла», «Қайырымды қала тұрғындары» атты еңбектерінен де белгілі. Ғалымның шығармаларында сопылық ілімге үлкен мән беруі оның дүниетанымын ғана емес, сондай-ақ, тұрмысындағы өмір салты мен ұстанымы да соған жақын болғанын ұқтыратын сияқты.

### *әл-Фарабидің күйшілік және ақындық өнері*

әл-Фараби ән мен күйдің сырын терең түсінген, музыкалық аспаптарда шебер ойнаған, «Қәнүн», «Рубāба» деген аспапты құрап, күй ойнағаны ел жадында қалған. Ол музыка теориясын де керемет меңгерген және сол тақырыпта арнайы «Китап ал-мусика ал-кабир» («Музыка жайлы үлкен кітап») және «Сун‘а ‘илм әл-мусйқа»

<sup>16</sup> Ибн әл-Ибри: *يؤيد بدم ففنك يف ماق أو بلح ىلأ ءلودلأ ففس ىلع يبارافلأ رصن وبأ مدقو* «Әбу Наср әл-Фараби Халебтегі Сайф ад-Даулаға келіп, біраз уақыт сонда тұрып, қамқорлығында болды. Сопылардың киімімен жүретін» - деп жазды (Ибн әл-Ибри, 1994: 296).

(«Музыка өнерінің ғылымы») атты көлемді шығарма жазды. Оның музыкаға жаны жақын болса да, той думаннан үнемі қашық жүретінін және патша сарайындағы сауық-сайранды аса жақтырмайтынын араб тарихшылар ел жадындағы естеліктермен әдемі өріп жеткізеді. Жоғарыда жазған Сайф ад-Дауланың сарайында игі жақсылармен өткізген мәжілісіне түркі киімімен келген ғалымның хикаясын Ибн Халликән ары қарай былай жалғайды: Сайф ад-Даула әл-Фарабиге қарап: «Сіз дәм татпайсыз ба? - деп сұрайды. әл-Фараби: «Жоқ» - деп қысқа қайырады. «Ештеңе ішпейсіз бе?» - деп сұрайды Әмір. Тағы да «жөк» деген қысқа жауап алады. «Сіз тыңдай аласыз ба?» дейді амалы таусылған Әмір Сайф ад-Даула. әл-Фараби: «Иә, тыңдай алам» - деп жауап береді. Сол-ақ екен, Сайф ад-Даула сарайға музыканттар келсін деп бұйырады. Олар аспаптарында ойнаған кезде әл-Фараби оларды тоқтатып, кем тұсын айтып, ескертулер жасап отырады. Сонда Сайф ад-Даула: «Сіз бұл өнерді де жақсы білетін бе едіңіз?» - деп сұрайды. Ол: «Иә» - деп жауап береді. Сөйтеді де, беліндегі сахтиан кісесін ашады да, жеке-жеке бөлшектерді алып шығарып, аспап құрайды, перне тартып, құлақ күйін келтіріп, ойнауға кіріседі. Жанға рақат саз шығып, отырғандар күлісіп, мээ-мейрам болады. Әлден соң әл-Фараби аспаптың құлақ күйін басқаша келтіріп, тағы да ойнауға кіріседі. Аса мұнды саз құйылып, отырғандар егіліп жылай бастайды. Соңында ол аспаптың құлақ күйін тағы да басқаша келтіреді де, жаңа бір сарынмен күй шертеді. Әлгі әуезге елтіп, мәжілістегілердің бәрі, тіпті, есік күзетшілеріне дейін мүлгіп ұйықтап кетеді. Оларды сол ұйықтаған қалпында қалдырып, әл-Фараби сарайдан шығып кете барады» [2, 16 б.; 9, 156 б.].

Табақат авторларының ішінде тек Усайби‘а мен Ибн Халликән әл-Фарабидің ақындық өнерге жақын болғанын жазады және бірқатар өлең жолдарын да жеткізеді. Ғалымның өлеңдері замандасы, мысырлық ақын, факих-ғалым ад-Дулджй Ахмад бин ‘Алидің жадында біразы сақталған болса керек, Усайб‘а шығармасында соның айтуымен бірнеше бәйттерін келтіреді:

Бәйітім менің кәдеңе сенің жараса,  
Нұр сәуле одан тапқаның.  
Ұға алмасаң ғақлия қараңғыда мәңгілік  
Көзіңді жұмып жатқаның.  
Қысыр сөз бізге не керек?  
Әбден мезі етсе де,  
Нәсіп болған дәмімді  
Әлі де татып келемін [2, 32 б.].



---

Ал, араб жылнамашысы Ахмад ибн Халликāн өз естелігінде ойшыл-ақын Мухаммад бин ‘Абд әл-Малик әл-Фāрикий әл-Бағдāйдің «әл-Харйдат» атты өлеңдер жинағына сілтеме жасай отырып, Фарабидің бірнеше жол бāйіттерін келтіреді. Бұл бāйіттерді XI-XII ғғ. араб әдебиетінің 21 томдық антологиясын құраған ‘Имад ад-дин Исфахани (1125-1201) хижра жыл санауымен 11-раджаб 561 жылы (26-мамыр 1166 ж.) «Харйдат ал-қаср» («Сарай маржандары») атты жинағына енгізгенін жазады [8, 156 б.]. Осылайша, әл-Фарабидің мағынасы терең, философиялық өлеңдері әуелде ауызша жатталып, кейін танымал ақындар тарапынан лайықты бағасын алып, қағаз бетіне хатталады.

Араб философтарының, әдебиетшілерінің поэзияны зерттеуде, түсіндіруде ежелгі грек философтарының әсері зор болды. Мұсылмандар арасында ақындықты даттағандар да, мақтағандар да алдымен Мұхаммед пайғамбардың ақындыққа, өлеңге деген көзқарасына, одан кейін антикалық философтардың Сократ, Платон мен Аристотель еңбектерін аударған, толықтырған, ашықтаған мұсылман философтардың пікіріне сүйенді. Араб жұртшылығы Аристотельдің «Поэзия өнері» кітабымен Абу Башар Матта бин Юнустың 328/940 жылғы аудармасымен, кейін осы кітапқа түсіндірме берген әл-Фарабидің «Китāб аш-ши‘р» («Өлең кітабы») еңбегі арқылы танысты. Әл-Фараби Аристотель ізімен проза мен поэзияның ара жігін алғашқылардың бірі болып логикалық (*мантиқ*) ғылым тұрғысынан ашықтайды. «Өлең - сөзден, әдеміліктен және нақты мәселеден тұру керек» - деп поэзияның анықтамасын берген әл-Фараби: «Егер сөз нақты бір ойды жеткізсе және уәзінге құралып айтылса, ол өлең болады, егер уәзінге құралмаса өлең деп есептелмейді» - деп санайды. Әбу Насыр мағынаға емес, ұйқасқа негізделіп құралған өлеңдерді «өлең сөз» (*يرعش لوق*) деп атап, оны ақын қиялын жеткізген, айтылған нәрсені елестетін сөздер ғана деп бағалайды және оны қиял мен елестерден туатын жаңсақ ой мен түсініктің басы деп санайды [20, 44 б.]. «Өлең кітабында» ақындар классификациясын жасаған әл-Фараби ақындық өнерге сыни көзбен қарайды және оның себебін өлеңге ғалымның философиялық, логикалық ғылым тұрғысынан қарастырғанымен түсіндіруге болады.

Ғалымдар Әбу Насырдың ақындық өнерін теориялық тұрғыдан жете игергенін «Китāб аш-ши‘р» («Өлең кітабы»), «Сун‘ат ал-китāба» («Жазу өнері»), «Рисāла фй сун‘ат аш-ши‘р» («Өлең өнері қағидалары туралы трактат») шығармалары негізінде талдайды.

Табақат жанрындағы шығармаларда кездесетін Әбу Насыр бейттерін араб тіліндегі нұсқасын оқығанда, өзі сипаттағандай ұйқасқа емес, уэзінге және мағынаға мән беріліп құралғанын көреміз. Қазақ оқырманына Фараби өлеңдері ақын А.Нысаналиннің көркем аудармасымен және көрнекті ғалымдар Н.Келімбетов, А.Машани және Ә.Дербісәлінің жолма-жол және еркін аудармасы арқылы таныс. А. Машани Ибн Халликән еңбегіндегі Фарабидің өлең жолдарын аударғанда осы бір ерекшелікті жақсы аңғарғанын мына мысалдан көруге болады:

Бұл дүние мекенің сыйға берген, (انل ماقم راد؟ رادل ا مف)

Жер нүктеге телміріп болма алаң. (زج عم اب ضرأا ا يف عرمل ا مو)

Біз бір мейман бұл жайда аз-ақ күндік, (ن ع ق و ط و ط و ط خ ال ا ن ح ن ل هو)

Болымсызға таласып күн өткіздік, (ن م ل ق أ \* ی ل ع ا ذ ه ل س ف ا ن ی) (زج و م ل م ل ك ل ا)

Анталасып аптықпа тар қапасқа, (ا ذ ا م ف \* ا ن ب ی ل و ا ت ا و ا م س ل ا ط ی ح م) (زك ر م ی ف س ف ا ن ت ل ا)

Адамға әлем мекен ол мәңгілік... [21]

Шетелдік және отандық әдебиетшілер Фарабидің үзік-үзік жеткен аз ғана өлең жолдарын талдай отырып, ақындық өнерін жоғары бағалайды. Оның зор шабытты, кең тынысты, терең ойлы, нәзік сезімді ақын болғанын аңғарады<sup>17</sup>. Әл-Фарабидің ақындыққа жақын болуына Сайф ад-Даула сарайында бірге болған өз заманының біртуар шайырлары саналған Ахмад әл-Мутанаббй (915-965), Әбу Фирәс әл-Хамдәни (932-968) сынды ақындармен достығы да айтарлықтай ықпалы етсе керек<sup>18</sup>. Араб зерттеушілері әл-Фараби өлеңдерінде сарай шайырлары әл-Мутанаббй, Әбу Фирәс шығармаларында жиі кездесетін патша мен сарайды мадақтау, не даттау, заманды сөгу, ортаны, қоғамды айыптау секілді тақырыптарға ұрынбағанын, өлеңдерінде негізінен адамгершілікті, адалдықты, рухани тазалықты, діндарлықты арқау еткенін байқайды [20, 152 б.; 22, 302 б.]. Ал, Филология ғылымдарының докторы, профессор А.М. Қыраубаева әл-Фараби өлеңдерінен Шығыс даналығын көреді [23, 176 б.].

<sup>17</sup> Әл-Фарабидің ақындық өнері жайлы қараңыз: Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – Б. 432; Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Б. 192; Төреқұлов Н. Ғұлама поэтикасы // Жұлдыз. – № 9, 1975. – 30–32 бб.; Қалиева Ш. Әл-Фараби мұрасының поэтикаға қатысты қырлары // Ақиқат. – № 11, 2010. – 67–71 бб.

<sup>18</sup> Сайф ад-Даула сарайындағы әл-Мутанаббй мен әл-Фарабидің қарым-қатынасы жайлы қараңыз: Дербісәлі, 1995: 15-16 бб.

Фарабитану ғылымында – көрнекті зерттеуші Ә. Дербісәлінің айтуынша – әлі де толық ашылмай, зерттелмей жатқан тұсы – әл-Фарабидің ғылымдағы жолы [2, 20 б.]. Жоғарыда аталған табақат шығармалары негізінде ғалымның өмір баяны біршама жүйеленсе де, оның ғылымдағы жолы, оқыған мектебі, ұстаздары, шәкірттері жайлы деректер тым аз. Мысалы, Әбу Насырдың өмірінен мәлімет беретін барлық авторлар оның Бағдатта ғылымға шындап ден қойғанын жазады. Усайби‘а бір естелігінде: «Бірде екі кісі келіп әл-Фарабиге Аристотельден аударылған бірнеше сөйлемдерді қарап шығуын сұрайды. Келісім берген әл-Фараби әлгі жазылғандарды көз алмай оқып, қызығына кіріп кетеді. Сол қызыққаннан ол шегіне жетіп, шын философ болып шығады» - деп жазады да, әрі қарай әл-Фарабидің Аристотельден қалған «софистика» сөзінің мағынасы мен мақсаты жайлы жазғандарын келтіреді [9, 153-154 бб.]. Ибн ән-Надйім Аристотельдің «Софистика» терминін «Хикма» деп арабша алғаш аударған Ибн Нә‘има екенін және әл-Фараби оған түсіндірме жазды деп көрсетеді. [6, 263 б.] Бұл екі мәліметтің арасында қаншалықты жақындық барын нақты пайымдай алмасақ та, әл-Фарабидің Аристотель еңбегіне қызығушылықты осы «софистика» терминінің арабша мағынасы мен аудармасы түрткі болғанын аңғарамыз. Табақат әдебиеттерінен әл-Фарабидің Бағдат қаласына дейін бірнеше қалаларда беделді ұстаздардың алдын көргенін байқаймыз. Барлық деректерде әл-Фарабидің логика (мантик), фәлсафа («‘илм әл-хикма») үйреткен ұстазы ретінде Иохнә бин Хилән, Ибрәхйім әл-Маруазй [4, 53 б.; 5, 182 б.; 9, 153 б.] көрсетіледі. Тарихшы Ибн Халликән әл-Фарабидің Дамаскіде Әбу Башар Мәттә бин Йүнүстің алқасында отырып, дәріс алған шәкірті ретінде көрсетсе [8, 155 б.], табақат авторлары тек замандасы ретінде көрсетеді [4, 54 б.]. Ортағасырлық табақат араб әдебиеттерінен ғалымға жол көрсеткен төрт ұстазы белгілі: Мерв қаласында Ибрәхйім әл-Маруазй, Харан қаласында Иохнә бин Хилән, Дамаскіде Әбу Башар Мәттә, Бағдатта Әбі Бакр ибн Сирәдж. әл-Фараби Аристотельдің еңбектеріне түсіндірмелерін және шығармаларының басым көпшілігін Бағдатта жазғандықтан да болар, табақат авторлары әл-Фарабидің философ ретінде танылуын осы қаламен байланыстырады.

Аталған жазба жәдігерліктерде әл-Фараби ортағасырлық мәдениет пен ғылымның, мұсылман өркениетінің ірі орталығы болған Бағдатқа нақты қай жылы келгені айтылмайды. Деседе, жанама деректерден,

оның 316/929 ж. дейін көп жыл бұрын сонда болғаны анық. Олай дейтініміз, Ибн Сә'ид, Ибн Халликән мәліметтеріне сенсек әл-Фарабидің араб тілін үйреткен ұстазы Ибн Сирадж<sup>19</sup> 316/929 жылы бұ дүниеден озған. Сондай-ақ, тағы бір ұстазы Иохнā бин Хилāн Бағдатта (Мадйнат ас-Салām) 13 жасында таққа отырып, 25 жыл ел басқарған Халиф ал-Муқтадир (895-932) билік құрған 908-929 жылдар аралығында қайтыс болған. [4, 53 б.] Ал, Абу Башар Мәтгә ұстазы Халиф ар-Ради Билла (907-940) тұсында 323-329/934-940 жж. аралығында қайтыс болады. Шам жеріне дейін әл-Фараби бірнеше қалаларда саяхаттағаны белгілі. Солардың ішінде ғылымның қара шаңырағы - «Бәйт әл-Хикма» орналасқан Бағдаттың ғалым өмірінде ерекше орны болды.

Ортағасырларда «Бәйт әл-Хикмада» Батыс пен Шығыстың айтулы ойшыл хәкімдерінің медицина, астрономия, география, химия, философия, әдебиет, т.б. ғылым салаларындағы шығармаларын араб тіліне аудару ісі қарқынды жүріп жатты. Әбу Джа'фар әл-Мансūr (135-158/752-774) тұсында ірге тасы қаланған Бәйт әл-Хикманың ірі ғылыми орталыққа айналуына Аббасидтар халифы Хārūн Рашйд (170-193/786-808 жж. билік құрды) көп үлес қосты. Халиф сарайындағы қисабсыз көп қолжазбаларды орталыққа өткізіп, ғалымдар мен шәкірттердің еркін қолдануына қол жеткізген үлкен кітапхана жасақтатты. Орталықтың жұмысын жүйелендірді. Одан кейін билікке келген Халиф Ма'мун (198-218/813-833) тұсында «Бәйт әл-Хикма» шарықтау шегіне жетті. Халиф қазынадан арнайы қыруар қаржы бөліріп, жан-жақтан кітаптар алдыртып, араб тіліне жаппай аударды. Аударма ісімен қатар, бірнеше шығармалар мұсылман ілімі мен танымына байланысты қайта жазылып жатты. Антикалық ойшылдар шығармаларын аударуға Иохна бин Масуйа, Ханйн бин Исхāқ, Джабрā'йл бин Ихташўғ сынды грек, еврей ғалымдары мен аудармашылары орталыққа тартылды. «Бәйт әл-Хикмадағы» ғылыми жұмыстар мен ғалымдар кейін Араб Халифатына қараған исламның басқа өлкелері Мысыр, Исфahan, Рей, Азербайжан, Хорасан, Мауреннаһрда да медреселер, кітапханалар, кішігірім ғылыми орталықтар ашылуына ықпалы етті.

<sup>19</sup> Ибн Сирадж деген лақап атымен танылған белгілі грамматик-ғалым, бағдаттық грамматика мектебінің ірі өкілі – Әбу Бакр Мухаммад бин ас-Сирри бин Саһл. Музыка өнеріне де жетік болған. Араб зерттеушілері әл-Фарабидің музыка теориясын осы ұстазынан оқыған болуы мүмкін деп топшылайды. Оның араб тілі грамматикасы бойынша 9 еңбегі бүгінге жеткен, соның ішінде «әл-Усул фи ан-наху» («Грамматика негіздері») деген еңбегі өте мәшһүр. Ғалымның өмірі мен қызметі жайлы қараңыз: قره‌اقل – في اثنا عشر عبطلا. ؤاحلأل رهشأ خير اوا وحنلأ ؤأشن. يواطنلأ دمأ: فتراعلأ راد: 1995. ص. 142

Ибн Усайб‘а Иахйā’ бин ‘Адйдің айтуымен мына бір хикаяны жазады: «Ма‘мүн түс көрдім деді. Түсімде тағымда бір кісі мәжіліс құрып отыр екен деймін, әлгі кісіні қорыққанымнан құрметтеп жүр екенмін. Бұл кісі кім деп сұрап едім, ол- Аристотель деді. Одан бір нәрсе сұраса бола ма дедім де, сұрақтарымды қоя бастадым: «Не жақсы?» деп сұрадым. Ол: «Ақыл не жақсы деп тапса, сол жақсы» деді. «Одан кейін не жақсы?» деп сұрадым. Ол: «Шарифат дұрыс деп білген нәрсе жақсы» деді. Мен: «Одан кейін не?» деп сұрадым. Ол: «Көпшілік не ұнатса, сол жақсы» деді. «Одан соң не жақсы?» деп сұрап едім, «Одан соң болмайды» деп жауап берді. Осы түс менің кітаптар алдыруыма себеп болды деді».

یری امی ف تی ار : نوم امل لاق : یدع نب ییحی لاق : «: عیبی صأ یبأ نب ا ه اور  
هت مظاع تف هیف سلج ای ذل سلج مل یف اسل لاج یس رک یل ع ال ج ر ن ا ک می ان ل  
، عیش ن ع مل أسأ تل قف سیل اط و طسرأ وه یل لی قف ، ن ع تل أس و هت ب ی ا هت و  
، اذام م ث تل قف ، لوق ع ل هت ن س ح ت س ا م : ل ا ق ف ، ن س ح ل ا م : تل قف هت ل أس ف  
تل ق ، ر و ه م ج ل ه ن س ح ت س ا م : ل ا ق ، اذام م ث تل ق ، ع یر ش ل ا هت ن س ح ت س ا م : ل ا ق  
«: ب ت ک ل ا ج ا ر خ ی ف ب ا ب س ا ل د ک و ا ن م ا ن م ل ا ا ذ ه ن ا ک ف . م ث ال م ث : ل ا ق ، اذام م ث

Зерттеушілер Ма‘мүнның Хаджāж бин Матар, Ихйā’ бин Тарйқ есімді елшілерін Римге жіберіп бірнеше келісім-шарт жасасқанын, солайша антикалық ойшылдардың кітаптарын алдыртқанын және сол жайлы Рим императоры Михаил III жазысқан хаттары бүгінге сақталғанын жазады [24, 193 б.]. Сол кездерде Халиф жап-жас Ханйн бин Исхāққа антикалық ойшылдардың еңбегін шама-шарқы жеткенше араб тіліне аударуға бұйырады. Халиф Ма‘мүнның антик философтарына қызыққаны соншалық, Ханйн бин Исхāқ, Хабиш бин Хасан, Сāбит бин Курра сынды аудармашыларға аударған кітабы қанша салмақ тартса, сонша алтын дирхам төлейді [9, 174 б.].

Аббасид Халифатында билік ғылым мен мәдениетке ешқандай қызығушылығы болмаған Хārўн Рашйдтің ұлы әл-Му‘тасим Биллаға (179-227/796-842) тигеннен кейін (218/833 ж.) «Бәйт ал-хикма» жұмысы бәсеңдеп қалады. Ол халифат астанасын Бағдаттан 100 км қашықтықтағы Самра қаласына көшіреді. Әскери өнерге қызығып, Орталық Азиядан түрік жауынгерлерін алдырумен әуестенген әл-Му‘тасим Билла ғылымға қажетті көңіл бөлмейді. Нәтижесінде Бәйт ал-хикмадағы бұрынғы қызу жұмыс айтарлықтай бәсеңдейді. Халиф Мутауаккал Билла (232-247/847-861 жж. билік құрды) мен ұлы әл-Муаффиқ Билла (227-278/842-891 жж. биледі) билік құрған жылдары «Бәйт ал-Хикма» жұмысы біраз жанданғандай болғанмен, халифат сарайының ішкі тұрақсыздығы, қарамағындағы аймақтардағы жергілікті билеушілерінің наразылық толқулары,

қарсылық қозғалыстары ғылыми орталықтың толыққанды жұмыс жасауына кедергі келтіреді. әл-Фараби Бағдатқа Халиф әл-Муктадир Биллах (895-932) билік құрған жылдары (908-929 жж.) келді. Бұл кезде Аббасидтер халифаты бұрынғы күші мен абройынан айырыла бастаған, «Бейт әл-Хикма» жұмысын тоқтатқан тұсы еді.

Ұзақ жылдар бойы жүргізілген антикалық философтардың еңбегін араб тіліне аудару, мұсылмандық көзқараспен қайта өңдеу, түсіндіру ісі «Бейт әл-Хикма» жұмысымен қатар тоқтап қалды. Антикалық ойшылдар шығармаларының грек тілінің синтаксистік құрылымымен аударылған мәтіндері көпшіліктің қолы жете бермейтін, тіпті ғалымдардың өздері жете түсіне бермейтін жағдайда болған. Аудармашылардың көбі араб болмағандықтан, олардың сөзбе-сөз аудармалары түсініксіз болуы, ғылыми терминология мен нақты таным-түсініктерді араб тілді оқырмандарға жеткізе алмауы бұл саладағы істің толық тоқырауына алып келіп еді. Осындай ғылыми дағдарыста, халифаттың ғылымға көк тиын қаржы бөле алмайтын мүшкіл хәлінде әл-Фарабидің жанкешті еңбегі табақат авторларының шығармаларында лайықты бағасын алды. Осыған орай, Ибн әл-‘Ибрий бірнеше ғылымды игерген белгілі ғалым Әбу Райхан Бирунидің мынандай өз аузынан айтылды деген бір естелігін келтіреді: «Мантиқ, метафизика, математика ғылымын оқуға кірістім. Діни ғылымдармен қатар «Мә бағда ат-табйға» (ة دع بطلا ام) кітабын оқыдым. Кітаптың ішіндегісінен еш нәрсе түсінбедім, шатыстым. Кітаптың анық мақсатын түсіну үшін 40 мәрте қайталап оқыдым, жатталып та қалды, бірақ ештеңе түсінбедім. Өкініп, тіпті, іштей бұл кітапты түсінудің жолы жоқ деп түнілдім. Бір күні ақшам уақыты кезінде қағаз дайындайтын, кітап түптейтін шеберханаға бардым. Олар том-том жазбаларды көрсетіп жатты. Ғылымға еш пайдасы жоқ шығар деген оймен олардың ешқайсысын жаратпадым. Біреуі маған: «Мынаны менен сатып алыңыз, арзанға 3 дирхамға берейін, иесі қаржыға мұқтаж еді» - деді. Сатып алдым. Сөйтсем, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ағрәд китәб мә бағда ат-табйғасы». Үйге асыға қайтып келіп, оқи бастадым. Сол уақытта маған түсінбей жүрген кітаптың бар мақсаты мен мазмұны ашылды, кітап жүрегіме қона кетті. Қуанғаным сондай, Құдайға шүкір айтып, пақырларға садақа тараттым. Осылайша, он сегіз жасыма келгенде бұл ғылымды да игердім» [7, 326-327 бб.].

әл-Фарабидің өмірі мен қызметі жазылған табақат жанрындағы шығармаларында анық ашықталған бейнесі – Аристотель, Платон, Сократ, Плутарх, Ксенофан, Андроникус, Птоломей, т.б. антикалық

ойшылдарын араб оқырмандарымен таныстырған ірі философ ғалым ретіндегі бейнесі. Олар Фараби еңбектерін көне дәуір дүниелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік берген бірден-бір шығармалар деп бағалайды. Ғалымның замандасы – Ибн ән-Надйм Фарабиді «Логика ғылымы мен көне философтар ғылымын жетілдірген алғашқылардың бірі» деп таныстыра келіп, Аристотельдің этикалық кітабына, «Категориялар», «Герменевтика», «Екінші Аналитика», «Топика», «Риторика», «Софистика», «Поэтика» секілді еңбектеріне түсіндірме жасағанын жазады. [6, 263 б.] Тағы бір Фарабидің замандасы Ибн Сә’ид (843-930) Логика ғылымын Иухна бин Джиләниден<sup>20</sup> үйренгенін айта келіп, «Логика ғылымында мұсылмандар арасында бір өзі ерекшеленді (مالس ال له أعيمج ذنبف) (اهيف). Ол логиканың қалай зерттеу керектігін көрсетті; түсініксіз тұстарын ашықтап, құпиясын ашты, мазмұнын жақындатты, сөйлем құрлысы дұрыс құрылған, түсінікті қажетті кітаптарды жинақтады, әл-Киндй және басқа да логика ғылымына талдау жазғандардың қаперінен тыс қалған жәйттерге назар аударды... Оның «Ихсә’ әл-‘улұм» («Ғылымдар категориясы») атты ғылымның мақсатын ашықтайтын қастерлі кітабы бар, оған дейін ешкім ондай еңбек жазбады, оның салған жолымен ешкім жүрмеп еді» - деп суреттейді. [4, 53 б.] Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерін аударма шығармалар, аса жарамсыз, пайдасыз деп білген ортағасырлық мұсылман философы Ибн Саб’ин<sup>21</sup> (1217 - 1269): «Ол Ислам философиясын терең түсінген және көне ғылымға өте зерек адам болды, онымен теңдес кейін ешкім болмады» (مهركذاؤ مالس ال افسالف مهفأ لجرلا اذهو) – деп кей тұста Дешті Қыпшақ ғалымның философия ғылымындағы орнын еріксіз мойындайды [25, 169 б.]. Иргелі әрі терең еңбектерімен әл-Фарабидің «Екінші ұстаз» атанғанын алғаш көрсеткен жылнамашы Зәхир ад-дйн әл-Байхақй «Татимма сауян ал-Хикма» еңбегінде: «Ел аузында төрт хәкімнің аты аталады. Оның екеуі Исламға дейінгі хәкімдер, олар Аристотель мен Александр. Ал, екеуі Ислам кезіндегі хәкімдер, олар Әбу Насыр (әл-Фараби) мен Әбу ‘Алй (Ибн Сина)» - деп жазады [26, 14 б.].

<sup>20</sup> Басқа шығармаларда Иохнә бин Хилән деп көрсетілген ұстазы Ибн Сә’ид пен әл-Байхақйде Джиләни деп жансақ жазылған.

<sup>21</sup> Ибн Саб’ин (толық аты - Әбу Мухаммад ‘Абд әл-Хаққ ибн Саб’ин) – араб ойшылы, ислам әлемінің Батысындағы Андалусияның соңғы мұсылман перипатетик философы. Ол Сицилияның билеушісі Фредерик II сұрақтарына жазған философиялық жауаптарымен Еуропада кең танымал болды. Испанияда 1217 ж. дүниеге келіп, Меккеде 1271 ж. дүниеден озған.

эл-Фараби ғылымның түп қазығын философия мен логикадан тарата зерттеуде Аристотель бағытын жалғастырып, Бағдатта эл-Киндй мектебімен қатар жаңа бір философиялық мектеп қалыптастырғанын айтуға болады. Ислам догмасының негізі болған Құран аяттарының мағынасына нақты грамматикалық, синтаксистік құрлысы тұрғысынан (*нақл*), енді бірі танымдық, мазмұндық тұрғысынан (*ақли*) үңілуге шақырған мұсылман *мутаққалим*, *мантиқ* ғалымдарының екі тобын өзара ымыраға келуіне де өзіндік үлесін қосты. эл-Фараби философия мен логиканың грамматика ғылымымен, тіл өнерімен тығыз байланысына ерекше мән беріп, кешенді қарастыру жолын ұсынған алғашқы философтардың бірі болды. Логикадан тарататын поэтика, әдебиет теориясы, тіл білімі салаларына арнап эл-Фараби «Өлең өнері туралы трактат», «Риторика туралы трактат», «Аристотельдің «Риторикасы» түсіндірмесінің үлкен кітабы», «Китāб эл-хурӯф» т.б. бірнеше іргелі еңбектер жазды.

Әрине, ғалымның еңбектеріне бәрі бірдей оң пікір білдіре қойған жоқ. Әсіресе, XIV ғ. бастап сыни пікірлер айтыла бастады, тіпті Аристотель еңбектеріне жазған түсіндірме шығармаларындағы жекелеген ойларына шүйлігіп, эл-Фарабиді Ибн эл-Қайим эл-Джаузй, Ибн әт-Таймимй сынды ортодоксалды ғалымдар арасында оны кәпір деп танығандары да болды<sup>22</sup>. Бұл мәселе тақырыбымыздан тыс болғандықтан оған тоқталмадық.

<sup>22</sup> امامت نيئي باصلا ففسال ف نع ذخا و نارج لخد يبارافلا رصن و با كل ذك و ضعب "ةي نسل" رضان املا - هر يغو دمحا املا ا هركذ اميف اضي ا مهجلا اذخاو , متفسلف عجرت مهج دين اس ا ذهف تايسحلا يوس ام مولعلا من نودحج نيذلا مهو دنهلا ففسال ف املا نيئي باصلا نم املا مه نولاضلا ففسال فلل او نيكرشمل او نيئي باصلا او دوهيلا ىلا نيكرشمل نم (Сондай-ақ, Әбу Наср эл-Фараби Харанға келіп, аспан денелеріне табынатын сабилардың барлық философиясын үйренді, оларға өз кезегінде бұл қараңғылық - Имам Ахмад көрсеткендей – сезімнен жұрдай, ғылымнан бейхабар Үнді философтарын өзара салыстыру кезінде жөйіттер мен сабилар, мүшріктер арқылы келіп еді, адасқан философтар олар – сабилардан немесе мүшіріктерден) қараңыз: Ибн Таймийа, 2003: 22 يبا ي ن ائالا مهمل عم ىلا مهتبون تهتنا ىتح ، لوالا مل عمل ا اذ رثا ىلع تجرد قدحالما نأ دوصقلملا و ةيفرحلا ميلاعتلا مهل عضو لوالا مل عمل ا نأ امك ةي توصولا ميلاعتلا مهل عضو ف يبارافلا رصن كلذ يف غلابو اهذمو وطسرا ففسلف حرشو اطسبو قطنلما ةعانص يف مالكلل يبارافلا عسو مث رخالا مويلاو لسرو مبيتكو متكئال مو ىلاعت مللاب رفكلا يف : هفلس ققيرط ىلع ناكو (Дінсіздік әуелде Бірінші мұғалім (Аристотел) шығармаларынан шығып, артынша екінші мұғалім Әбу Наср эл-Фараби еңбектерінде ұласты. Бірінші мұғалім негізін салған ілімді эл-Фараби Калам, Мантиқ (логика) ғылымына енгізіп кеңітті, алдыңғылардың Аллаға, періштелеріне, кітаптары мен пайғамбарларына, Ақирет күніне күпірлік қылған ізімен Аристотел философиясын түсіндіріп, жүйеледі) қараңыз: Ибн Қайим, 1975: 260



## Қорытынды

Ғалымның бейнесі қазақ оқырмандарына негізінен әдеби шығармалар арқылы таныс. Әсіресе, жазушы І. Есенберлиннің «Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби» атты поэмасы, жазушы Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы, Д. Досжановтың «Фараби» повесі (1967 ж.), драматург Ш. Құсайыновтың «Әбу Насыр әл-Фараби» пьесасы (1972 ж.), Ж. Қыдыровтың «Фараби тригонометриясында» (1972 ж.) шебер сомдалған бейнесі қазақ оқырмандарына кеңінен танылды. Мақаламызда ғалымның табақат тарихи-биографиялық шығармалардағы бейнесін көркем шындыққа айналдырып, шығармашылық қиялмен Фараби бейнесін әлі де сомдай түсер жас өрен табылар деген ниетпен, А. Машани, А. Қасымжанов, Ә. Дербісәлі салған сүрлеумен араб ортағасырлық әдебиетіндегі Әбу Насыр бейнесін қал-қадірімізше беруге тырыстық.

Араб жылнамашылары әл-Фарабидің өмірін тек ғылыммен, шығармашылығымен байланыстырып қана баяндайды. Қай ғылымға қызыққаны, кімнен қайда оқығаны, не жазғаны, қалай жазғаны, ғылымдағы орны мәселелеріне баса назар аударады. Жоғарыда жазғанымыздай, табақат жанрындағы араб әдебиеттерінің критерилері мен тақырыбына сай, онда әл-Фарабидің шежіресі, тегі, отбасылық жағдайы, мансаптары мен тұрмыстық, отбасылық жағдайы сөз арасында айтылмаса, арнайы көтерілмейді, тіпті мән берілмеген десе болады. Табақат шығармаларында оның отбасы құрмағанын жазса да Әбу Насыр, яғни Насырдың әкесі деген лақап атты қалайша алды деген сұрақтың басы ашық қалады.

Әл-Фараби бейнесін қарастыру кезінде назарымызға іліккен табақат жанрындағы әдебиеттерде мынадай ерекшеліктер барын айтуға болады:

1) Табақат жанрындағы әдебиеттерде сенімді дерек болмаса, күмәнді естеліктер, тақырыптан тыс мәліметтер жазылмайды. Бұл алдыңғы және кейінгі ғасырлардағы табақат әдебиеттерідің бәрінде бірдей қатаң сақталған тәртіп болған.

2) әл-Қифті тарихшы болса да, шығармасы табақат жанрында жазылғандықтан әріптестері Ибн Халликән, әл-Байһақй, Ибн Хауқал, Ибн Саб'ин, Ибн әл-'Ибрий секілді естеліктерге бой алдырмаған.

3) Табақат жанрындағы әдебиеттер тілі өте ықшам, эмоциялық сөздерге орын берілмейді. Әдеби әсірелеп суреттеу, асыра мақтау не кемсіту сияқты діни, тарихи-әдеби шығармалардағы жиі орын алатын агиографиялық мотивтерге де мүлдем орын берілмейді. Ұстамды бір стилде әуелі есімін толық таныстырады, туған жылы

мен жерін көрсетеді (егер сенімді дерегі болса) де, бірден ғылыми еңбектері мен қызметін баяндайды. Ғылымға сіңірген еңбегін және соған байланысты ағартушылық қызметін, ғалым ретіндегі жеке қасиеттері мен ерекшеліктерін көрсетіп, соңында шығармалары тізімімен тамамдайды.

4) Табақат авторлары алдыңғы авторлар кітабын қолданса да, ондағы мәтінді сөзбе сөз қайталамауға тырысқан. Әр қайсысы өз көзқарасымен, өз заманының оқырмандары сұранысына қарай ықшамдап, не кеңірек ашықтап, сенімді мәліметтермен толықтырып беруге тырысқан. Алдыңғы табақат жанрындағы әдебиеттерде (Мыс. Ибн Ән-Надйме) әл-Фарабиге қатысты мәліметтер сарандау болып келсе, кейінгі әдебиеттерде (әсіресе, Ибн Әби Усайби‘ада) молырақ, кеңірек қамтылғаны анық көрінеді. Естелік берсе, айтушыны міндетті түрде көрсетеді. Ал, жылнамашылар оның нәсілін, тегін, туған қаласын, ұстаздары мен араласқан ортасын нақтылай түскен. Бұл үрдістен әл-Фарабиге деген қызығушылықтың ғасырлар өткен сайын артқанын және оның жеке басына қатысты мәліметтерге деген сұраныстың көбейгенін байқауға болады.

5) Табақ әдебиеттерінің мәліметтері сенімді дерек ретінде кейінгі тарихшылар мен жылнамашылар еңбектерінде кең қолданылған.

Қорыта келгенде, табақат жанрында орын алған Әбу Насыр әл-Фараби бейнесі шығыстық ағартушылар, ғалымдар мен қайраткерлер арасында орныққан немесе ислам интеллигенциясына қатысты қолдан жасалған бейне ғана емес, халық жадында сақталған шын қаһарманның, «Кәміл адам» адамның бейнесі деп ұғындық. «Екінші мұғалім», «Шығыс Афлатоны», «Хикмет ғылымының атасы», «Данышпан ғалым», «Түркі ғұламасы» сынды бейнелері өзі өмір сүрген ғасырдан бастап қалыптасып, неше ғасыр өтседе, қанша заман, қоғам ауысса да, еш сызат, қара дақ түспеген бейне болып қала берген. Әр мерейтойы әлемдік деңгейде дәріптелген алып тұлғаның бейнесі болашақта да кіршікіз сақталатыны анық.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Муқаддимат Ибн Салāх уа Махāсйн ал-истилāхат. / Баспаға өзiр., редак.: ‘Аи’ша бинт ‘Абд ар-Рахмāн. – Каир: «Дār ал-ма’āриф», 1990. – Б. 952.
2. Дербiсәлi Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). – Алматы: «Рауан», 1995. – 241 б.
3. Бартольд В.В. Мусульманский мир // Сочинении. – Т. VI. – М.: «Наука», 1966.

4. Абу ал-Қасим бин Ахмад бин Сә'ид ал-Андалүсй. Кітаб табақат ал-умам / Баспаға әзір., редак., түсін. жазған: ал-Аб Луйс Шайхұ ал-Иасу'й. – Бейрут: «ал-Матба'а ал-Кәтүлікйә», 1912. – Б. 388
5. әл-Қифтй, Жамәл ад-дйн Аби ал-Хасан 'Алй бин ал-Қадй Иүсүф. Кітаб ихбәр ал-'уламә' би-ахбәр ал-хукамә' / Баспаға әзір., редак.: Мухаммад Амйн ал-Хә'йджи ал-Катабй. 1-басылым. – Каир: «ал-Матба'а ал-ма'аша», 1326/1908. – 307 б.
6. Ибн ән-Надим, Абу әл-Фарадж Мухаммад бин Исхәқ бин Мухаммад Уаррәқ әл-Бағдәдй. Әл-Фихрист / Баспа. әзірлеген: Ибрәхйм Рамадән. – Бейрут: Дәр ал-ма'рафат, 1417/1997. Кітаптың ғаламтордағы сандық нұсқасы: [https://www.alarabimag.com/read/13601\\_تسرىرغفل.html](https://www.alarabimag.com/read/13601_تسرىرغفل.html). Қаралды: 11.04.2020
7. әл-Ибрй, Абу ал-Фарадж бин Харұн ат-Табйб әл-Малтй. Та'рйх мухтасар ад-дүал. / Редак.: ал-Аб Антуан Сәлихәнй ал-Иасу'й. – Ливан: «Дәр ар-рә'ид ал-лубнәннй», 1403/1994. – Б. 633
8. Ибн Халликән, Ахмад бин Мухаммад бин Ибрәхйм ал-Бармакй. «Уафйәт әл-а'йән уа анбә' аз-замән» / Бастырушы редак.: Ихсән 'Аббәс. – Т. 5. 1-басылым. – Бейрут: «Дәр Сәдир», 1414/1994. – Б. 432
9. Ибн Әби Усайби'а. «'Уйүн ал-анбә' фй ат-Табақат ал-атиббә'» / Бастыр. редак.: 'Амрү ал-Қайс бин ат-Тәххан. – Т. 2. 1-басылым. – Каир: «Матба'а ал-уахабиә», 1299/1882. – Б. 403
10. Мухаммад Халаф Махмүд. Дирәсәт фй тә'рйх биләд мә уарә' ан-нахр ал-исләмиә мунзу ал-фатх ал-исләми хатта қарн ар-рәби' ал-хиджрй. – Александрия: Дәр ат-та'лйм ал-джәми'й, 2020. – Б. 272
11. Géographie d'Aboulféda; texte arabe publié d'après les manuscrits de Paris et de Leyde par M. Reinaud et M. le Baron Mac Guckin de Slane. – Paris: Impr. royale, 1840. – P. 539.
12. Волин Семен Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине р. Талас и смежных районах // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Труды Института истории, археологии и этнографии. – Т. 8. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1960. – 72–93 сс.
13. История Казахской ССР. С древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. – Т. I. Первобытно-общинный строй. Племенные союзы и раннефеодальные государства на территории Казахстана. / Гл. ред. колл.: гл.ред. А.Н. Нусупбеков, Г.Ф. Дахшлейгер, А.Х.Маргулан, С.К. Кенесбаев и др. – Алма-Ата: «Наука», 1977. – С.479
14. әл-Идрйсй, Мухаммад бин Мухаммад бин 'Абд Алла. «Нузхат фй ихтирәқ ал-әфәқ. 1- басылым. – Бейрут: «'Аләм ал-кутуб», 1409/1989
15. Худүд әл-'әлам мин ал-маширйқ илә ал-мағриб / Баспаға әзір., парсы тіл. араб тіліне аударған Иүсүф ал-Хәдй. – Каир: «Дәр ас-сақәфйә лин-нашр», 1417/1997. – Б. 256. Кітаптың ғаламтордағы сандық нұсқасы: [https://books.rafed.net/view.php?type=c\\_fbook&b\\_id=2458&page=74](https://books.rafed.net/view.php?type=c_fbook&b_id=2458&page=74) Қаралды: 07.04.2020
16. Annales quos scripsit Abu Djafar Mohammad ibn Djarir at-Tabari / cum allis edidit M.J. de Goeje (Michael Jan). - Ser. III. – Leiden: E.J. Brill, 1879
17. De la Vaissière, Étienne. Samarcande et Samarra: Élités d'Asie centrale dans l'empire abbasside (Cahiers de Studia Iranica, 35). – Louvain: Peeters Press, 2007. – P. 310
18. Aḥmad ibn Abī al-Ya'qūbī. «Kitāb al-a'lāk an-nafisa VII», auctore Abū Alī Aḥmed ibn Omar Ibn Rosteh et «Kitāb al-boldān», auctore Aḥmad ibn Abī ibn Ya'qūb Wādhīh al-Kātib al-Ya'qūbī. Edit. 2a. – Leiden: E. J. Brill, 1892. – P. 373
19. Асадов Ф.М. Арабские источники о тюрках в раннее средневековье. – Баку: Элм, 1993. – С. 204
20. Зака' Мардугүни. әл-Фанн 'инда ал-Фәрәбй. – Дамаск: Дәр сафахәт лил-дирәсәт уа ән-нашр, 2012. – Б. 192
21. Машанов Ақжан. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Б. 192

22. Мұхаммад Бәкір 'Илу'ан. «Ши'р ал-Ф'ар'аб'и» // «ал-Ф'ар'аб'и уа ал-Хад'ара ал-инс'ан'иа» («эл-Фараби және адамзат өркениеті») Бағдат қаласында 10-13 қараша 1975 ж. өткен халықаралық конференция материалдарының жинағы. – Бағдат: Мәдениет және ақпарат министрлігі, 1975. – 301–306 бб.
23. Қыраубаева Алма. Ежелгі әдебиет: 5 томдық шығармалар жинағы. / Томды баспаға әзірл.: Г. Асқарова, Н. Мәтбек. – Т. 2. – Алматы: Өнер, 2008. – Б. 216
24. Осман 'Адб ал-'Азйз С'алих ал-Мухаммад'и. Ал-Исх'ам'ат ал-хад'ар'иа ли-'улам'ә' ахли аз-зимма фй таншйт Байт ал-Хикма ал-Бағд'ад'и // Маджалла Дж'ами'а ал-Анб'ар лил-'ул'ум ал-инс'ан'иа. №2, 2010. (189-198)
25. Мухаммад Хим'ам. Дир'ас'ә фй ал-'ал'ақ'ат байна ал-'ул'ум: тад'ахул ал-ма'әриф уа них'ай'а ат-тахассус фй ал-фикр ал-исл'ам'и ал-'араб'и. – Бейрут: Марказ нам'ә' лил-бух'ус, 2017. – Б. 293
26. Ахмад Шамс ад-дин. әл-Ф'ар'аб'и: Хай'атуху, ас'аруху, фалсафатуху. – Бейрут: Д'ар әл-кутуб әл-'илм'иа, 1411/1990. – Б. 208.
27. Жолдасбаев С.Ж. Однослойные поселения среднего течения Сырдарьи (X-XV вв.) // Средневековые города Южного Казахстана. – Алма-Ата: Изд. КазГУ, 1986. – 88–100 сс.

**Дінмұхамед Абдраханов**

*Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі  
«Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін  
кітаптар музейінің ғылыми қызметкері  
(Алматы, Қазақстан)*

## **ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЖАДЫНЫ САҚТАУДАҒЫ МУЗЕЙЛЕРДІҢ РӨЛІ**

**Аңдатпа.** Мақала Ұлы жеңістің 75 жылдығына арналады және Ұлы Отан соғысы кезеңінің «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейі қорындағы 1944 жылы қазақ тілінде араб графикасында Ташкент Бірінші баспаханасында жарық көрген Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қырғызстан және Қазақстан дін басыларының аталмыш мемлекеттерде өмір сүріп жатқан мұсылман халықтарына жасаған үндеуінің талдауы мен Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының (САДУМ) қысқаша құрылу тарихымен таныстыруды мақсат тұтады.

**Түйін сөздер:** *Ұлы Отан соғысы, Ұлы жеңіс, Кеңес одағы, үндеу, Орта Азия және Қазақстан діни басқармасы (САДУМ)*

**Динмұхамед Абдраханов**

## **РОЛЬ МУЗЕЕВ В СОХРАНЕНИИ ПАМЯТИ О ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ**

**Аннотация.** Статья посвящена 75 летию Победы в Великой Отечественной войне и является кратким дискурсом по истории Духовного управления мусульман Средней Азии и Казахстана (САДУМ) с анализом обращения духовных лидеров пяти Средне Азиатских Республик СССР, призывающих мусульман к единству перед врагами в лице нацистской Германии и его союзников. Изданное в 1944 году на казахском языке в арабской графике Обращение в данный момент хранится в фонде Музея редких книг РГП «Ғылым ордасы».

*Ключевые слова: Великая Отечественная Война, день Победы, Советский Союз, Обращение, Духовное управление мусульман Средней Азии и Казахстана (САДУМ).*

**Dinmukhamed Abdrakhanov**  
**THE ROLE OF MUSEUMS IN PRESERVING THE MEMORY OF THE GREAT PATRIOTIC WAR**

**Abstract.** The article is dedicated to the 75th anniversary of Victory in the Great Patriotic War and is a short discourse on the history of the Spiritual Directorate of Muslims of Central Asia and Kazakhstan (SADUM) with an analysis of the appeal of the spiritual leaders of the five Central Asian Republics of the USSR calling on Muslims for unity in front of enemies represented by Nazi Germany and its allies. Published in 1944 in the Kazakh language in Arabic script, the appeal is currently kept in the fund of the Museum of Rare Books of the RSE “Gylym Ordasy”.

**Key words:** *Great Patriotic War, Victory Day, Soviet Union, Appeal, Spiritual Administration of Muslims of Central Asia and Kazakhstan (SADUM).*

Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадыны сақтаудағы музейлердің рөлі ерекше. Себебі, музей – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды және тағы да басқа маңызды мұраларды сақтап, жинақтап, ғылымтанымдық қызмет атқаратын мекеме. Музей ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді [1]. Ұлы Отан соғысы – екінші дүние жүзілік соғыстың құрамдас және шешуші бөлігі ретінде мәңгілік тарихқа енген 1941-1945 жылдардағы Кеңес одағының фашистік Германияға қарсы соғысы. 72 мемлекеттің қатысуымен және шамамен 62 миллион адамның қаза табуымен ерекшеленген екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең қасіретті және ауыр кезеңдердің бірі болып мәңгі есте қалды. Ал Ұлы Отан соғысында Кеңес одағының жеңіске жетуіне қазақ халқының тікелей тигізген еңбегі де орасан зор.


Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадыны сақтаудағы музейлердің рөлін «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінің мысалында алып қарайтын болсақ, мамыр айынан

бастап Ұлы жеңістің мерейтойларына арнап кітап көрмелері ұйымдастырылып отырады. Кітап көрмелері тікелей Ұлы Отан соғысына және екінші дүниежүзілік соғысқа байланысты әдебиеттерден, құжаттық деректерден және көрнекілік құралдардан тұрып, белгілі бір тақырыптық жүйеде қалыптасады. Көрмелер бірнеше мақсатты көздейді. Сол мақсаттардың біріншісі: көрмеге келуші Қазақстан және алыс-жақын мемлекеттердің азаматтарына бұл алапат соғысты, соғыстың салдарын естеріне сала отырып, болашақта мұндай оқиғаның болуына кедергі болу, достастық пен бауырмалдылыққа шақыру болып табылады. Ал екінші мақсат Ұлы Отан соғысында, екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес одағының құрамында шайқасқан қазақстандық азаматтардың ерлігін, жалпы Қазақстанның бұл соғыста ұлы жеңіске жетуге қосқан үлесін дәріптей отырып, соғыс қаһармандары Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, генерал Иван Васильевич Панфилов, Қасым Қайсенов сынды ата бабаларымыздың ерлігі мен естеліктерінің көмегімен болашақ ұрпақты отансүйгіштік, патриоттық сезім, қайсарлық пен табандылыққа шақырып, адалдыққа баулу болып табылады.

Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстар да ерекше назарды қажет етеді. Музейлерде ғылыми зерттеу жұмыстары музей экспонаттарының негізінде жүргізіледі.

Музейлердің негізгі мақсаттарының бірі тарихи – жадыны сақтау және ғылыми-танымдық қызмет атқаруды іске асыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тығыз байланысты. 2020 жылы Ұлы жеңістің 75 жылдығы қарсаңында «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінің қорындағы Ұлы Отан соғысы кезеңіне қатысты кітаптар мен құжаттардың зерттелуі жалғасуда.

Музей қорындағы Ұлы Отан соғысы кезеңінің жәдігерлері арасында алғаш рет 1943 жылы 15-20 қазан айларында Ташкентте Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының (САДУМ) құрылу салтанатына байланысты ұйымдастырылған құрылтайда қабылданған, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қырғызстан және Қазақстан мұсылмандарына



арналған үндеуінің 1944 жылы Ташкент бірінші баспаханасында қазақ тілінде, араб графикасында басылып шыққан нұсқасы сақталуда.

Ұлы Отан соғысының бастапқы ең ауыр, әрі қасіретті 2 жылы (1941-1942 жж.) Кеңес одағы қоғамында елеулі өзгерістердің орнауына себеп болды. Ұлы Отан соғысының бірінші күндерінен бастап Совет одағының басшылығы болашақ жеңістің басты факторы ретінде – халық тұтастығы мен халық бірлігін негізгі мақсаты ретінде қабылдап, мемлекеттік, тілдік, діни айырмашылықтарға қарамастан қоғамды біріктіру жұмыстарын жүзеге асыра бастады. Бұл Кеңес одағының уақытша да болса діни саясатына өзгеріс енгізуге себеп болып, қоғамы құндылықтарда өзгеріс байқала бастағандығын көрсетеді. Кеңес қоғамындағы әскери атеизм діни төзімділікпен алмасты.

Осы бір кезеңдер Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының (САДУМ) құрылуына септігін тигізді. 1943 жылдың шілде айында Орта Азия мұсылмандарының көшбасшысы, белді діни қайраткер Ишан Бабахан Абдулмажидхан Мәскеуде И.В.Сталинмен кездескен болатын. Осы кездесу кезінде алғаш рет ислам дін негіздерін үйрететін, діни әдебиеттерді шығаруды қадағалайтын, діни істер мен дәстүрлерді қадағалайтын, діншіл азаматтарды заңға бағынушылық пен патриоттық қасиеттер негізінде тәрбиелеуді көздейтін Діни орталық құру туралы сұрақтар көтерілген болатын. САДУМ құрылуы салтанатына орай ұйымдастырылған құрылтай кезінде қабылданған діни басқармасының Жарғысында жоғарыда аталған пункттер іс-қимылға жетекшілік ретінде көрсетілді [2, 43-44 б.].


Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (САДУМ) – Кеңес одағы құрамындағы Орта Азиялық бес мемлекеттің (Өзбекістан, Тәжікстан, Түркменстан, Қырғызтан, Қазақстан) мұсылмандарының ресми ұйымы. 1943 жылы құрылған басқарма 50 жыл қызмет атқарып, Кеңес одағы ыдырағаннан соң жоғарыда аталған мемлекеттер өздерінің жеке тәуелсіз Діни басқармаларын ұйымдастырды.

Үндеуге қайта оралар болсақ, үндеу «Жеңімпаз әрі кеңпейіл Ислам азаматтары мұсылман және мұслима бауырларымызға!» [3, 3б.] деген сөйлемнен басталып, Фатиха сүресінен соң «Бас мүфти Ишан Бабахан Абдулмажидхан әзіреттерінің басшылығыменен 1943 жылдың октябрь 15-20-да Ташкент қаласында болып өткен Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қырғызстан және Қазақстан



мұсылмандарының дін басылары, ғұламалар һәм діндар мұсылман өкілдерінің ұлы тойына жиналған біздер бүкіл мүмин уә мұсылман дін бауырларымызға төмендегі насихат пен үндеу қылуды өзіміздің мұсылманшылық, адамшылық борышымыз деп білеміз! [3, 3б.] – деген сөздермен жалғасады.

Жалпы 12 беттен тұратын үндеуде фашистік Германия және оның одақтастары тарапынан жасалынып жатқан зұлымдықтары, Кеңес одағының әрбір жерінде жүріп жатқан соғыс қимылдарының сипаты және Орталық Азияда және Кеңес одағы құрамындағы басқа да мұсылман халықтарының жерлерінде сақтаулы Ислам мәдениеті ескерткіштерінің жойылып кету алдында тұрғанын ескертіп, жауға қарсы бірігіп қарсы тұруға шақырады.



Неміс басқыншыларының қатыгез қимылы мен алғашқы 3 жылдың сипаты және шабуыл жасаспау туралы келісімді бұзғандығы үндеуде келесі абзацтарда көрсетілген: «Құрметті мұсылман бауырлар! Гитлерші зальымдардың басқыншылығы себебінен осы күнге шейін адамзат тарихында болып көрмеген ұлы қан майдан ашылып жалпы жер жүзін соғыс оты қоршағалы міне үш жыл толуға айналды. Қарғыс атқан қан ішкіш Гитлер һәм оның жемтікестері барлық Еуропаны қан менен көз жасқа толтырып мың-мыңдаған түк жазықсыз адамдардың

ажалсыз өліміне себеп болды. Гитлер өкіметі Советтер Союзы менен жасасқан келісімді бұзып, күн бұрын ескертусіз мемлекетімізге шабуыл жасады. Отанымыздың еркек, әйелдерімізді құл, балаларымызды жетім қылу мақсаты менен шаңырағымызды түсіріп, ошағымызды өшіріп, үйлерімізді бұзықтық жайларына айналдырып, адамшылық құқығымызды аяқ асты қып, дінімізді қорламақ, уә бау бақшаларымызды бұзып, отанымыздың тас-талқанын шығаруға жармасты» [3, 4б.].

Ал Кеңес одағының түрлі аймақтарындағы соғыс қимылдарының сипаты үндеуде Қырым мен Солтүстік Кавказдағы майдандардан болған оқиғалардан және Краснодар аймағында неміс әскері қарапайым халыққа қарсы тұншықтырғыш газ қолданғандығы

туралы келесі жолдарда жазылған: «Неміс һәм румын қарақшылары уақытында Қырымды басып алып, біздің бұл гүлге бөленген өлкемізді шапты. Ондағы Қырым мұсылмандарының ұлт азаттығын жойып, олардың діні һәм тұрмыс-салт-ғұрып-әдеттеріне көз көрмеген, құлақ естімеген масқаралықтар жасады. Бұрынғы газилер менен мүжтахидтердің ордасы болған Солтүстік Кавказда Гитлершілер адам түршігерлік айуандықтар істеді: барлық қалықты талан-таражға ұшыратып, қала һәм ауылдағы үйлерді оққа ұстап күйдіріп жіберді. Мың-мыңдаған еркек-әйелдерді құлдыққа байлап әкетті. Краснодар қаласында, Краснодар өлкесінде неміс қолбасшыларының бұйрығы менен мың-мыңдаған адамдар олардың ішінде аурулар, шалдар, қатын-балалар тұншықтырғыш газ менен булықтырылып өлтірілді» [3, 4б.].

Бүкіл Орта Азия мұсылмандары үшін ортақ, мәдени-тарихи маңызы бар кешендер мен орталықтардың неміс басқыншылары тарапынан туындаған қауіпін келесі жолдардан аңғара аламыз: «Неміс қарақшыларының мақсаты – біздің ұлы халқымыздың қолы менен қазылған канал-жармаларда жерімізді гүлдендіретін мөлдір суы ақпай, жетім-жесірдің қаны менен көз жасы ақсын дегендік болар, қасиеттілік тұрғысынан, Құсам ибн Аббас (سابع نبا ماسوق – Мұхаммед пайғамбардың (С.Ф.С.) бауыры және жақын сахабаларының бірі, Орта Азияда ислам дінінің алғашқы уағыздаушылардың бірі)\*, Қожас Ахрар Рахматуллаалиа (راح اجوق) – Қожас Ахрар, Убайдуллаһ Насираддин әл-Ахрар Махмуд аш-Шаши (1404, Ташкент өңірі – 1490, сонда) – діни, саяси қайраткер, әулие-ишан)\* әулиелердің жасаған, ижат қылған жаңа мазар шарифтері мақтаулы Самарқандты жер жүзінен жоқ қылмақ болған. Шахмарданда (Ферғана облысындағы елді мекен)\* пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (С.Ф.С.) әзіреттерінің күйеу баласы мұхатарам (مرتحم – құрметті)\* жахрияр (راي راهچ – төрт дос)\* ағзамнан халифа әзіреті Әли Карам Алла уә жаһанның мақбурет (قربقم – зират)\* шарифесі жатқан Ферғананы хараб (بارخ – қиранды)\* хәліне келтірмек, Қожас Бахауддин Нақшбанд (دن بشقن ني دلاء اجوق) – 1318-1389 жж., нақшбандия тариқатының негізін салушы, сопылық дістүрдің ірі өкілі)\*, Сеид Амир Құлал (لالك ري مادي) – қайтыс болған жылы 1370, ханафи мазхабының галымы, муршид (دشرم - ұстаз)\*, шейх әл-алам (الاعلا خيش) – әлем шейхі) Бохарзи (يزرخ ابلا ني دلاء فيس) – Сайф ад-Дин Бохарзи, 1190-1261 жж., Хорасанның Бохарз елді мекенінде дүниеге келген сопы, ақын, дінтанушы)\* әзірет аға Бузрук әулиелердің жайы болған

Бұқараны отқа тұтпақ, Қожжа Ахмет Яссауи (يوسى دمحا اجوق – Қожжа Ахмет Яссауи, 1103-1166 жж., ұлы ақын, философ, сопылық мәдениет өкілі)\*, Әбу Убайда ибн әл-Жараһ (حارجال نبادي عوباب, толық есімі Әбу Убайда Амир ибн Абдлаллах әл-Қураши, 583-638 жж., өмір сүрген қолбасшы, саяси қайраткер Мұхаммед (С.Ғ.С.) пайғамбардың жақын сахабаларының бірі)\*, Қожжа Тураб (اجوق للاقمحر يزاع اجوق)\*, Қожжа Ғази Рахматуллаалиалардың (للاقمحر يزاع اجوق)\* мазар шәрифтері жатқан Түркістанды ойран қылмақ, пайғамбарымыздың үзеңгі серігі әзірет Ұққаш (يشاقوق), Имам Әбубәкір Мұхаммед Қафал Шаши (I – толық есімі Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Әли әш-Шаши, 904-975 жж. Аралығында өмір сүрген Әзреті Имам атымен танылған атақты ислам ғалымы, шафии мазхабаның құқықтанушысы, лингвист)\*, Шайхантахур (روهطنواخ خيش), шейх Ховенди ат-Тахур XIII ғасырда өмір сүрген сопылық бағыт өкілі)\*, шейх Зайнаддин Ата (اتانيدلانينز), Шейх Зәйн ад-Дин Ата – 1214 жылы Бағдатта дүниеі келіп артыниша өмірінің көп бөлігін Ташкентте өткізген сопылық бағыт өкілі)\* және басқа әулие мен мәшейхтардың (خيشام - шейхтар)\* мазар шарифтерін жатқан Ташкентті күлін көкке ұшырмақты тілейді. Олардың қиялы – біздің мемлекетіміздің ұшан теңіз байлығын, бітпес қазынасын Германияға көшіріп алып кету, мектептерімізді зындан, мәдени ағарту орындарын – бұзықтық үйлеріне, қасиетті мешіттерімізді, әулие мен мәшейхтарымыздың (خيشام - шейхтар)\* мазар шәрифтерін, тәбарәк және зират жайларымызды аластап ифләс (سالف - банкрот)\* фасиқ (فسف - әдепсіз)\* әрі фасад (داسف - жемқорлық)\* орындарына айналдыру еді» [3, 5-6 б.].

Сонымен қатар үндеуде қасиетті Құран сүрелері мен Мұхаммед (С.Ғ.С.) пайғамбар хадистерінен үзінділер келтіре отырып түрлі оқиғалар түсініктемесі жүргізілген.

Мысалы, Гитлер мемлекетінің шабуыл жасаспау туралы келісімді бұзып, КСРО-ға соғыс ашуын сынауы үндеуде Құран Кәрімдегі Тәубә сүресінің 12 аятымен түсіндіріледі: «نَم مَدَنَامِي أ أوتكَن نأو» «مَدَعَل مَدَل نَامِي أ آل مَدَن. رَفَكَل أَمِي أ أولتاقف مكن يد يف أُون عَطو مَدَدَع دَعَب ن وَهتني». Яғни «сізбен жасасқан бітім уә шартнамаларын бұзған, дініңізге оқталған опасыз жауларыңыз менен соғысыңыз, олардың қолбасшыларының көзін жойыңыз. Соның арқасында опасыз әрі айдалы дұшпандарыңыз өздерінің зиянды жұмысын тоқтатар» дейді». [3, 6 б.] Ал Отанды сую: «ناميالانم نطولابح» яғни «Отанды сую иманды болудың белгісі» деген сөз» [3, 7 б.] хадисімен көрсетілген. Бақара сүресінің 190-191 аятынан мысал келтіріп: «لي بس يف أولتاقو»

«مُهَوِّلْتَقِ اَوْ»؛ «نَنْ يَدْتَعْمَلَا بَحْيُ اَل لَّهْلَا نَا اَوْدَتَعَت اَلْوُ مَكْنُوْلَتَا قُبِي نَا يَدْلَا لَهْلَا اَلْوُ لِنْتَقِ اَلَا نَم دَشَا اُتْنَتَفَلَاو مَكُوْجِرْحَا تُشِيْح نَم مَهْوْجِرْحَاو مَهْوْمْتَفَقْت تُشِيْح مَهْوْلْتَقِ اَف مَكُوْلْتَقِ اَف نَا ف مَكُوْلْتَقِ اَف يَتَح مَارْحَل اِدْجَس مَلَا دَنْ ع مَهْوْلْتَقِ اَت «نَنْ يَرْفَاكَلَا اَزْج كَلْ ذِكْ» (Бақара сүресі 190-191 аяттар, 190 аят – «Өздеріңмен соғысқандармен Алла жолында соғысыңдар да шектен шықпаңдар. Негізінен Алла (Т.) шектен шығушыларды жақсы көрмейді», 191 аят – «Оларды қайдан тапсаңдар да өлтіріңдер. Өздері, сендерді (Меккеден) шығарғандай оларды шығарыңдар. Бұзақылық, кісі өлтіруден қиын. Месжіт Харамның жанында олар сендермен соғыспайынша, ол жерде олармен соғыспаңдар. Егер олар сендерді өлтірсе, сендер де оларды өлтіріңдер. Кәпірлердің жазасы осылай»)\*. Яғни «Алысқан менен алысыңыз, бірақ, соғысты өзіңіз бастамаңыз, өйткені, тәңірі әділсіз залымдарды сүймейді. Қай жерде кездессе, сол жерде олардың көзін жоғалтыңдар. Сізді айдап шыққан жерден оларды-да қуыңдар. Фитна (فتنة - азғындық)\* өлімнен күшті» – дейді» [3, 8 б.] жауға қарсы күреске шақырады. Сонымен қоса майдан шептерін ерлікпен көзге түсіп, марапатталған әрі танымалдық алған мұсылман өкілдері туралы келесі абзацтардан көре аламыз: «Ұлы отан соғысы майдандарында біздің ұлдарымыз, бауырларымыз ерліктің тамаша үлгілерін көрсетуде. Түркістан мұсылмандарының адал ұлдары менен қыздары – Советтер Союзының батырлары Қошқар Тұрдиев, Зибіхан Ғаниева, Айдоғды Тахирұлы, Анна Халиж Атаұлы, Мәнишүк Мәмедқызы, Мәлік Абдуллин, Таш Мамит Жұмабайұлы, Дайыр Хасанұлы, Хамза Әлиұлы, уә басқа соларға тең жүздеген, мыңдаған ерлер қаһарман қызыл әскер қатарында басқа бұратана халықтар менен бірге залым жаумен алысып жатқан қаһармандарды кім білмейді?» [3, 8 б.]. Үндеудің соңғы беттері майдандағы мұсылман өкілдерін берік әрі мықты болуға шақырып, соңғы қасық қаны қалғанша күресуге шақыратын патриоттық сөздермен және жеңістің тағы бір кепілі тылдағы еңбекші халыққа жолдаған сөздерден тұрады. Майданға көмекші ретінде тер төгіп жүрген азаматтарға дін басылары Әнфәл сүресінің 60 аяты арқылы және пайғамбар Мұхаммед (С.Ғ.С.) хадисі арқылы жолдау арнайды. Әнфәл сүресі келесі маңынаны қамтыса: «طَائِبِر نَمَوْ قُوْقِ نَم مَبْتَعَطْتَسَا اَم مَهْلَا اُوْدِعَاو»؛ «مُهْمَلْعِي لَهْلَا اْمَهْوْمَلْعَت اَل مَهْنُوْد نَم نِيْرْحَاو مَكُوْدَعُو لَهْلَا اُوْدَعُو هِب نَوْبَهْرْت لِيْ خَلَا «وَنَوْمَلْظَت اَل مَبْتَاو مَكْيَلَا قَوِي لَهْلَا لِيْبَس يَفْ عَيْش نَم اُوْقِفْنَتَاو» (Әнфәл сүресі 60 аят – «Сендер де шамаларың келгенше әр түрлі күш әрі ат байлаумен әзірлік көріңдер. (Сондай-ақ заманауи техникалық құралдар дайындаңдар.) Алланың дұшпанын, өз дұшпаңдарыңды

тағы олардан өзге дұшпандарды қорқытасыңдар. Оларды сендер білмейсіңдер, Алла біледі. Ал Алла жолында ненәрсе жұмсасаңдар, сендерге толық төленеді. Әділсіздік көрмейсіңдер»)\*. Яғни «Жауды жеңу үшін барлық күштерің менен соғыс қатарларыңның арқасын неғұрлым мықты ұстаңдар. Соғыс үшін керек болған қару-жарақ, оқ, атты әскер дайындаңдар. Осындай шаралар менен құдайдың және өздеріңнің дұшпандарыңды бітіріңдер. Сіз білмеген жауларыңызды бір тәңірі өзі біледі. Осылай еткенде ғана дұшпанды жеңіп оның бетін қайтара аласыз. Құдай жолына берген жәрдем жасасаңыз артығы менен өзіңізге қайта тартылар, әділсіздік істелмес» [3, 9-10 б.] Мұхаммед (С.Ғ.С.)пайғамбар хадисі «*ف اي زاغ زه ج ن م د*» «ازغ دق ف ري خ ب له ا ي ف اي زاغ فل خ ن م و ازغ دق ف لله ل ي بس», яғни, «Жауға қарсы аттанған жауыңгерге құрал менен жәрдемдесу, соғысқа өзі қатынасу менен бірдей. Майданға кеткен ерлердің орнын басып, солардың жұмыстарын орындап жүрген еркек-әйелдердің де еңбегі – ұрысқа қатынасушылардың ерлігі менен бірдей бағаланады» [3, 9-10б.] мағынасынан тұрады.

Үндеудің соңғы бетінде үндеу қабылданған құрылтай басқармаларының аты жөні тізіммен берілген. Тізім төмендегі ретпен:

1. Құрылтай ұйымдастыру комиссиясының төрағасы:  
Бабахан Ишан бин Әбдәлмәжидхан
2. Уфа қаласының Діни орталығы басшысы:  
Муфти Әбд әл-Рахман Расули
3. Қырғызстан мұсылмандары өкілі:  
Имам Әлімжан Төре Шәкір Хожаев
4. Қазақстан мұсылмандары өкілі:  
Хадж әл-Харамейн саналатын – Әбд әл-Ғафар Шәмсәддин
5. Мәскеу қаласының имамаы, Діни орталық мүшесі болып табылатын:  
Халил әр-Рахман Насраддинов.
6. Тәжікістанда Хадим ад-дин (خ داخ ن ي دل ا – дін қызметкері)\*:  
Молда Салих Бабакаланов
7. Ташкент қаласында халифа және ұстаз:  
Марадходжа Салих Ходжаев
8. Түркіменстанда Хадим ад-дин (خ داخ ن ي دل ا – дін қызметкері)\*:  
Кене Ишан Қадыркұл Ишанұлы
9. Күн батыс Қазақстанда саналатын: Лұқман Тұрсынов
10. Қырғызстан мұсылмандары өкілі: Камал Шабданов

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қайназарова А.Е. «Музейное дело в Казахстане». – Алматы, 1979 г.
2. Усманходжаев А. Жизнь муфтиев Бабахановых: служение возрождению Ислама в Советском Союзе. – Н.Новгород, 2008 г. –стр. 43-44.
3. «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейі қоры. «Бүтін Советтер Союзындағы барлық мұсылмандарға үндеу». – Ташкент, 1944 ж. араб графикасында. (жұлдызша белгісімен берілген анықтамалар үндеуде жоқ, аудару барысында толықтырылған анықтамалар).

---

ҒТАХР  
11.15.51,  
11.15.81

**Қуаныш Абдигалимов**

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің  
Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы  
кафедрасының магистранты  
(Павлодар, Қазақстан)*

## **ПАВЛОДАР УЕЗДІК АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ**

**Андатпа:** Мақала ХХ ғасыр басында Павлодар уезінен шыққан Алаш қайраткерлерінің өмірі мен еңбегіне арналған. Кереку өңірі қазақ зияларының көптеп шыққан жерлердің бірі. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, ғылымына теңдесіз еңбегі сіңген қайраткер тұлғалар осы өлкеден түлеп ұшты. Олардың баршасының Алаш идеясына тікелей әрі жанама қатысы бар. Мақалада осы тұлғалардың өмірімен қатар Павлодар уезіндегі тарихи жағдайлары да сараланады.

**Түйін сөздер:** *Алашорда, автономия, революция, Кеңес үкіметі, коммунизм, ұлттық бостандық.*

---

**Қуаныш Абдигалимов**

## **ДУХОВНОЕ-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ АЛАШСКИХ ДЕЯТЕЛЕЙ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Аннотация:** Данная статья посвящена жизни и творчеству Алашских деятелей Павлодарской области в начале ХХ века. Керекуский район является одним из мест зарождения казахской интеллигенции. В первой половине прошлого века из этого региона бежали люди, имевшие несравненные заслуги в казахской литературе, культуре и науке. Все они прямо и косвенно связаны с идеей Алаша. Наряду с жизнью этих людей в статье анализируется историческая ситуация в Павлодарской области.

**Ключевые слова:** *Алашорда, автономия, революция, Советское правительство, коммунизм, национальная свобода.*

**Kuanysh Abdigalimov**  
**SPIRITUAL AND CULTURAL HERITAGE OF ALASH**  
**WORKERS OF THE PAVLODAR REGION**

**Annotation:** The article is dedicated to the life and work of Alash doers from Pavlodar district in the early of the XX century. Kereku region is one of the places, where many Kazakh intellectuals came from. In the first part of the last century, people who had incomparable merits in Kazakh literature, culture and science left from this region. All of them are directly and indirectly related to the idea of Alash. The article analyzes the lives of these people and the historical situation in Pavlodar district.

**Key words:** *Alashorda, autonomy, revolution, Soviet government, communism, national freedom.*

### **Кіріспе**

Тақырыпты зерттеуде ең бірінші алдыға қойып баса назар аударатын мәселелеріміз – жиырмасыншы ғасырдың басындағы Кереку өңіріндегі саяси және әлеуметтік жағдайлардың рухани дамуға әсері. Өткен ғасырдың бірінші жартысында қазақ ұлтының өмір сүру мәселесі тікелей күн тәртібіне қойылғаны белгілі. Тарих ұлтқа тағы бір сынақ артты. Алаш қайраткері Міржақып Дулатов «Бүгінде қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп жазды.

Осы жағдайға байланысты Алашорда зиялылары өздерінің шығармашылық әрі зерттеу еңбектерінде тікелей ұлттың мәселесін алға тартты. Жазба әдебиетті кәсіби түрде дамыта отырып, ғылымның әр саласында тер төгіп еңбек етті. Әсіресе ұлттық сананы ояту жолында тарих және өзге де гуманитарлық ғылымдарды терең қаузады. Бұл кез отаршылдықтың да тым тереңдеген кезі болатын. Осы уақытта ұлттың оқығандары мен көзі ашық жанашырлары Алаш идеясының айналасына топтасты. Өзге елдерде техникалық революция орнап, атом бомбасын ашудың алдында тұрса да жартылай көшпенді қалыпта өмір сүріп жатқан ұлтты аман алып қалудың жалғыз жолы осы екендігіне Әлихан Бөкейханов бастаған зиялылар шоғыры сенімді болды. Әрі бұл әділетті жол болатын. Алашорда Үкіметі 1917 жылы екі рет өткен жалпықазақ съезі барысында құрылды. Артынша әр түрлі өлкелерде Алашорда кеңестері, қазақ комитеттері құрыла бастады. Бұл саяси бағыттағы жұмыс болса, рухани-мәдени бағыттағы жұмыс та бұл кезде зиялылар тарапынан



---

қарқынды жүрді. Бұл кездегі ғылым мен әдебиеттің дамуы заманға сай өзіндік тақырыптары мен ерекшеліктері болғаны да сөзсіз.

Қазақ және тұтас Қазақстан тарихындағы құбылыс болған Алашорда үкіметінің Павлодар уезіндегі сипатын саралау, керекулік зиялылар шоғырының Алаш идеясына сіңірген еңбегін ғылыми бағалау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Қазақстан тарихында ерекше орны бар бірақ тарихта есімі көп атала бермейтін тұлғалар өміріне жіті тоқталуды да міндетке алдым. Мемлекет қайраткері, саясаткер әрі ақын Қабыш Исаұлы Бердалиннің өмірі мен саяси қызметін ғылыми тұрғыда зерделеу Алашорданың Павлодар уездік тарихын зерттеуде айналып өте алмайтын тақырыптардың бірі.

### Әдістеме

Сонымен, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанның барлық жерінде қоғамдық және саяси партиялар пайда болды. Олардың әрқайсысы ұлттық тәуелсіздікті, саяси бостандықты, қазақ даласының аумақтық тұтастығын қолдады. Бұл ұрандар Алаш қозғалысының алғашқы ұстанымдары болды, қазақ зиялылары бостандық, теңдік мәселесін бірден алға қойды [1].

1917 жылы қазақ зиялыларының өкілдері, көрнекті ғалымдар, ақындар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамбетов, Халел Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов және басқалар, сондай-ақ қазақ зиялылары бастаған бүкіл Қазақстан бойынша ұлт-азаттық қозғалыс күшейе түсті. Бұл қозғалысқа Павлодар уезінен шыққан зиялылар барынша ат салысты. Солардың бірі, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Қабыш Исаұлы Бердалин. Ол 1868 жылы дүниеге келген. Қабыштың халық арасында беделі аса зор болған. 1917 жылғы төңкерістерден соң Қабыш «Алаш» идеясын қолдап, сол жолда өмірін сарп етті. Орынбордағы екінші жалпықазақ съезіне Павлодар уезінен Ахметолла Барлыбаев екеуі қатысты. Алаш автономиясының Павлодар уездік кеңесіні құрып, төрағалыққа сайланған. Павлодар уезінде алаш әскерін құрып, үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізген. Қабыш Исаұлы ақындығымен де ел арасына танылған. Оның «Иманқұл досына арналған өлең», «Шүкірлік», «Ғабдылманап інісін жоқтауы», «Кәмпескеге арналған өлеңі», «Адасқанда» поэмасы халыққа белгілі. Әйгілі ақын, композитор Естай Беркімбайұлымен өте жақын, дос-жар болған.

Алашордадағы қызметі үшін Қабыш Бердалин қуғын көріп, мал-

мүлкі тәркіленді. Отбасы Ақтөбе облысына жер аударылып, өзі уақытша Омбы жерінде бой тасалап, лақап атпен біраз жыл өмір сүрген. 1935 жылы Ресейдің Кемер облысына жер аударылып, сол жақта дүниеден өтті. Қабыш Бердалин жайлы Павлодар облыстық Мемлекеттік мұрағатында қысқаша ғана дерек кездескенімен, көбі ел арасына ауызша тараған әңгімелер.

Қазақ ұлтының алғашқы зиялылар шоғырының белді өкілі, ақын, ағартушы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәдуақас Шорманов. Ол әйгілі Мұса Шорманұлының үлкен ұлы. 19 ғасырдың аяғында Мұса Шорманов 15 жыл Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болды. Оның күш-жігерінің арқасында облыста алғашқы мектептер ашылды. Бұл оның ағартушылық қызметі «Баянауыл құбылысының» негізі болды, өйткені бұл аймақ республикамызға ғалымдар мен белгілі өнер өкілдерінің галереясын берді. Мұса Шорманов өз қаражаты есебінен Баянауылда медресе мен мешіт салып, Омбы мен Павлодарда қазақ балаларына арналған орыс мектептерін ашуды қолдады.

Ағарту идеяларын оның ұлы Сәдуақас Шорманов жалғастырды. Екі жасынан бастап атасы Шорман бидің тәрбиесін алған. Ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашқан. Атасы мұғалім жалдап, жас Сәдуақасты орысшаға үйрететеді. Осындай жастайынан алған жан-жақты білімінің арқасында Томск университетіне түскен. Алайда денсаулығына байланысты оқуды тастап елге оралған.

Ол сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайларға ерте жастан араласып, өзінің ұстанымын анық білдірді. Ата жолын жалғап, Шоң, Шорман билерден бері келе жатқан халықты оқыту ісін белсенді түрде жалғастырды. 1903 жылы Павлодар ауданындағы алғашқы орыс-қазақ мектебі Аккелін ауылында ашылды. Дәл осы жерде болашақ Қазақстан ғылым академиясының негізін қалаушы Қаныш Сәтпаев оқыған. Бұл мектепті Сәдуақас Шорманов салған.

Сол кездегі мерзімді басылымдарда оның тарихы, этнографиясы, мәдениеті, экономикасы және қазақ халқының білімі туралы мақалалары үнемі жарияланып тұратын. Ол «Қазақ» газетінде жарияланған әкімшілік, сот жүйелеріндегі, би соттарындағы реформалар мен өзгерістер туралы тиісті материалдарды жазды. Әсіресе, оның мақалалары «Дала уәлаяты» газетінде жиі жарияланып тұрды. Оның әр шығармасында халықтың болашағы туралы ойлар жазылады. «Айқап» газетінде Сәдуақас Мұсаұлы алдыңғы қатарлы елдердің үлгісімен далаға жаңа өмір салтын енгізу керектігі туралы мақалалар жариялады. «Айқап» журналындағы «Баянауыл

---

жайынан» мақаласында былай деп жазды: «Қазақтың қимайтыны көкорай шалғын, тұнық су еді. Енді олар түсінде көрмесе, өңінде көру мерзімі озған. Жасаған бау-бақшаны көруге жазсын. Тарих кітаптарына көз салынса көрінбейді, жұрт өспек, жер тарылмақ, қыстақ салмақ, сонан соң қала Шәһар болмақ. Бізге де осы құдайдың бұйрығына бойсұнып, көшпенділікті тастап, отырықшы болу мезгілі жеткен жоқ па?!». Заманының озық тұлғасы сол уақыттағы көптеген істердің басы-қасында болды. Әдебиет саласына да еңбегін сіңіріп, көптеген өлең-толғаулар жазған. Әрқашан өркениетті ойларды насихаттап, ел ішіндегі ескілікпен күресті. 1914 жылы июнь айында Петербургте өткен мұсылмандар съезіне қатысып, әйелдерді қалың малға сату мәселесіне қарсы тұрып, әйел теңдігі, әйел құқығы мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген. Яғни, осы уақытқа дейін «Қазақ әйелдері кеңес одағының арқасында ғана теңдікке қолы жетті» деген сөздің жалған екендігіне осының өзі дәлел болса керек. Ақын ретінде ол артына 1907 жылы жарыққа шыққан «Аушы» жинағын қалдырды. Адами қасиеттер, табиғат сырлары ақын Сәдуақас Шормановтың ақындық тақырыптары болды. Зерттеушілер оның өлеңдеріне Абай поэзияның ықпалы байқалатындығын айтады. Өз заманының әдебиеттанушылары тарапынан да үлкен ықпалға ие болған. Әдебиеттанушы, мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасов бір мақалсында былай дейді: «Мағжан Жұмабаевтан кейін, хал-қадірінше қазақ ақындарының арасынан мәселен, Сәбит Дөнентаевты, Омар Қарашевті, Шәкәрімді, Сұлтанмахмұт Торайғыровты, Ахмет Мәметовті, Сәкен Сейфуллинді, Сәдуақас Шормановты және Бекет Өтетілеуовті айтуға болады». Ақынның «Махаббат», «Ақ баян құсманы біз қолдайық», «Мінәжат» тағы басқа көлемді толғаулары ел ішін кең тараған. Ол қазақтың әдеби жәдігерлерін жинақтаушы да болды. Көптеген қазақ ақындарының өлеңдерін баспаға даярлап, жарыққа шығару ісімен айналысқан [2].

Едіге Қайырбековтың мәліметі бойынша Сәдуақас сонымен қатар «Ардақ» әнінің авторы, оның музыкасын халық әншісі-жазушы Жарылғапберді Жұмабаев жазған. Өкінішке орай, қазіргі уақытта бұл ән халық әні ретінде ұсынылуда. Сондай-ақ көрнекті дала ақындарының баға жетпес әдеби мұраларын жинақтап, өлеңдерінің жинақтарын шығарды. Ризашыл ұрпақ үшін ол қазақ әдебиетінің жүздеген алтын парағын сақтап қалды. Сәдуақас Шорманов өткізген жазбаларды ғалым Қайым Мұхаметханов тапқан: «1897 жылы октябрь айында баспаға даярлаған қолжазба жинақтың көлемі 163 бет. Қолжазбада қазақ ақындарының 3260 жол өлеңі және 178 мақал-

мәтелдер бар. Жоғарыда айтылғанның ішінде Абайдың 17 өлеңі бар. Қолжазба жинақ 1884-1891 жылдар арасында жазылған. Бұл үлкен қолжазбаны Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов 1897 жылы Петербургке барған сапарында Петербург университетінің профессоры, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуші П.И.Мелиоранскийге тапсырған екен». С.Шорманов саяхатшы, географ, этнограф Григорий Потанинмен достық қарым-қатынаста болды, мұны оның хаттары растайды.

Сәдуақас Шорманов қазақтың көрнекті ғалым-ағартушысы Шоқан Уәлихановтың немере нағашысы болатын. Дара ойлы Мұса Шорманов жас Шоқанға үлкен ықпалын тигізген. Олар тек туыстықпен ғана емес, сонымен бірге рухани жақындықпен де байланысты болды. Сәдуақас Шорманов 1927 жылы қайтыс болды, Шормановтар отбасының зиратында жерленді. Алаш қайраткері, журналист, жазушы, әдебиет сыншысы, тілші ғалым Қошмұхамбет Кемеңгерұлы 1896 жылы Ақмола облысына қарасты Омбы уезі, Қаржас ауылында дүниеге келген. Қошмұхамбеттің шыққан тегі Баянауыл өңірінен. Әкесі Дүйсебай қажы Баянауыл топырағында туған. Атасы Кемеңгердің зираты осы күні Сарытау баурайында орналасқан.

Қошмұхамбет замандастарына Қошке атымен танылды. Білім мен білікке ұмтылып, ағартушылық жолда аянбай еңбек еткен Қошке Кемеңгерұлы 1915 жылдан бастап ұлт әдебиетіне, тарихына, драматургиясына, журналистикасына, ғылымына айрықша үлес қосты. Осы уақыт аралығында ол өз қатарластарымен бірге отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күреске қатысты [3]. Оның сан-салалы ізденіске толы ұлтты дамыту жолындағы қызметін өткен ғасырдың отызыншы жылдарында басталған Кеңес үкіметінің репрессия науқаны үзді. Қайраткердің халыққа тез танылуына себеп болған 1915 жылы «Айқапта» шыққан өлеңдері мен «Бірлік» ұйымындағы қызметі және «Балапан» атты алғашқы ұлттық қолжазба журналын шығаруы еді. Оның шығармашылық жолы «Жазғытұры», «Бақ іздеген», «Солған гүл» өлеңдері мен Пушкиннің «Пайғамбар», Никитиннің «Сәскелік көлдің жағасында» өлеңдерін аударумен басталды.

Қошке Кемеңгерұлы Орта Азия мемлекеттік университетінің жұмысшылар факультетінде, даярлық бөлімінде қазақ тілінен дәріс оқып, Түркістан әскери училищесінде де сабақ берген. Университетте екі жыл қызмет жасағаннан кейін біржола ғылымға ден қойып, түркітану мәселелеріне назар аудара бастады. Орта Азия мемлекеттік университеті, Шығыстану факультеті,

---

Түркология кафедрасының аспирантурасына оқуға түседі. «Қазақ тілінің аглютинативті ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық диссертация тақырыбын бекітіп, ғылыми жұмыспен тыңғылықты айналысуды көздейді. Лингвист ғалым ретінде Қошке Кемеңгерұлын Ахмет Байтұрсынұлының тікелей ізбасары ретінде бағалауға болады. Бұдан бөлек, ғалым қазақ жастарына қажетті «Химия» оқулығын аударады. Құнды еңбек 1930 жылы Қызылорда қаласынан жарық көрді. Қошке Кемеңгерұлы алғаш рет Қазақ тарихының оқулығын жазған. Бұл еңбегін 1921 жылдары бастап, 1924 жылы Мәскеуде аяқтап, сонда жарық көрген. Содан кейінгі еңбегі «Бұрынғы езілген ұлттар» деп аталады. Патша өкіметі тұсындағы қаналған 36 ұлттың тарихы мен тағдырына шолу жасаған.

1935 жылы тұтқыннан босап, Омбының Шарбақкөл аудандық ауруханасында дәрігер болып қызмет істеді. 1937 жылы 7 тамызда қайта ұсталып, 21 қарашада Омбы қаласында атылды. Саяси қуғын-сүргін құрбаны Қошмұхамбет Кемеңгерұлы 1957 жылдың 17 тамызында ресми ақталды. 1995 жылдан бері Қошкенің мұрасы бірнеше дүркін кітап болып шықты. 2004–2006 жылдары «Алаш» баспасы қайраткердің үш томдық шығармалар жинағын жариялады.

Қазақ халқының көрнекті жазушысы, драматург, публицист, ақын, «Алаш» қозғалысының белді мүшесі – Жүсіпбек Аймауытов Баянауыл ауданы, Қызылтау болысының бірінші ауылында 1889 жылы дүниеге келген. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам тербей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді.

1919 жылдан бастап Семейде, Павлодарда қызмет атқарды. Бұдан кейін Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы сияқты әр түрлі қоғамдық, саяси қызметтерді істеп жүрді. Бұның барлығы жаңа заманның қалыбын орнату жолындағы, ел іргесін қалау ниетіндегі тынымсыз еңбектердің бірі болатын. Аласапыранға толы уақытта ғұмыр кешкен алаштың аяулы арысы қандай жағдай болмасын, қазақ ұлтының алдындағы парызын адал атқарды. Еңсесі түсіп, замана көшінен кеш қалған жұртына ғылым шырағын жағуға ұмтылды.

Қысқа ғана ғұмыр кешсе де, артына ғылым мен әдебиетте аса бай мұра қалдырды. Ол У.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, Л.Н. Толстой шығармаларымен қоса, бірқатар ғылыми еңбектерді де қазақ тіліне аударды. Педагогика, психология, әдебиет, эстетика, сын саласына араласты. Қазақ әдебиетінде реалистік роман принциптерін, таза көркем проза тәсілдерін алғаш меңгерген жазушы Жүсіпбек Аймауытов болатын. «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің

жазығы», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, – күрделі таланттың қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалар.

Жүсіпбек Аймауытов – өз дәуірінің келелі мәселелерін көтерген көптеген мәнді мақалалардың авторы. Кезінде «Абай» журналында, басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларында ол аласапыран өзгерістер заманының шындығын насихаттауға ұмтылды. Сонымен бірге, әдебиет төңірегіндегі мәселелерді қозғап, бірқатар әдеби-сын мақалалар жазды. Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туған мұралардың қай қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист суреткерлігінің, жалтақсыз ұлтжандылығының жарқын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге, оның ақ қарасын парактауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының дұрыстығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршендігіне кепіл болмақ.

«Алаш» қозғалысының көрнекті өкілі, ағартушы, ұстаз, әйгілі жерлесіміз – Әбікей Сәтбаев еді. Ірі педагог, бірнеше оқу орындарының басшысы, «Алаш» қозғалысының көрнекті өкілі – бұл Әбікей Сәтбаев өмірінің негізгі кезеңдері. Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Теңдік ауылы маңында, Айрық елді мекенінде дүниеге келген. Атасы Сәтбай айналасына беделді, сөз ұстаған, дана ақсақалдардың бірі болды. Әкесі Зейін отбасындағы төртінші бала. Көзі ашық, оқыған азамат болу үшін Әбікейге ерте жастан білім бере бастайды. 1905 жылы Әбікей Омбыдағы мұғалімдер семинариясын аяқтап, Баянауылдағы қазақ-орыс мектебінде сабақ береді.

Сол кезден-ақ Әбікей ынталы, зерделі балаларға білім беру мақсатына нықтап бекіді. Отыз жасында Павлодардағы қазақ-орыс училищесінде Әбікей Сәтбаев орыс тілі мен әдебиеті, тарих, география сияқты пәндерден сабақ бере бастайды. Бір жыл өткен соң бұл училищеге өзі басшылық етіп, 7 жыл сол лауазымда қызмет етті. Қазақстандағы ең алғаш ашылған қазақ педтехникумының тұңғыш директоры болды.

1917 жылы Әбікей Семей облыстық Земство әкімшілігінің мектеп бөліміне басшылық етуге тағайындалады. Бұдан кейін де Әбікей Зейінұлы қызмет еткен басшылық лауазымдар көп болды. Замандастарының айтуынша, Баянауылдың танымал мұғалімі өмір бойы өзінің күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жаңа мектептің жаңаша түрленуіне арнады. Оның басшылығымен ауылдар мен

---

аудандарда сауатсыздықты жою бойынша іс-шаралар жүргізілді. Мысалға, 25-ші жылы орта мектептің оқушыларының күшімен бір жылдың ішінде 3,5 мыңнан астам ауыл ұлдары мен қыздарына сауаттылық үйретті.

Әбікей Зейінұлы өмір сүрген уақыт төңкеріс, азаматтық соғыс, бірінші дүниежүзілік соғыс, репрессия, аштық, жаппай қыру сияқты дүрбелеңдерге толы болды. Қазақ даласының оқығандары мен зиялылары халықты бұл тығырықтан алып шығатан жолды көп іздеді. Ауыл шаруашылығындағы, экономикадағы құлдырауды қалай тоқтатамыз? Қазақ ұлтының әлсіздігімен қалай күресу керек? Көптеген адамдар бұл сұраққа жауап беруге тырысты. Осы сәттен бастап оның саяси және бір мезгілде қазіргі үкіметпен белсенді оппозициялық әрекеті басталады. Әбікей Сәтбаев ірі ағартушы, ғалым, публицист, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі Ахмет Байтұрсынұлымен тығыз қарым-қатынаста болды. Екеуінің бірге түскен фотолары да сақталған. 1916 жылы Ахмет Байтұрсынов және оның тобы әртүрлі саладағы қоғам қайраткерлеріне халықтың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресте қоғамдық-саяси жұмысты күшейтуге шақырды. Әбікей Зейінұлының әлеуметтік-саяси қызметінің кешенді қырларын сипаттайтын тағы бір тармақ Шурай Ислам ұйымының тарихымен байланысты. Бұл ұйым Түркістан автономиясын қолдау мақсатында 1917-1918 жылдары Ташкенттегі интеллигенция өкілдері тарапынан құрылған. Сол 17-ші жылы Орынбордағы Бүкілқазақстандық съезі Қазақстан аймақтарынан делегат ретінде 8 адамды Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Шурай исламға қатысуға сайлады. Семей облысы өкілдерінің тізіміне Әбікей Сәтпаев да кірді. Онымен бірге өзге де ірі тарихи қайраткерлер бұл ұйымға тіркелген еді. Семей Земство үкіметінің жұмысы туралы мәліметтерде Әбікей Сәтбаевпен оның замандастарының еңбегі туралы деректер сақталған [4].

Ол құжаттардың бірінде олардың адам құқығы мен бостандығы жолында тегеурінді күрес жүргізгендігі айтылады. Бұған Орынборда 1929 жылы жарияланған «Алаш-Орда» жинағында аудандық кеңестің бір қызметкерінің жарияланған жеке ісі дәлел бола алады. Әлихан Бөкейхановтың Семейге келуіне де Әбікей мұрындық болған. Сонымен қатар Жүсіпбек, 20 жастағы Қаныш, жалпы қазақтың мықтыларын Семейге жинаған.

Тарихта Әбікей Сәтпаев қатысқан көптеген саяси және наразылық оқиғалар болды. Басылымдардағы, қоғамдағы қарсылық ойлары үшін НКВД тарапынан қысымға ұшырады. Себептер қарапайым

және қарабайыр болды - ол Алаш қозғалысымен тығыз байланыста жұмыс істейтін, жақсы отбасынан шыққан, сонымен қатар беделді мұғалім. Сәтбаевтың шексіз қудалауына байланысты, оның бүкіл отбасымен бірге Қазақстаннан кетіп, Қырғызстанға, Фрунзе қаласына қоныс аударуына тура келді, бірақ бұл да көмектескен жоқ.

Ол жерде Әбікей Зейінұлы педагогикалық институтта сабақ берді. Шәкірт дайындап, ғалымдардың қатарын толықтыруға талпынумен жүрген. Ұстаз шәкіртімен мақтанады демекші, қазақтың есімін әлемге танытқан 3 ғұлама Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев және Әлкей Марғұлан да Әбікейдің алдын көрген. Әбікей Сәтбаевтың толағай еңбегі жайында сол кездегі партия қызметкері *Абдолла Асылбеков деп жазады: «...Семей қаласында мұғалімдер даярлайтын оқу орны бар. Мұнда жүзге жуық қазақ балалары оқып жатыр. Оның жетекшісі Ә.Сәтбаев жолдастың тыңғылықты еңбегі және сүйіспеншілікпен атқарып жатқан жұмыстарының арқасында бұл мекемені Қазақ Республикасындағы ең озық оқу орны деп есептеуге әбден болады»*. Жары Кәмила ірі ағартушының өмірдегі тірегі бола білді. Жалпы Әбікей Сәтбаевтың жеке өмірі сәттілікке толы болды. Артында кейін үлкен азаматтар болып өскен бес баласы қалды.

Үлкен қызы Сәтбаева Райхан Әбікейқызы кейін атақты дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері болды. Оның жұбайы Қазақстан ғылым академиясының алғашқы академигі, техника ғылымдарының докторы Әбікен Бектұров. Әбікейдің екінші қызы Раушан да дәрігер мамандығын таңдаған. Әпкесі сияқты, ол да медициналық және ғылыми қызметтерінде де үлкен жетістіктерге жетті. Оның күйеуі әйгілі қазақ ғалымы, археолог және шығыстанушы Әлкей Марғұлан еді. Алайда Әбікей Сәтбаев өз шәкірттері мен балаларының жетістіктерін көре алмады. 37-ші жыл, қанды жыл ағартушы үшін соңғы жыл болды. Мұғалім мен «Алашордашыларды» қудалау жалғасты. Бұл қанды қуғын нәтижесі тарихтан белгілі.

Әбікей Сәтбаев тұтқындалып, сынақсыз, мыңдаған басқа террорлық саясаттың құрбандары сияқты атылып кете барды. Бүгінгі күнге дейін жерленген жері әлі белгісіз. Жазықсыз, әділетсіз, қайғылы жағдайда білім беру ісінің үздігі, қазақ интеллигенциясының ең жарқын өкілдерінің бірі, ұлағатты ұстаз, ұлы ағартушы осылайша қайтыс болды.



## Нәтиже

Алаш ұлттық идеясын қалың бұқараның санасына енгізу үшін қазақ халқын біріктіретін жергілікті органдар құру қажет болды. Бұл органдар 1917 жылдың наурыз-сәуірінен бастап барлық облыстарда, уездерде, болыстар мен ауылдарда қазақ зиялыларының бастамасымен және жетекшілігімен құрылған қазақ комитеттері болды. Олардың басты міндеті - қазақ халқы арасында идеологиялық, үгіт-насихат, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, қазақ съездерін дайындау және өткізу. Баянауылдық Сұлтанмахмұт Торайғыров өзге де Павлодар уезінің өкілдерімен бірге Семей облыстық қазақ комитеті төралқасының мүшесі болды.

Қазақ комитеттерінің 1917 жылы наурыз-сәуір айларында пайда болғанын мына фактілер куәландырады: 1917 жылғы 27 сәуір – 7 мамыр аралығында өткен Семей облысының бірінші қазақ құрылтайында Павлодар уезінің Қазақ комитетінің төрағасы О. Күзембаев құттықтау сөзін сөйледі. Сол съезде Семей облыстық қазақ комитетінің төрағасы павлодарлық М.Боштаев болды, төрағалыққа кандидат баянауылдық Жүсіпбек Аймауытов сияқты өзге де жастар сөз сөйледі.

Семей облыстық қазақ комитетінің жанынан баспа құрылып, «Сарыарқа» газетін шығарып тұрды. Баспаға «теңдік» серіктестігі қаржылық қолдау көрсетті. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қошке Кемеңгеров, Жүсіпбек Аймауытов сияқты Павлодар уезінен шыққан зиялылар шоғыры «Сарыарқа» газетінің тұрақты авторлары болды.

